

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

9/2012 ҚЫРКҮЙЕК

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Токболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ.	Көркемдік әлемдегі архетиптер.....3
Көкейкесті көзқарас	
Жібек ТЕМІРҒАЛИЕВА.	Қағаммен жұмыс жүргізудің тиімділігі.....20
Әйгерім НҰРМАҒАМБЕТОВА.	Тәуелсіздік және тіл.....26
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Сағыныш БЕГАЛИНА.	Дауыссыз дыбыстар.....31
Динара ҚАПАРОВА.	Кезектес салалас құрмалас сөйлем.....34
Қымбат ОСАТОВА.	Жалаң және жайылма сөйлем.....41
Нүрсәуле БАРИТОВА.	Болымды және болымсыз етістіктер.....45
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Сая ДӘУЛЕТҚЫЗЫ.	Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы.....48

Ақжонас САҒЫНҒАЛИҚЫЗЫ.	Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік».....	56
Майгүл РАХМЕТ.	«Қансонарда бүркітші шығады аңға».....	61
Айна АЛТЫБАЙҚЫЗЫ.	Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесі.....	65
Зоя МАТАН.	Сәкен Жүнісов. «Ақырғы бәйге».....	69
Патима ӘЛІМБЕКОВА.	Махамбет Өтемісұлы. «Тарланым».....	73

Оқулыққа қосымша

Қуандық АБДРАЗАҚОВ.	Сыр сүлейі – Бұдабай.....	80
Марат БЕКБОСЫНОВ.	Махамбет поэзиясының бастау бұлақтары мен әдеби-көркемдік даму жолы.....	84
Алмагүл ТАКИШЕВА.	«Қартқожа» романын сұрау-тапсырмалар арқылы меңгерту.....	97

Оқу ордасы: игілікті іс-шара

Жанар ТОҚТАРБАЙҚЫЗЫ.	«Жанам деген жүрекке от береміз...».....	103
	Балауса жүректер сырлары.....	107

Сыныптан тыс тәлім

Гүлшара ӘБСЕМЕТОВА.	Сөз зергері.....	110
Клара САПАРҒАЛИЕВА.	Жырымен жас ұрпақты тербеткен.....	115

Өнер алды – қызыл тіл

Жұмабақыт ТОЛЫШҚЫЗЫ.	Қоңырау дауысы.....	120
----------------------	---------------------	-----

Жас маманға жәрдем

Күлия ДҮЙСЕНОВА.	Күлтегін жырлары.....	127
Фатима МҮСТАФИНА.	Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесі.....	128
Саят БОЛАТҚЫЗЫ.	Қазақ тілінің сөздік құрамы.....	131

Тіл тазалығының айнасы – көркем шығарма

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ.	Көріксіз ойдан көркем тіл тумайды.....	133
--------------------	--	-----

Өмірмен өзектес өнер

Марден ҚҰСАЙЫНОВ.	Ками, жапондық анимацияның түркі-алтай фольклорымен байланысының белгісі.....	139
-------------------	--	-----

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа

Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас

Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова,

Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек,

Нұргелді Уәлиұлы.

КӨРКЕМДІК ӘЛЕМДЕГІ АРХЕТИПТЕР

Әлемдегі кез келген жаратылыстың, өмірдегі барлық заттардың, болмыстың, тіпті, жаңа ғана туындаған, табиғат құпиясын ашқан зор ғылыми жаңалықтың да ең алғашқы ататипі бар. Демек, архетип – бүкіл дүниенің, біздің бәріміздің және тыныс-тіршілігіміздің әу бастағы атасы. Бұл аса күрделі де құнды саланың сыр-сипатын толық танып-білмей жарық дүниеге саналы көзбен қарау мүмкін емес. Мысалы, басқасын айтпағанда, көркемдік әлемдегі архетиптердің беймәлім құпиялары мен негізгі заңдылықтарын жете игермегендіктен қазақ әдебиетінің түп-төркінін айқындауда тиянақты ештеңе тындырылмағаны белгілі. Соңғы кездері осы зәру мәселе жайлы сөз қозғау ұмыт қалған сияқты.

Сол олқылықтың орынын толтыру үшін әдебиетіміздің архетиптерін табудың жолы қайсы? Бұл бағытта әуелі «архетиптер» деген не, оның көркемдік әлемдегі рөлі, маңызы, ерекшелігі тағы басқа өзекті жәйттері жөнінде жинақтай айтып өту қажет. Архетип – аса кең мағынаны білдіретін термин, яғни, архетип – өмірдегі барлық заттардың ең алғашқы үлгісі, көрінісі. Демек, бұл атау заттардың немесе құбылыстардың атам заманғы қалпын, құрылысын, ататипін (прототип) тануға негіз жасайтын болғандықтан, сондай өте көнелігі мен күрделілігінен шығар, осы термин бұл күнге дейін кең тұрғыда зерттелінбепті.

Бұл орайда әуелі халық жадында сақталған осы саладағы шығармаларды топтастырған «Архетип және қанатты жылан» деген кітапқа назар аударсақ, осы еңбектің шығуына басшылық жасаған Т.Пальялунго архетип жайлы сөз қозғай келіп: «Звезда или солнца населены существами, чье сознание сильно превосходит наше, и они могут создавать формы и субстанции и, таким образом, творить жизнь. Это элохими или небесные силы» деп жазыпты (Архетип и пернатый змей. М., 1992, 13-б.). Бұл ғалымның мәлімдеуінше, элохимдер немесе аспан күштерінің болмысы – көп өлшемді кеңістік. Оның реалды элементі – жарық. Олар әр түрлі формаларды және ғажап жәйттерді жасауға шебер, солардың күшімен био-физико-психологиялық заттар өз кейіптерінде және қалпында жасалынады. Элохимдердің барлық нәрсені жасай алатын дара артықшылығының арқасында ақылды өмір және тірі рух ғарышты мекендеген. Өзінің кезегінде элохимдер Архетиптер бола алады. Архетип – барлық тіршіліктің, жарықтың, біздің жаратылысымыздың ататегі. Ол – біздің тұрмыс, күнкөрісіміздің әкесі. Жарықтан біздің рухымыз жасалады. Жаратылыс-жарық біздің рухымыздың негізін қалаушы екен. Ал алтын жылан ежелгі су динозаврмен туыстас. Ол адамның ең алғашқы физикалық дене құрылысының генераторы болып есептелінеді. Біздіңше, Т.Пальялунгоның архетип жайлы айтқандарының бәрі қытайдың Дао философиясымен сарындас.

Қытайдың Дао философиясының туып қалыптасуына Чжоу дәуіріндегі көкке табыну нанымы тікелей себепші болды. Дао философиясының негізін қалаған Лао-Цзы сол көкке табыну нанымын әрі қарай жалғастырып, өзінің «Дао дэ Цзин» атты қасиетті кітабын жазады. Бұл шығармадағы айтылған ойларды қарапайым жұртшылықтың түсінуі оңайға түспеді. Соған орай оның шәкірттері Лао-Цзы жазбаларының

маңызын Панью туралы миф арқылы түсіндірді.

Т.Пальялунгоның пайымдауынша, барлық заттың архетипі – көктегі жаратушы құдірет екен. Бұл – архетип туралы жалпылама білдірілген болжам. Сондықтан мына терминнің пішімін, құрылысын, ерекшелігін ескере отырып, архетипті өзіне сай белгілі тәртіптілік (система) тұрғыда ретке келтіріп, әрқайсының түйінді тұжырымдамасын беріп, соған сүйеніп зерттеу жасау керек. Мысалға, архетипті жан-жануарлар, өсімдіктер жүйесінде және тілдік жүйеде жеке-жеке талдау жасау – басты міндет. Одан кейін архетипті типология тұрғысында зерттеп, типтілігін тану, анықтау – аса маңызды мәселе. Қысқасы, осы көтерілген мәселенің мән-мағынасына, зәрулігіне көз жеткізу үшін алдымен архетип терминінің анықтамасына, сыр-сипатына және зерттелу барысына назар аударайық.

Архетип терминінің өте ауқымды мағынаны білдіретінінің нышанын Үлкен кеңес энциклопедиясындағы қысқа анықтамадан да байқай аламыз. Онда «Архетип (гректің arche-басы және typos-үлгі деген сөзінен шыққанын білдірген) – Р.Оуэн ұсынған (1847 ж.) барлық омыртқалы жануарлардың қаңқа құрылысының алғашқы үлгісінің, ата типінің көрінісі. Бұл теория адам мен жануарлар құрылысынан жалпы идея іздегенде, морфологияның XVIII-XIX ғасырлардағы натура философиялық бағытын көрсетуге қызмет етті. Архетип тілдік тұрғыда (сырт көрініс, ата тип) болжаммен қайта құрылған, яғни, шын мәнінде, айғақты тіл формасы» деп айтылған (Большая советская энциклопедия. 2-том. М., 1970, 290-б.).

Бұл тұжырымда, біріншіден, алғашқы қауымдық дәуірдегі адамдардың айналасына көзқарасы, соның миф, аңыз әңгіме, қиял, символдар, фантазиялар және ертегілер арқылы танылуы, заманнан заманға ауысып жетуі

жөнінде сөз болмаған. Осының өзі архетиптің кең ұғымда қолданылатынын байқатады. Шын мәнінде көркемдік әлеміндегі архетиптер – адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, табиғат жаратылысына психологиялық көзқарасы, негізінен, мифологиялық болжамдар аңыздар, қиял-ғажайып ертегілер арқылы қалыптасады. Ал бұл аталған фольклорлық мұралар – көркем әдебиеттің негізі, архетиптері.

Архетиптің табиғатын, қасиетін анықтауда философияның маңызы елеулі. Осыған байланысты бұл салада архетипке қатысты біршама сөз қозғалған. Мәселен, «Философиялық энциклопедиялық сөздік» (1989) пен «Философиялық сөздікте» (1991) «архетип» сөзінің мәні, мағынасы, анықтамасы бір-біріне өте ұқсас. Бұл кітаптарда да «архетип» сөзі гректің алғашқы образ, үлгі, түр (форма) деген сөзінен туындағанын білдіріп, аңшылық, қауымдық тұстағы бабалардың ой-өрісін солардан қалған архетиптерден танитынымызды сездіріп: «Нақты айтқанда, «архетиптік матрица» фантазия мен творчестволық ойлаудың қалыптасуының долбарлық көрінісі, әр түрлі халықтардың миф, ертегілерінде қайталап айтылатын мотивтер, әлемдік әдебиет пен өнердегі «мәңгілік» образдар солардың шығармашылық қабілетін танытады» деп мәлімденген (Философ. энциклопед. словарь. М., 1989, 42-б.). Бұл анықтама біздің жоғарыда білдірген пікір, болжамдарымызбен жалпылай сәйкес келеді, бірақ әлі толықтыратын тұстары бар.

Атап айтқанда, екіншіден, мұнда архетипке тек философиялық тұрғыдан баға беруге талпыныс жасалынған. Биологиялық түйсік (инстинкт), ырықсыз сезім жөнінде айтылмайды. Осы жәйтке назар аударуымыздың мәнісі: биологиялық түйсік – бұл өмірлік маңызы бар, белгілі бір оң әрекет істеуге бой ұрғызатын тұқым қуалайтын қасиет,

түйсік (чутье) омыртқалы жануарлардан біртіндеп адамға ауысқан тәрізді. Біздің осы жорамалымызға К.Г.Юнгтің «Биологиялық тұрғыдан білдірсем, тарихи кезеңге дейінгі ойсыздық дәуіріндегі архейкалық адамдардың ақыл-есінің дамуы, психологиясы жануарларға өте жақын болды» деген сөзі сай келеді (1. 74). Расында, ең көне мифтік шығармалар — алғашқы қауымдық, аңшылық дәуірдегі адамдардың айналасындағы жаратылысқа көзқарасы, көңіл сезімінің көрінісі, яғни, психологиясы. Ал психология адамға оның жан дүниесін, ой-өрісін тануға арналған. Сондықтан, психология — адам, оның көңіл-күйінің айнасы. Белгілі психологтардың «психология — бұл мен» деп тұжырым қалыптастыру сыры осында сияқты. Сондай-ақ, біздіңше, философияның алғы шарттары психологиялық проблемалар арқылы қалыптасады. Ойлау адамға тән, философияның ойшылдар жасайды. Соған сәйкес психология философиямен сабақтас деп тануға мүмкіндік қалыптасқан.

Бұл жайлы психолог-профессор А.Н.Жданның «Представления о душе существовали уже в древнейшие времена и предшествовали первым научным взглядом на ее природу. Они возникали в системе первобытных верований людей, в мифологий. Художественное народное творчество — поэзия, сказки, а также религия проявляют большой интерес к душе. Психологические проблемы явились частью философии, они возникали неизбежно, так как предметом философских размышлений, направленных на рациональное объяснение, был мир в целом, включая вопросы о человеке, его душе и т.п.» деп жазғанынан асырып айту қиын (2, 22).

Сонымен бірге осы ғалым психологияның туындауына халықтық көркем шығарма қосымша ықпал ететінін ашық білдірген, бұл тұжырым біздің пікірімізді нақтылай түседі. Олай болса психологияның, философияның жасалуына

көркем шығарма да тікелей әсер етеді. Оған «Антикалық әдебиет» атты кітаптағы «Антикалық әдебиеттің түбірі мифологиялық дамудың тереңінде жатыр. Миф пен әдебиеттегі сұлулық тосыннан белсенді бастауға ықпал етеді» деген байлам дәлел (Античная литература. М., «Просвещение», 1986, 8-б.). Себебі көркемдік әлеміндегі архетиптердің негізі жатқан миф пен антикалық әдебиет етене туыстас, ал миф адам ойының жемісі десек артық етпес.

Архетип жөніндегі (мағыналы ұғым беретін) жинақталған тұжырымды «Қазіргі философиялық сөздік» атты еңбектен оқуға болады. Мұнда «Архетип – К.Г.Юнгтің аналитикалық психологиясында кең қолданылған ұғым. Юнг архетипті жеке бастың ойсыздығы және ұжымдық ойсыздық, ессіздік деп бөледі. Жеке ойсыздықтың мағынасы дегеніміз – «сезім әсерімен өң берілген түйсіктер жиынтығы» деп түйінделген (Современный философский словарь. М., «Панпринт», 1998, 82-б.). Осы ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып өз ойымызды білдірсек, архетип бұл – ұжымдық ойсыздықтың мазмұны. Архетип дегеніміз – шығармашылық қиялдау толық танылған тұста, тарихи даму барысында барлық жерде үнемі қайталанатын образ. Соған орай, турасын білдіргенде, бұл – мифологиялық образ. Егер біз осы образды нақты ұқыптылықпен зерттеуге алсақ, онда олардың біздің атам заманғы бабаларымыздың сансыз көптеген тәжірибелерінің ықпалымен қалыптасқанын анықтаймыз, яғни, олардың психологиялық тәжірибесінің сараланған көріністері. Былайша айтқанда, архетип – миф, ертегі, наным, кейде аңыз әңгімелер арқылы реалды көрініс табады.

Әсіресе, миф архетиптің ең негізгі тегі, жұлыны, төркіні деуге болады. Енді осы болжам тұжырымдарға «Әлем халықтарының мифтері» атты кітапта бұл термин жайлы

жазылған мақаладағы «Архетип концепциясы мифтерді зерттегенде өзге нұсқалардағы архетиптік ядродағы мифологиялық сюжеттер мен мифтердің этникалық және типологиялық көп образдылығын, сол сюжеттер мен мифтер арқылы метафоралық айтылуын, бірақ поэтикалық бейнелеуде, ғылыми түсіндіруде еш уақытта таусылмайтынын, сарқылмайтынын табуды нысана етеді» деген тұжырымды қоссақ, архетиптің анықтамасы толығымен түседі (3. 110). Шын мәнінде мифсіз архетип танылмайды. Архетиптегі алғашқы образ, алғашқы қауым психологиясы, сюжет желісі, көркемдік нәр – бәрі-бәрі миф арқылы айқындалып жасалынады.

Архетип жөнінде сөз қозғағанда швейцарлық ғалым К.Г.Юнг есімі осыған қатысты еңбектерде қоса аталады. Ол кім? Бұл жайлы айтпақ ойды түйіндей білдірсек, швейцарлық психолог және мифті зерттеуші К.Г.Юнг – ХХ ғасыр басында архетип терминін психология, философия және әдебиеттану ғылымдары тұрғысынан әуелгілердің бірі ретінде зерттеп, сол терминнің мән-мағынасына аналитикалық талдау жасап, осы бағытта өзінің теориялық ілімін жасаған ғалым. Оның осы салалардағы ірі ойшыл екенін «Философиялық сөздік» кітабындағы архетип жайлы анықтамадағы «Швейцарлық психолог Юнг еңбегінің нәтижесінде бұл термин қазіргі батыс әдебиетіне толығынан тарады» деген тұжырым (Философский словарь. М., «Поллит», 1991, 32-б.) және «Әлем халықтарының мифтері» атты еңбектегі «Архетип терминін швейцарлық психоаналитик және мифті зерттеуші К.Г.Юнг бірінші зерттеді» деп жазылған анықтама нақтылай түседі (3, 110).

Ол психология саласында өзінің ашқан ілімін қайта тұжырымдап, жинақтап 1961 жылы маусым айының аяғында дүниеден өтерінің алдында шамалы күн бұрын «Ессіздікке

жорық» деген тақырыппен жазып бітірген. Оның бұл еңбегі адам психологиясын түп-төркінінен бері қарай зерттеудегі алғашқылар қатарына енетін құнды ғылыми мұра болып қалды. К.Г.Юнг ілімінің маңыздылығы жөнінде онымен бірлесе осы саланы зерттеген Д.Фриммен «Юнгтік ілім қазіргі психологияның әлемін көп үлкейтіп, ажарландырып жібергенін маман еместердің өзі мойындайды, соған мысалға ол енгізген белгілі терминдер «экстраверт», «интраверт», «архетип» – Юнгтік ұғымның негізі» деп мәлімдеді (1. 16). Бұл ғалымның осы саладағы еңбегінің мәніне үңіліп қарағанда, әсіресе, ол әдебиеттану ғылымының ата типін, түп-төркінін танып білуге елеулі үлес қосты. Себебі К.Г.Юнг көне мифтік мұраларды зерттей отырып, соның әдебиет көркемдік деңгейіне талдау жасап ашып, алғашқы қауымдық дәуірдегі адамдардың айналадағы табиғатқа психологиялық көзқарасын сол мифтік шығармалардан табуға болатынын ғылыми негізде айқындап берді. Осылайша ол адамның жан дүниесінің психологиясы көркем сөз арқылы баяндалып көрініс табатынын байқатты.

Сонымен, К.Г.Юнгтің түсінігінше, архетип – қиял елесінің белсенділігі мен ойсыз және долбармен жасалынған образдың алғашқы схемасы. Соған сәйкес архетиптер миф пен наным-сенімде, әдебиет және өнер шығармаларында, түс пен долбар фантазияда көрініс табады екен. Оның дәлелдеуінше, архетип образдың өзі емес, образдың схемасы, солардың психологиялық көрінісі, сол қалпындағы мүмкіндігі. Юнг архетиптің маңызды емес, түгелдей формальды қасиеті барын, оның өз мүмкіндігінше шектелген түрде болатынын білдірді. Мұны қалай түсінуге болады? Юнг архетиптің алғашқы жалаң көрінісінде образ жасалынбайтынын білдіреді, яғни, архетиптің алғашқы көрінісі ататиптің схемасы, үлгісі, формасы. Оның бұл тұжырымы «Архетип»

сөзінің грекше айтылған тура мағынасына сәйкес келеді.

К.Г.Юнгтің архетиптің формальды қасиеті шектелген жағдайда болатынын танытқан тұжырымы жоғарыда келтірілген «архетип» сөзінің мәніне толық сай келеді. Демек, архетиптің әуелгі формасы сол күйінде тұрып, белгілі заттық форманы, толымды көріністі, жинақы образды танытпайды. Образдың үлгісін, схемасын жасап ұсынады. Ендеше алғашқы образ қалай қалыптасады? Оған К.Г.Юнг толымды жауап қайтарған. Бұл жөнінде «Әлем халықтарының мифтері» деген кітапта «Оның формасын Юнг өзі заттық болмысты игермеген, солай болса да, белгілі бір жағдайда аналық нәр сұйыққа кристалдарды жабыстырып, содан толысып, қалыптасқан кез келген кристалдың өсу системасына теңейді» деп жазылған тұжырым осыған қайтарылған жауап негізі болып табылады (3. 110). Былайынша білдіргенде, архетип – алғашқы образдың қаңқа сүйегінің тұтасқан құрылысы. Оның толысуына қажетті элементтерді мұның өзі тартып алып, қаңқа құрылысы бойына біртіндеп сіңіре береді. Осылайша форманың жасалуын К.Г.Юнг «Алғашқы образ маңызды қасиетті ол санаға енгенде және сол арқылы саналы тәжірибе материалдарымен толықтырылғанда барып қабылдай алады» деп тұжырымдаған (3. 110). Юнгтің бұл ілімінің түйініне үңілгенде аңғарылғаны: архетипте бәрінен бұрын сезім мен қиял елесінің және символдың, түстің тигізер ықпалы күшті. Себебі архетип алғашқы образдың қаңқасы, схемасы дедік. Ал соны толымды образдарға айналдырған сезім, қиял, фантазия, символ, интуиция, сана, түйсік секілді тағы басқа қажетті элементтер. Осының бәрі адамның жан дүниесінде өзара тығыз байланысқа түседі. Мұнда архетип негізгі өзек болып табылады.

Ал сол басты өзек – архетип қайдан шыққан? Юнг оның негізгі көзі алғашқы қауымда адамзат ақыл-есінде бірге

туып, мұрагерлікте – тұқым қуалаушылықта жалғасқанын білдіреді (1. 74). Бұл байлам біздің жоғарыда биологиялық түйсік (инстинкт) жөнінде, содан туындатып айтқан пікірімізді нақтылай түседі. Сондай-ақ біз білдірген болжам К.Г.Юнгтің «Шын мәнінде архетип түйсік (инстинкт) шамасында бағыт түзеген, бұл тұрғыдан қарағанда құстың ұя салу, құмырсқаның үй тұрғызған жаттанды, қалыпты күш-әрекетінен айнымайды. Сонымен қатар инстинкт өзін фантазияда да көрсетеді және тек символдың ықпалымен өзінің қатысып отырғанын жиі танытады. Осы қасиеттерді мен және архетип санаймын» деген тұжырымымен үндестік табады (1. 76). Міне, архетиптің ішкі табиғаты осылай қалыптасады. Осыдан байқалғаны – жоғарыда аталған архетипті жасайтын элементтер негізінен көркем шығарманың да құрамды бөлшектері екен. Юнгтің айтуынша, өнерге әсер етудің құпиясы суретшінің архетиптік форманы сезінуіне және соны өзінің шығармаларында нақты жүзеге асырудағы айырықша іскерлігіне байланысты. «Кім архетиппен сөйлейді, сол мың дауыспен баяндағандай болады» (К.Г.Юнг)» деп жазылған тұжырым бекемдей түседі (3. 110).

Швейцарлық психолог К.Г.Юнг енгізген осы ілімнің бізге еміс-еміс қана жетіп, кең салада зерттелмеуінің сыры неде? Оған берілетін жауаптың төркінін «Әлем халықтарының мифтері» деген көлемді еңбекте архетип және соны зерттеген К.Г.Юнг жайлы қысқаша баяндай келіп: «Бұл өзара тәуелсіздікті бірде үйлестік, бірде ұқсастық, кейде бірі өзгесінен туатынын біле отырып, алғашқы қауымдық сананың қорегі ретінде және архетипті психологиялық структураның элементі есебінде мифологиялық образдардың өзара тәуелділігін Юнгтің өзі жеткіліксіз түрде ашты. Соған сәйкес кейінгі әдебиетте «архетип» термині енді

осындай юнгтік структурамен міндетті түрде байланыспай-ақ кез келген көркемдік және мифологиялық мотивті, әуел бастағы схеманы байқатуды қарапайым ғана белгілеу үшін қолданады. Отандық ғылымда кейбір ойшылдар мен ғалымдар Юнгке тәуелді болмастан, яғни, П.А.Флоренский («адамдық рух системасын» салыстырып білдіру), сондай-ақ О.М.Фрейденберг архетипті танып, игеруге барды» деп жазылған сөз мәнінен тануға болады (3. 111).

Бұл – коммунистік жүйені айырықша бағалау әрекеті. Негізінде архетип жөнінде, осыған қатысты Юнг ілімі жайлы Батыс Еуропа ғалымдары мен мамандары кезінде өз пікірлерін, ұсыныстарын, қолдауларын білдірген. Бұл саланы қарастырған зерттеушілердің мәлімдеуінше, архетип жайлы Юнг ілімінің бірсыпыра тұжырымдары миф және религияны зерттеушілер К.Кереньи, М.Элиаде, Дж. Кэмпбелл, Г.Циммер, Г.Шолем, А.Корбен, әдебиеттанушы Н.Фрай, М.Бодкин, философ П.Тиллих, биолог А.Портман, әдебиет пен өнердің көрнекті қайраткерлері Г.Хессе, Т.Манн, Ф.Феллин, И.Бергман, тағы басқалардың ой толғамы және шығармаларына кең түрде әсер етті. Содан болар архетип мәселесі жайлы құнды ой-пікір білдірушілер жеткілікті болған. Кеңес Одағы ғалымдарының архетипті зерттеуге онша назар аудармағанының түйіні осында жатыр. Сондықтан қазақ ұлттық ғылымында бұл сала осы кезге дейін арнайы сөз болған емес.

Сонымен, пайымдауымыз бойынша, мифтің өзін жалпылай архетип деп есептеуге болады. Себебі швейцарлық зерттеуші К.Г.Юнг ең көне, сәбилік түсініктегі мифтердің ішінен «архетип» деген терминді зерттеп тауып, өз тұжырымын қалыптастыруға ұмтылған. Өйткені К.Г.Юнг – негізінен мифтерді зерттеген психология маманы. Ол сол мифтерді психология тұрғысынан тереңдете қарастырудан

барып осы ілімді туындатқан. Бұл ғалым архетип пен мифтің арғы төркінін де ашып көрсетеді, яғни, ол мифологиялық түсінікке теориялық анализ жасау арқылы архетиптің алғашқы образ схемасын, үлгісін тапқан.

Шын мәнінде архетип – әсіресе, психология, философия, әдебиет пен өнер және басқа күрделі салаларды түп-төркінінен танып, типологиялық тұрғыда зерттеуге негіз қалайтын, алғашқы жолды ашатын ілім. К.Г.Юнгтің өзі де осы бағытты көздегені аңғарылады. Бұған оның «Архетип тұтас халықтың және тарихи дәуірдің, солардың болмысын тануға ықпал ететін миф, дін, философияны жасайды» деген байламы дәлел (1. 87). Архетип терминін әлі де халықтық рухани мұралармен салыстырып, жан-жақты, тереңдете зерттеу қажет екені танылып тұр. Мәселен, басқасын атамағанда, архетип фольклор жанрларының бірі аңыз, қиял-ғажайып ертегілер мен поэтикалық бейнелеу және психологиялық үдеріс – қиялмен етене туыстас. Нақты дәлел келтірсек, аңыз халықтың наным-сенімінен, қиял-арманынан туған. Сондай-ақ қиял-ғажайып ертегілер өзінің шығу мерзімімен алғашқы қауымдық қоғамды қамтиды. Сол тәрізді қиял – психологияда сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайта жаңғыртып, өңдеп бейнелеуде көрінетін адамға ғана тән психологиялық көрініс. Ең бастысы, осы аталған фольклорлық жанрларда архетипке айырықша тән – алғашқы образ үлгісі анық танылады және бұларда психологиялық үдеріс тұтастай арқау болып тартылған. Бұдан туар пікір: архетиптің фольклорлық жанрлармен бірегей туыстығы, оның әдебиетпен тамырлас екені.

Жоғарыда архетип жайлы сөз қозғағанда оның көркемдік әлемдегі рөлі қоса айтылды. Мысалға, «Қазіргі философиялық сөздік» кітабынан келтірілген архетип анықтамасында

«Архетип – миф, ертегі, наным, ілім құпиясында саналы түрде жөндеуге түскен. Архетиптің өмірдегі реалды көрінісі, бұл – миф, ертегі» екені баяндалған. Сонымен қоса мифсіз архетип танылмайтыны мәлімденді. Олай болса, архетипті танытатын миф халықтық көркем шығармалардың бірі болып көрінеді. Шынында да солай, антикалық әдебиет мифтен жасалғанын да сөз ыңғайында білдіріп өттік. Зерттеу барысында байқалғандай, архетипті айқын танытатын миф пен психология әдебиетпен етене сабақтас. Соған сәйкес әуелі психология көркем шығарманың жұлыны, қан тамырлары екеніне бірнеше дәлел келтірейік.

Белгілі психолог-зерттеуші А.Н.Ждан «Психология тарихы» деген еңбегінде осы мәселе жайлы зерттей келіп: «Отандық психологияның әлеуметтік базасын ХҮІІІ ғасырда феодалдық–крепостнойлық құрылыс қалыптастырды. Оның терең өршіген қайшылықтарын көркем шығарма формасында А.Н.Радищев өзінің «Петербургтен Москваға саяхат» деген кітабында масқаралап таңбалады» деп жазды (2, 118). А.Н.Ждан мұнда отандық психология базасының қалай қалыптасқан жолы жайлы және А.Н. Радищев кейіпкерлер психологиясын қалай ашып көрсеткені жөнінде тереңдеті айтуға бармаған. Сондай-ақ профессор Л.П.Гримак «Адам психологиясы туралы терең білуде көркем шығарманың маңызы айырықша зор. Сондықтан әрбір оқырманға ерекше жақын әрі маңызды тақырып жөнінде әңгіме қозғағанда біз көп жағдайда Достоевскийдің көркемдік тәжірибесіне сүйенеміз. Достоевский механикалық психологияны үнемі және қатты сынады» деп ой білдіреді (Общение с собой. М., изд.полит, 1983, 10, 11-б.). Профессор Л.П.Гримак Ф.М.Достоевскийдің адам образын даралап сомдауда кейіпкердің жан-дүниесін ақтарып тастап, аналитикалық талдау жасап, оған әлеуметтік трагедияның жазылмас

қасіретін ұқтырып, терең ойға, психологиялық тебіреніске түсіру шеберлігі жөнінде дәлел келтірмейті. Сонда көркем шығармадағы психологизм өрісі айқындала түсер еді. Мәселен, Ф.М.Достоевскийдің «Қылмыс және жаза» атты романында оқу ақысын төлей алмаған студент кемпірді өлтіріп, соның сандығындағы ақшаны алып, әрі қарай оқуын жалғастырғысы келеді. Алайда сандықтан ақша таппайды. Романның басынан соңына дейін адам өлтірген, жан дүниесі аласапыран студент бейнесін көз алдымызға үзіліссіз елестетеміз. Кейіпкермен бірге оқырман да еріксіз психологиялық тебіреністің құрсауына ілігеді.

Профессор Б.Майтанов романдағы психологизм жайлы зерттеу барысында «Еламанның сырт келбеті мен ішкі дүниесінің оқуы өз мұңына ортақтастық аңсау ниетімен тамырлас. Бұл эпизодта философиялық-психологиялық ассоциациялар портрет шеңберінен асып, шығарманың образдық, тартыс әлемдеріне ұштасатын, жазушының идеалдық-моральдық концепциясына сай биіктен табылатын кең өрістілік танытады» деп тұжырым жасайды (Көркемдік нәрі. А., «Жазушы», 1983, 37-б.). Б.Майтанов әдебиеттану саласының маманы болғандықтан шығармадағы кейіпкер психологиясының жасалуын түсінікті етіп жеткізген. Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ психология мен көркем шығарманың бірін-бірі толықтырып тұратын сабақтастық маңыздылығын тануға болады. Бұл мәселеге байланысты барлық ой-толғамдарды қорытқанда, архетип–аңшылық, алғашқы қауымдық дәуірдегі жандардың жеке және ұжымдық ессіздіктің (коллективная бессознательность) мазмұны, архетип–адамның ұрпақтан ұрпаққа ауысатын мінез-құлқының алғы шарттары, архетип – сезім арқылы өң берілген түйсіктер жиынтығы, яғни, соның схемасы, үлгісі, алғашқы образының формасы. Архетип негізінен миф ішінде

жасалынады және халықтық мұралар: ертегі, наным-сенім, қиял, фантазия, поэтикалық бейнелеу арқылы оның типтік схемаларының алғы шарттары қалыптасады.

Архетип жайлы анықтамаларда миф пен архетипті негізінен туыстас ұғымда түсіндірген. Олай болса миф дегеніміз не? Бұл саланы зерттеушілер архетип пен мифке анықтаманы өте ұқсас етіп берген. Солардың ішінде профессор А.Ф.Лосев «Миф идеялық түсінік емес және идея да емес, түсінік те емес. Бұл – өмірдің өзі. Мифологиялық субъектіде бұл – сенім және қорқыныш, үміт және торығу – барлығы түгел қамтылған өмірдің нақ түпнұсқа көрінісі» деген тұжырым жасайды (Философия. Мифология. Культура. М., изд.полит, 1991, 27-б.). Оның бұл күрделі етіп құрған пікірінің түйіні мамандарға түсінікті. Бірақ жалпы жұртшылық оңай ұғу үшін дәлел келтіргені дұрыс болар еді. Сондай-ақ профессор А.Пятигорскийдің «Мен мифология туралы ойлағанда, миф деген бұл – мен, менің ойым, сөзім және мінез-құлқым екенін білемін» деген байламын жалпылай қолдаймын (Мифологические размышления. М., «ЯРК», 1996, 17-б.). Алайда бүгінгі, болашақтағы адамдар да «миф деген бұл – мен» десе бола ма? Мәселенің осы жағын автор ашып түсіндіруге бармаған.

Енді миф жайлы келтірілген болжам, тұжырымдардың жетімсіздеу тұстарын К.Г.Юнгтің миф жайлы айтқан ой, байлам, пікір, дәлелдеулерімен толықтыра түсуге болады. Ол «Кейбір жағдайларға байланысты тарихи кезеңге дейін басты мифтік идеяларды ақылды көне философтар немесе пайғамбарлар ойдан шығарды, қайта өңдеді, одан әрі қарай сенімшіл, сыншыл емес көңілдегі адамдар оған сенді» деп жазып (1. 89) бұған мынадай дәлелдер келтіреді. «Африкадағы Элгон тауындағы жабайылар әр күн сайын таңсәріден биік басына шығып, алақанына түкіріп, оны

күннің алғашқы сәулесіне тосып, сонымен бетін жуады. Онысы құдай – Мунгумен бір демде, соның шылауында болғанын танытады. Осы жәйттің сырын, нені білдіретінін, неге солай жасағанын элгондықтардан сұрағанымда, олар бұл жайлы ойламапты. Олардың жалғыз айтқаны: «Біз барлық кезде осылай жасаймыз» деген. Олар бұл әрекетті түсінбей жасады. Осы орайда еске салайын дегенім, коммунистік әлемнің жалғыз ұлы мифі бар. Бұл қасиетті құрметтеудің идеясын архетиптік қиял-көрініс – «Алтын ғасыр» (немесе Бақытты заман) жайлы аңыздан алған. Сол инфантильдық көріністегі мықты архетип барлығын өз қолына ұстаған және батыстың жалғыз тәкәппар көзқарасынан құрымайды» деп тұжырымдаған (1. 95). Мұнда К.Г.Юнг Кеңес дәуірі құрмақ болған «Коммунизмді» айтып отыр. Сол қызыл империя кезінде өмір сүргендер бұл жағдайды бастан өткерді. Осыдан-ақ мифтің идеология құралына айналатыны айқын танылып тұр. Дін де – саясат. Қысқасы, бұл мәселе жайлы мамандардың ой байламдарын жинақтап назарға ұсынып, бір-бірімен салыстыра сөз етіп, өз пікірімізді қоса білдіріп, оқырманға түсінікті етіп мағлұмат беруге тырыстық. Осы талдаудан архетип пен мифтің өміршеңдігі және етене туыстығы айқын танылды. Олай болса мифті зерттеу архетипті қоса зерттеу болып танылады.

Ал мифтің әдебиетпен байланысы қандай? Бұған әуелі Қазақ совет энциклопедиясындағы «Миф – табиғаттан тыс жандар және «таңғажайып» құбылыстар мен оқиғалар туралы аңыз-әңгімелер. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып есептелінетін бұл аңыз-әңгімелерде адамдардың өз айналасындағы дүние туралы тұрпайы түсінігі көрсетілген» деген жалпылама тұжырымды келтіруге болады (8-том. А., 1976, 67-б.). Осы анықтамада мифтің халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып есептелінетінін білдірген тұжырым біздің

жоғарыда осы бағытта айтқан пікірімізбен сәйкес келеді. Миф пен әдебиеттің тығыз байланысының мәнін бұдан да тереңірек аша түсіп көрсету үшін «Әлем халықтарының мифтері» деген кітаптағы «Әдебиет пен мифтің тұрақты бірлескен қатынасы: сурет көркемөнері, діни мистерия ұғымының ықпалы арқылы мифтің әдебиетке тікелей «құюы» формасында өтеді» деген байламды келтіру қажет-ақ (3. 58). Бұған іс жүзінде нақты дәлел келтіру үшін атақты жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасына назар аударайық. Онда Бұғы ана адамның балаларын арқасына мінгізіп, бесікті мүйізіне іліп алып, Енесайдан Ыстықкөл жағасына жеткізеді: «—Міне, сендердің жаңа мекендерің осы болады,— дейді Мүйізді Бұғы ана» (А., «Жазушы», 1973, 55-б.). Осындағы Мүйізді Бұғы ана – миф. Осы Бұғы ана жайлы миф шығарманы тұтастырып тұрған негізгі ортақ жұлынға айналған. Сол Мүйізді Бұғы ана туралы мифте қырғыз халқының бағзы заманғы наным-сенімі, дәстүр-салты, ата тегінің архетиптері жатыр. Жоғарыда сөз арасында архетипті сан құбылтып келістіре пайдалану жазушы шеберлігіне байланысты екені айтылған еді. Бұл – соған дәлел. Сонымен, архетип негізі болып табылатын миф пен психология қаламгер шебер пайдаланса көркем шығармамен біте туысқан, тамырлас.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Г.Юнг. Человек и его символы. С.Пет., БСК, 1996.
2. А.Н.Ждан. История психологии. М., Мос. унив., 1990.
3. Миф народов мира. Энциклопедия. 1-том. Сов. энц., 1987.

Жібек ТЕМІРҒАЛИЕВА,
Павлодар облысының
Май ауданындағы
«Қазан» жалпы орта білім
беретін мектеп» мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.

ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Оқушылардың анық және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және оны жетілдіріп отыру мектепке қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Сонымен қатар оқушыларды жазу кезінде дыбыс таңбаларын дұрыс қолданып, көркем әрі сауатты жазумен бірге айтылған ойды жылдам жазуға, оқылған мәтінді есте сақтап жазуға үйрету де – өзекті мәселелердің бірі.

Оқушылар арасында өз ана тілінде сауатты жазба білмейтіндері, ойын ашық та түсінікті етіп, жатық тілмен толық жеткізе алмайтындар жиі ұшырасады. Оқушы бойында белгілі бір дағдыны қалыптастыру оған кеткен уақыт мөлшерімен, бөлінген артық сағат санымен өлшенбейді. Ол үшін жүйелі әдіс-тәсілдерді қолдану және сол әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру керек. Ал ондай тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануда біз оқушы бойында қалыптастыруға ұмтылған дағдылардың негізгі шарттарын, мақсатын айқындап алуымыз қажет.

Оқушы жазуының айқын болмау себебін біз көбінесе оның жазуға жеке мән бермеуінен, дыбыс таңбаларының нақты формасын ұмытпауынан немесе жазу жылдамдығының өте жоғары деңгейде болуынан деп жүрміз. Сондықтан аталған кемшілікті қайталамауға, айқын,

көркем жаза алмаған жағдайда баяу, асықпай жазуға кеңес берумен шектеліп келеміз. Бірақ мұндай түсініктемелер мен кеңестер оқушының жазу дағдыларын дамытуға аздық етеді. Оқушының жазу жұмыстарына жете мән бермеуі, дыбыс таңбаларының жазылу формасын ұмытып қалуы ғана жазу айқындығы мен көркемдігін төмендетпейді. Сонымен қатар оның әдемі, айқын жазуға деген шамадан тыс ұмтылысы да жазу айқындығының төмендеуіне әсерін тигізеді, яғни, оқушының жазу жылдамдығын бірден емес, бірте-бірте дамытып отыру тиімді.

Қазақ тілі сабағы барысында ешқашан естен шығаруға болмайтын негізгі мақсат – оқушыларды еркін, жақсы әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойды дәл жеткізуге баулу, ана тілінің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, әдемі әрі әуенді, үйлесімді әрі ұйқасымды сөйлеудің, жазудың үлкен өнер екенін көңіліне ұялату, ұғындыру. Оны тиімді жолдармен жүзеге асырып отырмасақ, қайтарымын бермейтіні белгілі.

Жазу жұмысына үйрету ісі екі жағдайда іске асып отырады. Бірінші, бағдарламада қойылған талаптар бойынша қазақ тіліндегі графикалық, орфографиялық ережелерді басшылыққа ала отырып дұрыс жазуға үйрету арқылы. Екінші, қазақ тілі оқулығындағы жаттығуларды пайдалана отырып жазуға үйрету. Оқушының белгілі мәтінді техникалық жағынан дұрыс, қатесіз жаза білуге және өз ойын жазбаша түрде бере білуге жаттықтыру.

Өмірлік дағды деген не? Бұл сұраққа Жүсіпбек Аймауытов «Психология» кітабында (автор дағдыны «әдет» деп алады) «Әуелде қиын көрінген нәрсе қайта-қайта істеле берсе, жүре оңайланып кетеді. Тіпті, көп дағдыланса, ойланбастан машина тәрізденіп істейтін боламыз» дейді.

Жазу дағдыларын игеру үшін оқушы әрбір дыбыс

таңбасының жазылу формасын, олардың бір-бірімен қалай жалғанатынын, жазу жылдамдығы артқан кезде де жазу айқындығын сақтауды меңгеруі шарт.

Сауатты жазуға үйретуде оқушылардың қателерін талдау және түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Алғашқы күннен бастап оқушыларды қате жазудан алдын ала сақтандыра білу керек. Сондықтан оқушыларға әрбір сөзді дұрыс естіп, соған сүйене отырып қатесіз жазуға үйреткен дұрыс. Шәкірттерге жіберген қателерін сапалы түрде қатемен жұмыс барысында саналы түрде мойындатып, соған байланысты жаттығу жұмыстарын жүргізіп отырған тиімді. Әр диктант сайын қатемен жұмыс дәптерлерінде жіберілген қателердің негізгі түрлерін анықтайды.

Оқушылардың сауаттылығын анықтау мақсатында жүргізген жазба жұмыстарда байқалған, анықталған, жіберген қателер өздерін үлкен екі топқа топтауға негіз береді: біріншісі – орфографиялық, екіншісі – пунктуациялық (тыныс белгілерінен жіберілген) қателер.

Оқушылардың жазба жұмыстарында орфография (емле) заңдылығына байланысты жіберген қателердің түрлері төмендегідей болады:

1. Сөздерді буын жігіне қарай айту, жазу заңдылығын білмегендіктен сөздердің буын жігін ажырата алмай тасымалдан жиі қателесу басым. Мысалы, *жауап*, *сауық* тәрізді сөздерді *жау-ап*, *сау-ық* деген түрде қате айту қате жазуға жол ашады.

2. А, ә, ы, і, у, ү, ұ, ө, и, я, ю дыбыстарының (әріптерінің) қандай сөздерде қай буындарда айтылу, жазылу заңдылықтарын жете меңгерге алмағандықтары байқалады.

3. Дауыссыз н-ң, т-д, с-з, и-й, ж-ш дыбыстарының емлесін шатастыру жиі ұшырасты. Дыбыстардың артикуляциялық (жасалу) орынын жете білмегендіктің, бір-біріне жақын дауыссыз дыбыстарды ажырата алмаушылықтың түпкі негізі

– бастауыш сыныпта сауат ашу кезеңінде дыбыс пен әріптің заңдылығын ұғынбағандықтан жіберілген олқылық.

4. Сөз ішінде *нн, лл, тт, кк, сс, шш, пп, мм* тәрізді қатар келген дыбыстардың бірін тастап кету жиі ұшырасады. Мұндай қосарлы дыбыстардан жіберілген қателер сөздердің құрамын ажырата алмаушылық заңдылықтарынан туған.

5. Қос сөздердің қосарланып, қайталанып қолданылатын түрінің емлесінен қате көп жіберілген. Бұл қателер қос сөздердің дефис арқылы жазылатын ерекшеліктерін білмеуден қос сөздердің кейбір түрін сөз тіркесімен шатастыру басымырақ.

6. Біріккен сөздердің бір бүтін ұғым екендігін жете білмеушіліктен жіберілген қателер өте көп. Бір алуан біріккен сөздердің құрамындағы сөздердің ешбір өзгеріссіз, түбір қалпы сақталып жазылатынына көз жеткізу. Мысалы: *тасбақа, қырықбуын, алабота*, т.б. Біріккен сөздердің екінші бір тобында құрамындағы түбір сөздердің дыбыстық өзгерістерге ұшырап, айтылу қалпында жазылатын ерекшелігін таныту, білдіру мақсат етіледі. Мысалы: *бүгін* (бұл күн), *апар* (алып бар), *жаздыкүні* (жаздың күні), т.б.

7. Қысқарған сөздердің емлесінен де жіберілген қателер баршылық. Жалпы, жаңа қоғам талабына байланысты сөздердің қысқару жолдары, оларға қосымшалардың жалғануы жөнінде келешекте өзгеріс болуға тиіс.

8. *Да, де, та, те, мен, бен, пен, және -ақ, -ай, -мыс, -міс, -ды, -ді, -ты, -ті* тәрізді шылаулардың емлесінен қате жіберілген, жалғаулық шылаулар мен жатыс, көмектес септік жалғауларын ажырата алмаушылық жиі ұшырасты. Бұл олқылық та жете, дәлелді оқытылмаудың себебінен екені анықталды.

9. Орыс тілінен енген сөздердің түбір күйіндегі түрлері мен оларға қазақ тілі қосымшаларының жалғану заңдылықтарындағы ерекшеліктерді жете меңгере

алмағандықтарынан жіберілген кателіктер де жеткілікті.

Екінші топқа жатқызылған пунктуациядан жіберілген қателерді мынадай түрде жүйелеуге болады:

1. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін дұрыс қоймау.
2. Құрмалас сөйлемнің құранды бөлшектерінің жігін ажырата алмау.

3. Қыстырма, одағай, қаратпа сөздердің түрлерін және оларға қойылатын тыныс белгілерінің қойылу заңдылығын білмеу.

4. Төл сөз, автор сөздерінің қолданылу жүйесі мен олардың өздеріне тән тыныс белгілерін жете меңгермеу.

5. Тырнақша, сызықша, қос нүкте, нүктелі үтір тәрізді тыныс белгілерінің қандай нысандарда қосымша жұмсалатынын білмеу.

6. Оңашаланған мүшелерді басқа сөйлем мүшелерінен ажырата білмеу, сонымен қатар олардың тыныс белгілерін де орынды қолдана алмау.

7. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаның қандай ережелерге байланысты қойылатынын білмеу.

8. Жазбаша жұмыстарда артық қойылған үтір, сызықша, дефистер де аяқ алғысыз. Оқушы жазып отырған сөйлемдерінің мазмұнына, құрамына терең үңілмей, үстірт қараудан артық тыныс белгілер қолдануға жол берген.

Оқушылардың жазба жұмыстарында жіберілген жоғарыдағыдай олқылықтар, тұжырымдап келгенде, мынадай себептерден туатын тәрізді:

- мұғалімнің теориялық, практикалық, әдістемелік білім деңгейінің онша терең болмауынан (онда оқушының да сауаттылығы шамалы болмақ);
- оқушылар алған теориялық білімін, ереже-анықтамаларын сөйлеу, жазу жұмыстарында ойланып орынды қолдана білуге дағдыландырылмауынан;

• жіберілген қателерге талдау жасау, екіншіде қайталамау үшін жүргізілетін «Қатемен жұмыс» деген талдау жұмысының жүргізілмеуі немесе өте төмен дәрежеде жүргізілетінінен;

- түсініксіз сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді сөздік дәптерге жазып, оның емлесін, тыныс белгісін, мағынасын есте сақтауда дағдыланбағаннан;
- оқушылардың логикалық ойларын, өміртанымын кеңейту, тілін жаттықтыру, тіл шеберлігін дамыту жөнінде газет-журнал, әдеби кітаптар оқуға, өзара пікір таластыру, көргенін баяндап айтып беруге дағдыландырылмағаннан.

Оқушының ауызша, жазбаша ойының сауатты, көркем болуы жөнінде мұғалімдер ұлы ғалым Құдайберген Жұбановтың мынадай қағидасын ескеріп, сауаттылықты осылай айтылғаннан таратуы қажет: «Қазақ тілінің табиғатын дұрыс тану үшін буын жүйесін жете білу керек. Буынды жақсы білмесең, емлені де білмейсің: сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты морфология негізін де ұға алмайсың. Буынды білмейінше, сөз екпіні, сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынын аңғармасаң, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың.

Буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың...» (Қ.Жұбанов. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», 1966, 30-бет).

Емле, тыныс белгілері жөнінде жүргізілетін практикалық жұмыстың түрі көп-ақ. Оқу, жазу, мәтін, кітаппен жұмыс, сөздік ізденіс жасау, өзін-өзі тексеру, грамматикалық тұлғалас формаларға талдау жасау, сөздердің мағыналарын, қолдану сырларын аша білу тәрізді жұмыстарды ұқыпты, шеберлікпен жүргізе білген жағдайда ғана қатеге жол берілмейді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТІЛ

Тәуелсіздік пен тіл ... Осы бір қасиетті ұғымдарды егіз қозыдай қатар атау олардың адам өміріндегі алатын орынын айшықтайды, яғни, тілсіз тәуелсіздіктің, тәуелсіздіксіз тілдің құмырының баянды болуы мүмкін емес.

Тіл – халықтың жаны да, сәні де. Ана тілінің топырағында көктеп, ауасынан тыныс алмаған өнер де, білім де өміршең емес.

Егеменді еліміздің ертеңі жарқын болуының шарты – тілге құрмет көрсету. Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің өсіп-өркендеуіне біраз жағдайлар жасалуда. Соның бірі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы. Тіл – ұлттың ұлт болып қалыптасуының ең бірінші шарты. Ұлттың ұлы игілігі. Жетпіс жыл бойы басқа тілдің көлеңкесінде қалып келген тіліміз алғаш рет 1989 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды. Содан бергі уақыт ішінде тіліміздің қанатын кеңге жайғаны байқалады. Бірақ ата-бабамыздың мұрасы – қаймағы бұзылмаған қазақтың қара сөзін тек заң шығару арқылы ғана сақтап қалуға бола ма? Жоқ! Жүрегі «Ұлтым» деп лүпіл қаққан ұлтжанды әрбір адамның үлкен әріппен басталатын «Азаматтық парызы» – өз тілінің терезесін өзге тілмен тең ету, оны шын жан-тәнімен сүю, оны көзінің қарашығындай сақтау. Осы қасиеттердің барлығын болашақ ұрпағының бойына сіңіру. Міне, сонда ғана ұлағатты да ұлы тілді сақтап қалуға болады.

Екіншісі, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген құлшынысының арта түсуі. Иә, еліміз егемендік, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғалы қазақ тілін үйренушілер қатары өсе түсуде. Мемлекеттік тілді меңгеруге өз республикамыздың азаматтары ғана емес, шет елдерден келген адамдардың да ден қоюы көңілге қуаныш ұялатады.

Мұхтар Әуезов айтып кеткен «әрі бай, әрі көркем тілімізді» мұхиттың арғы бетінен келген өзге ұлт өкілдерінің ауызынан есту – біз үшін қуаныш. Жүйесін тауып айтылған жүйелі сөз жүрекке жылы тиіп, жүйкені босатады. Бірде теледидардан Жапон елінен келіп, Қазақстанда оқып жатқан 20 жасар жапондық студенттің қазақ тілінде еркін де оралымды сөйлеп қана қоймай, «Осындай шешен тілі бар халық – осал халық емес» дегенін естігенде көңіліміз көтеріліп, мақтаныш сезіміне бөленгенім де рас.

«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қиял әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз, лаулаған жалын иесі» дейді Я.А.Коменский. Осы нақыл сөзде келтірілген ұлы қасиеттерді бойына жинақтаған мұғалім ғана – нағыз ұстаз. «Ұстаз» деген ұлы есімнің бір ұшқыны менің де жүрегімде бар. Мен тілдің нағыз жанашыры – қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімімін. Мақсатым – қасиетті ана тіліміз бен тұғырлы Тәуелсіздігімізді насихаттау.

Тіліміздің осылай шарықтап қанат қағуымен қатар көңілді су сепкендей басатын көлеңкелі жайттар да кездеседі. Туған тілін шұбарлап сөйлейтіндер, тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да кездестіріп жатамыз.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Осы тұста ақын Әбділда Тәжібаевтың

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!» деген тамаша жыр жолдары есімізге түседі. Тіліміздің мәртебесі көтерілсе, елдің де мәртебесі биік болатыны хақ. Тілге көрсеткен құрметің – елге жасаған қызметің. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Тіл – қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Бұл туралы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров

«Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім» деп кесіп айтқан. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіңе басты себепкер – сол ана тілің.

Қай халық өз ана тілін құрметтемеген, айырықша бағаламаған?! Қазақ халқы бұған ерекше зер салған. Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Сөзге кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін сыйғыза білген жұрт. Оның тарихы, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөздерде жатыр.

Ата-бабамыздың сан ғасырлық асыл мұраты – салт-дәстүрі, сенім-нанымы, тарихы мен мәдениеті келешек ұрпаққа ана тілі арқылы сақталып табыс етілді. Олай болса ата өсиетіне құлақ асып, ананың тілі арқылы жеткен бабалар аманатына адал болайық.

Орыс халқының ұлы жазушысы И.С.Тургенев «Жоқ, ежелден тілі зордың – елі зор, Асыл тілді абзал халық болмас қор!» деген екен.

Тіл күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады. Тіл – ел мен елді, халық пен

халықты жақындастыратын алтын көпір. Егер ана тіліміз саф алтындай жарқырап тұрса, еліміздің еңсесі түспесі анық. Өз тілімізді өзіміз шұбарлап, қорласақ, елімізді кім сыйламақ?!

Егеменді ел болған Қазақстан Республикасы келешекте өркениетті елге айналу үшін қазақ тілінің мәртебесі әр уақытта биік болуы керек.

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсірепов «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, бүгінінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілін тек өгей ұлдары менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген-ді.

Өз тілімізді өзіміз құрметтемесек, сыйламасақ, біздің тілімізді кім бағалап, кім сыйлайды? Ал өз тілін сыйлата алмаған ел өзін қалай сыйлата алмақ?

Қазақ тілі осал тіл емес. Ол – әлем мойындаған Абай, Лияс, Мағжан, Мұхтар секілді алыптарды туғызған тіл.

«Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,

Әр адамда өз анасынан басқа да

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі

Және туған тарихы, еске алуға қаншама,

Ауыр әрі қасіретті болса да»,- деп Мұхтар Шаханов тебіренгендей, әр адамның адамдығының, әр халықтың халықтығының кепілі құдіретті төрт ана болса, сол киелі төрт ананы пәле-жаладан, жаманшылықтан сақтап қорғайтын, желеп-жебейтін бойтұмары – еркіндік, егемендік!

Тәуелсіздік! Дүниеде бұдан асқан ұғым, бұдан асқан қымбат игілік жоқ. Арыстарымыздың қанымен, жанымен келген тәуелсіздігімізді алып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың

мызғымас тірегі – Тәуелсіздік!

Иә, Қазақстан – Тәуелсіз ел! Тәуелсіздік туымен бірге Қазақстанның тамыры терең тартып, жапырағы жайқала бастады.

Тәуелсіздік арқасында қазақтың асыл арманы асқақ әнге айналды, дербес елдермен тереземіз теңесіп, керегеміз кеңейді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың уәлі ауызынан шыққан «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тіліміз – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген уәждері тіліміздің қадір-қасиетін танытып тұрғаны анық.

«Тіл – ұлт байлығы», өзіміздің ең қымбат қазынамыз – ана тіліміздің жұлдызы жарқырап тұрған шақ. Мұның барлығы – ата-бабаларымыздың ат үстінде күн көріп, алты малтаны ас етіп, мың өліп, мың тірілген, қылышын қаншама ғасыр қанға малып жеткен мұраты – Тәуелсіздіктің арқасында.

Осы қасиетті де қастерлі ұғымдарды оқушылар бойына сіңіріп, бойымдағы бүршік атқан гүлдің иісін сездіріп, жүрегімдегі сәуле шашқан күннің нұрын сеуіп, санамда жағалай аққан «білім» атты жырдың жүйесін түсіндіріп, сол арқылы іші нұр мен шуаққа толы «мектеп» атты кемеге мініп, «білім» атты теңізбен жүзіп, «болашақ» атты тұғырға шәкірттерімді қондыру – менің мәңгілік мақсатым.

Мұғаліммін, білім беру – міндетім,

Болсам деймін жерге – жауын, гүлге – Күн.

Бойымдағы бәрін берем барымның,

Алсам болды шәкіртімнің құрметін!



Сағыныш БЕГАЛИНА,
Ақтөбе облысының
Әйтеке би ауданындағы
«Еңбек туы» орта мектебінің
мұғалімі.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – оқушыларға дауыссыз дыбыстардың жіктелуі, олардың түрлері, жасалу жолдары туралы толық мағлұмат беру; *дамытушылық* – логикалық ойын дамыту, дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерге жетелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту; *тәрбиелік* – талдау жұмыстарын жүргізуге, шапшаңдыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** ауызша журнал сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, семантикалық картамен жұмыс, салыстыру.

Көрнекілігі: дауыссыз дыбыстарға тірек-сызба, семантикалық карта, компьютер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Психологиялық дайындық.

1-бет. Қайталау – оқу анасы. Балама тест.

1. Дауысты дыбыс өкпеден ешбір кедергісіз шығады. (Иә)
2. Дауысты дыбыстың саны – 12. (Иә)
3. Жақтың қатысына қарай үшке бөлінеді. (Жоқ)
4. У дыбысы бірде дауысты, бірде дауыссыз болады. (Иә)
5. Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлшегі. (Иә)
6. Еріннің қатысына қарай үшке бөлінеді. (Жоқ)
7. Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін сала. (Иә)
8. Дауысты дыбыс үн мен салдырдың қатысына қарай (Жоқ).


2-бет. «Жаңа сабақтың құпиясы».

Жасырынған әріптер. Көп нүктенің орынына тиісті дауыссыз дыбыстарды қойсаң, жерлес ақынымыз Қуандық Шаңғытбаевтың «Туған жер» туралы өлеңінен үзінді оқи аласыздар.

Кіндік қа...ым тамған ...ер, тиген ө...шем,
Жатыр, міне, тып-типыл же...мен жек...ен.
Жы...ғыл жондым, бұ... жерде сақа құ...дым,
Ен...і, міне – құлазып қал...ан те...сең.

Кіндік қаным тамған жер, тиген өкшем,
Жатыр, міне, тып-типыл жермен жексен.
Жыңғыл жондым, бұл жерде сақа құйдым,
Енді, міне – құлазып қалған тепсең.

Дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, щ, ш, һ, (у)



(Оқулықтың 111, 113-бетіндегі мәліметтер сабаққа қолданылды).

3-бет. «Кітап – досың, ақылшың».

262-жаттығу және 265-жаттығу.

4-бет. «Білімді байқап көр».

1. Әр оқушы өздерінің есімдеріне дыбыстық талдау жасайды.

2. «Әліпбиді сөйлетемін».

Сабақтың бұл кезеңіндегі сызба бетінде ретімен 42 сан тұрады. Әр санның астында әріптер берілген. Әр оқушы өзі қалаған сан астындағы әріптерді ашып, толық талдау жасайды. Соңында әліпби толық ашылады.

«Әліпбиді сөйлетемін».

1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31	32	33	34	35
36	37	38	39	40	41	42

5-бет. «Ой қорытайық». Семантикалық картамен жұмыс

Дыбыстар	Қатаң	Ұяң	Үнді
П, ч	+		
В, г		+	
Р, л, м			+
Щ, х, ч	+		
Ж, з, д		+	
У			+
Ц	+		
К, қ	+		
Й, л			+
Ш, с	+		

Венн диаграммасы

Дауысты дыбыстар	Ортақ қасиеттері	Дауыссыз дыбыстар
Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырамайды, тілдің, жақтың, ерін мен езудің қатысына қарай бөлінеді. Үннен тұрады. Буын құрайды.	Фонетика саласында қарастырылады. Дыбыстау мүшелері арқылы жасалады.	Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырап шығады. Қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Салдыр мен үннен жасалады.

6-бет. «Қол боста» (Үй тапсырмасы). 264-жаттығу, бірдей дауыссыздан басталатын сөйлем құрау. Мысалы: *Таңшолпан таңқурай терді.*

7-бет. «Соңғы сөз» (Бағалау).



Динара ҚАПАРОВА,
Жезқазған қаласындағы
дарынды балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік ерлер
лицей-интернатының мұғалімі.

КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – кезектес құрмалас сөйлем жайлы мағлұмат бере отырып, ойларын, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, салаластың түрлерін ажырата білуді үйрету; **дамытушылық** – ынта қойып тыңдау, жазу, талдау машықтарын қалыптастыру, сөздік қорын, сөз байлығын дамыту, талдау және салыстыра білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – елін, жерін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру.

Көрнекілік: сызба, интерактивті тақта, слайд-шоу, семантикалық карта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

Оқушылармен амандасу. Кезекшілермен сұхбаттасу. Сыныпты екі топқа бөлу.

Үй тапсырмасын тексеру.

- Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – салалас құрмалас сөйлем түрлері туралы алған білімдеріңді тиянақтап, пысықтау, салалас құрмалас сөйлемдерді мағыналық түрлерін салыстыра отырып талдау жұмыстарын жүргізуді үйрену, кезектес салалас құрмалас сөйлем жайында мағлұмат беру.

Біз бүгін сабағымызды экскурсия түрінде өткіземіз. Сіздер – Жезқазған қаласына келген қонақтарсыздар. Мен сіздердің экскурсия жүргізушілеріңізбін. Бүгін біз Жезқазған қаласының көрікті жерлеріне экскурсия жасаймыз. Экскурсия барысында әр түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды орындаймыз. Барлығымыз жақсы қатысып отырайық.

Біз сіздермен Жезқазған қаласының әуежайында тұрмыз. Жезқазған қаласына қош келіпсіздер! Жезқазған – асты кенге, үсті ырысқа толы құт мекен. Ертеде ата-бабаларымыз «Бұл жердің келешегі кемел, ертеңі ғажап» деп баға берген екен. Мыс алыбы – Жезқазған қаласының қалыптасуында қазақтың біртуар дара дарыны, академигі Қаныш Сәтбаевтың еңбегі зор. Бүгінде Жезқазған Қарағанды облысының ірі өнеркәсіп орталығы болып отыр. Жезқазған қала мәртебесін 1954 жылы 20 желтоқсанда алған. 2009 жылы ғана біз қаламыздың 55 жылдық мерейтойын атап өттік.

Әуежайдан шықпас бұрын сіздер екі автобусты бөлініп отырасыздар. 1-автобустың жүргізушісі – Қоңыров Мерген. 2-автобустың жүргізушісі – Мағадиев Мәлік. Ендеше, барлықтарыңызға сәттілік тілей отырып, әуежайдың тапсырмасын орындайық.

Әуежайдың тапсырмасы.

Өткен тақырыптарды пысықтау сұрақтары:

1. Сөйлемнің қандай түрлері бар? 2. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? 3. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды? 4. Ыңғайлас салалас дегеніміз не? 5. Елтаңбаның

авторы кім? 6. Себеп-салдар салалас дегеніміз не? 7. Жай сөйлемнің түрлерін ата. 8. Қарсылықты салалас дегеніміз не? 9. Абайдың «Қара сөзі» қанша? 10. Құрмалас сөйлем дегеніміз не? 11. Қазақтың ақын, жазушыларын ата. 12. Талғаулы салалас дегеніміз не? 13. Әнұранның автор кім? 14. Қазақтың ежелгі қалалары туралы не білесің? Біреуіне тоқталып өт.

Келесі сіздердің тамашалап тұрғандарыңыз – Жезқазған қаласының Теміржол вокзалы. Бұл вокзалдың кірпіші 1940 жылы қаланған. Вокзал 2-дәрежелі вокзал болып есептеледі. Қарағанды-Жезқазған темір жолы 1937 жылы 11 қарашада іске қосылған.

Жезқазған Темір жолы вокзалының да тапсырмаларын орындайық. Мұнда біз жаңа тақырыппен танысамыз.

Жаңа сабақ.

Балалар біресе өзенге шомылды, біресе алаңда футбол ойнады.

Жай сөйлемдердегі іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіретін салаластың түрін кезектес салалас дейміз. Жалғаулықтары: *бірде, біресе, кейде.*

Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықсыз түрі жоқ. Себебі жалғаулықсыз жасалса, бұл сөйлемдердің мағыналары ыңғайлас салаласқа айналып кетеді.

Келесі сіздердің алдарыңызда «Қазақмыс» корпорациясының әсем ғимараты. «Қазақмыс» корпорациясы – әлемдегі ең ірі мыс өндірушілердің бірі. Корпорация құрамында 20 кен орыны, мыс зауыты мен кен-байыту фабрикасы, т.б. бар. Бұл алпауыт компанияның жұмыскерлерінің саны 70 мыңдай адам санын құрайды. Бұл ғимараттың да тапсырмасын орындап көрелік.

«Білімпаздардың қалашығы». Мәтінмен жұмыс. Екі топқа екі мәтін беріледі. Сол мәтіндердің ішінен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, синтаксистік талдау жасау.

Келесі сіздердің тамашалап тұрғандарыңыз – Қаныш Сәтбаев көшесінің бойында орналасқан оның ескерткіші. Бұл ескерткіш Қаныш ағаның 100 жылдық мерейтойына арнап 1999 жылы қойылды. Жобаның авторы – Сағындықов, мүсіншілері – Қалиев пен Меңдікұлов. Бұл жерде де бізге тапсырма әзірленген.

Ойын: «Тапқырлар аялдамасы» (Мақал-мәтелдің жалғасын табу):

1. Жалғыздың үні шықпас,
(жаяудың шаңы шықпас).
2. Қоянды қамыс өлтіреді,
(жігітті намыс өлтіреді).
3. Жақсы жаныңа жолдас,
(жаман малыңа жолдас).
4. Алтау ала болса ауыздағы кетеді,
(төртеу түгел болса төбедегі келеді).
5. Өнерлінің қолы – алтын,
(өлеңшінің сөзі – алтын).
6. Ат жаманы жолда қалдырар,
(жолдас жаманы қолда қалдырар).

Сіздердің алдарыңызда – ғарышты бағындырған 56 ғарышкердің құрметіне орнатылған «Ғарыш» атты сәулеттік-көркемдік композиция-стелласы. Бұл композиция 1976 жылы ашылған. Материалы: титан металды каркас. Авторлары: суретшісі – Пак және сәулетшісі – Тұрлыбаев. Бұл композиция Ғарышкерлер көшесінің бойындағы бақ жолында орналасқан. Бұл бақ жолына ғарышкерлердің өз қолдарымен отырғызған шыршалары да көрік беріп тұр.

Тест сұрақтары:

1. Көктем келді, дегенмен күн жылына қоймады.

- А) Ыңғайлас салалас; В) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; Ғ) Кезектес салалас.

2. Күн батты, тауды қара көлеңке басты.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

3. 1993 жылы 18 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Ата Заңы қабылданды, алайда ол кейін бірнеше рет толықтырылды.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

4. Мезгіл кешкіріп кетті, сондықтан амалсыз қонуға тура келді.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

5. Не мені өлтір, не кеш-дағы қолымды шеш. (Шәкәрім)

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

6. Ол біресе жылайды, біресе түк болмағандай күледі.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

7. Ананың сөйлеуге шамасы келмеді, өйткені қатты қорыққан болатын.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

8. Өзі кетіп құтылды, әйтпесе өзіміз тастатқалы жүр едік.

- A) Ыңғайлас салалас; B) Түсіндірмелі салалас;
Ә) Себеп-салдар салалас; Г) Талғаулы салалас;
Б) Қарсылықты салалас; F) Кезектес салалас.

Келесі сіздердің тамашалап тұрғандарыңыз – Жезқазған қаласының әкімшілігі. Бұл қаланың атқарушы билік органы болып табылады. 23 қаңтар 2001 ж. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңына сәйкес қала әкімдігі құрылған. Құрамы 9 адамнан тұратын қала әкімдігі қалалық мәслихаттың XV сессиясының шешімімен мақұлданған болатын. Әкімдік пен қала әкімінің қызметін 6 бөлімнен тұратын қала әкімінің аппараты жүзеге асырады.

«Білімпаздар қалашығы» (семантикалық карта)

Мағыналық қарым-қатынасына қарай түрлері Мысалдар	Ынғайлас салалас	Себеп-салдар салалас	Қарсылықты салалас	Түсіндірмелі салалас	Талғаулы салалас	Кезектес салалас
1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасы жарияланды, халқы қызу қолдады.						
Ертерек үйге дәрігер шақыру керек немесе ауруханаға бару керек.						
Адамдарға мұғалімнің еткен әсері мәңгі қалып қояды, сондықтан да мұғалім өзін-өзі бақылай жүруге тиіс.						
Бас болмақ оңай, бірақ бастамақ қиын.						
Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады.						
Ол бірде ақыл айтып отырды, бірде екеуін де кінәлі қылды.						

Сіздердің алдарыңызда – Жезқазған қаласының тарихи-археологиялық мұражайы. Мұражай 1978 жылы ашылған. Мұнда сирек кездесетін жәдігерлер көрмеге қойылған. Сонымен қатар Жезқазған қаласының құрметті

азаматтарының да жеке заттары көрмеге қойылған.

Венн диаграммасы

(Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау).

Компоненттері тиянақты тең дәрежеде байланысады. Жалғаулық шылаулар, интонация арқылы байланысады.

Құрмалас сөйлем. Күрделі ойды білдіреді.

Алғашқы компоненті тиянақсыз. Бағына байланысады. Қосымша арқылы байланысады. Бағыныңқы, басыңқы.

Экскурсиямыздың соңын «Самсунг» дәрігерлік-сауықтыру орталығымен аяқтаймыз. «Самсунг» дәрігерлік-сауықтыру орталығы 1993 жылы құрылысы басталып, 1997 жылы пайдалануға берілген. Жатып ем алатын 300 төсектік аурухана мен күніне 800 адам қабылдайтын емхана кешені халыққа қызмет көрсетуде. Қонақ үй, қызметкерлеріне арналған тұрғын үй секілді нысандары да бар. Орталық Железноводск қаласымен іскерлік байланыс орнатып жұмыс істеуде.

Бекіту. Тапсырма. Екі топқа берілген шығармашылық жұмыс.

«Мен Талғаулы салаласпын», «Мен Кезектес салаласпын».

Қорытынды.

Жер шарының ең қазыналы, бақытты аймақтарының бірі – Жезқазған аймағы, себебі табиғат-ана бұл жерге «үшан-теңіз кен байлығын сыйлаған».

Қаныш Имантайұлы.

Қымбат ОСАТОВА,
«Ғұмар Қараш атындағы
жалпы орта білім беретін
мектеп мемлекеттік
мекемесінің» мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы,
Борсы ауылы.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшесіне дұрыс талдай білуге машықтандыру; ә) ереже-қағиданы іс жүзінде дәлелдей алуға дағдыландыру; б) сауатты жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, жаттығу, талдау, жинақтау. **Көрнекілік:** тірек-сызбалар, кесте, сөйлем жазылған плакат, тест.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. 2. Үй тапсырмасын тексеру.

Сөйлем талдау. 74-жаттығу жұмысын бағалау.

Еске түсіру мақсатында мына сұрақтар қойылады:

1) Жақсыз сөйлемдер дегеніміз қандай сөйлемдер?

Мысалдар келтіріңдер.

2) Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдарын мысалдарымен дәлелдендер.

3. Жаңа сабақ. Слайд №1.

Қар жауып тұр. Күн жылы. Ақ ұлпа қар ақырындап себелейді. Балалар ойнап жүр. Қызықты ойын енді

басталған секілді. Шаршауды білмейді. Қыстың қызығы осындай болады.

Жалаң сөйлем:

Қар жауып тұр.

Күн жылы.

Балалар ойнап жүр.

Шаршауды білмейді.

Жалаң – біреу ғана, жалғыз, дара.

Жайылма сөйлем:

Ақ ұлпа қар ақырындап себелейді.

Қызықты ойын енді басталған секілді.

Қыстың қызығы осындай болады.

Жалаң сөйлем



Бастауыш

Баяндауыш

Тұрлаулы мүше.

- Қандай ерекшелік байқадыңдар?

- Бұл сөйлемде тұрлаусыз мүше жоқ.

Тек қана тұрлаусыз мүшелерден тұратын бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне келтірту. Қорытындыны оқушылар айтып, жалаң сөйлемнің ережесін шығарады.

- Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлемді

жалаң сөйлем дейміз.

- Бастауыш пен баяндауыштан ғана тұратын жай сөйлемді **жалаң сөйлем** дейміз.

- Сөйлемнің предикат мүшелерінен ғана тұратын жай сөйлемді **жалаң сөйлем** дейміз.

Толықтауыш

Бастауыш

Баяндауыш

Жайылма сөйлем

Анықтауыш

Пысықтауыш

Тұрлаусыз мүшелер

- Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де қатысқан сөйлемді **жайылма сөйлем** дейміз.

- Тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемді **жайылма сөйлем** дейміз.

Шығарылған ережені кітаптағымен салыстырып, оқушылардың ойларының дұрыстығына көздерін жеткізу керек.

Қар жауып тұр. Қар жапалақтап жауып тұр.

Қарағың келеді. Қызықты кітапты оқи бергің келеді.

Оқушылар сөйлемдердің ортақ белгісін шығарады.

Мысалдардан жалаң және жайылма сөйлемдер құрылысына қарай жақты да, жақсыз да болатындығына Венн диаграммасы арқылы көз жеткізеді.

Жаңа сабақты бекіту кезеңі.

Оқулықпен жұмыс. 77-жаттығуды ауызша орындау. 79-жаттығудағы жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдыру.

Жаңа сабақты бекіту мақсатында әр оқушыға үлестірмелі кеспе қағаз беру.

Семантикалық карта

Жай сөйлем түрлері	Тұрлаулы мүше қатысқан сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жақты сөйлем, бастауышы жасырын күйде тұрған сөйлем
Мен мақтаныш тұтамын.				
Мен – мына қыздың анасымын.				
Бәрің де анадан тудыңдар!				

Анамен атыспайды да, алыспайды да! (Ғабит Мүсірепов)				
Айтуға бола ма?				
Абай үндеген жоқ.				
Ұйықтап қалды.				
Барғысы келмеді.				

Қорытынды (Баламалы тест)

- 1) Жақты: бастауыш қатысқан сөйлем (иә)
- 2) Жалаң: тек тұрлаулы мүшелері қатысқан сөйлем (иә)
- 3) Жақсыз: бастауыш мүлде жоқ сөйлем (иә)
- 4) Жайылма: тұрлаулы мүше қатысқан сөйлем (жоқ)
- 5) Жақты сөйлем: бастауышы бар, не бастауышты баяндауыш арқылы білуге болатын сөйлем (иә)
- 6) -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары етістіктің *кел* көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалған жақты сөйлем (жоқ)
- 7) Жалаң сөйлем құрылысына қарай жақты да, жақсыз да сөйлем болуы мүмкін (иә).

Өзін-өзі бағалау парағы		
	Аты-жөні	Баға
1.	Үй тапсырмасы бойынша бағалау	
2.	Жай сөйлем түрлерін талдау (Жаңа сабақ бойынша)	
3.	Сөйлемге синтаксистік талдау (77, 79-жаттығулар бойынша)	
4.	Венн диаграммасы	
5.	Семантикалық карта	
6.	Баламалы тест	
Қорытынды баға		

Бағалау. «Өзін-өзі бағалау парағы» бойынша оқушылар өзін-өзі бағалайды.

Үй тапсырмасы: 78-жаттығу (жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдыру).

БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІКТЕР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – болымды және болымсыз етістіктер туралы білімді қалыптастыру; дамытушылық – теориялық білімді тәжірибеде қолдана білуді дамыту, ойын жинақтай білуге дағдыландыру; тәрбиелік – оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, алғырлыққа баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсіл:** СТО стратегиялары, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс, тақтамен жұмыс, пікір айту. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Көрнекілігі:** тірек-сызбалар, үлестірме қағаздар, слайд.

Сабақтың барысы.


1. Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу; оқушылардың зейінін сабаққа аудару, сабаққа даярлығын тексеру.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Берілген мәтіннен етістік түрлерін ажырату.

Қоғамда еңбек ету барысында адамның өмірге дағдылануы қалыптасады, ал еңбектің қарапайым түрінен күрделі түріне көшу жолында оның ойлау қабілеттері одан әрі дамып жетіле түседі. Адам өзінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, тілегін қажетіне қарай айқындап, ерік-

күшін, жігерін соған бағындырса, өзін-өзі кемелдендіріп үлкен жетістіктерге жетеді, қоғамда өз орынын таба алады.

3. Жаңа сабақты түсіндіру /тірек-сызба арқылы/



1. Қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіретін етістікті **болымды етістік** деп атайды. Мысалы: оқыды, айтты, біледі, көрді, т.б.

2. Қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіретін етістікті **болымсыз етістік** деп атайды. Мысалы: оқымады, айтпады, білмеді, көрмеді, т.б.

Олар **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары арқылы және **жоқ, емес** көмекші сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: *айтқан жоқ, жазар емес*, т.б.

4. Сабақты пысықтау. Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс. Әрбір оқушының қабілетіне қарай шығармашылық тапсырмалар беріледі.

«Тіл – өнер».

Мақалдардағы жасырын сөзді табу, орыс, ағылшын тілдеріне аударып отырып мағынасын ашып, етістікке сатылай кешенді талдау жасау.

Бірлігі жарасқан ... бұзылмас. (ел-страна-country)

...сүйгенді елі сүйеді. (еңбек-труд-work)

Туған жердей ...болмас,

Туған елдей ел болмас. (жер-земля-earth)

«Кім көп біледі?»

Брым-тыйымдар айту.

(Ақты төкпе, малды теппе. Құстың ұясын бұзба. Шашты далаға тастамайды, оны жерге көмеді. Адам ымырт кезінде ұйықтамайды, себебі өмір мен өлім ауысады).

«Ойлан, тап».

1. Төмендегі омоним сөздерді қатыстырып (бірде зат есім, бірде етістік етіп алып) сөйлем құраңдар.

Зат есім. *Баспа. Кеспе. Бөлме. Көрме.*

Етістік. *Баспа. Кеспе. Бөлме. Көрме.*

2. Өлеңнің жалғасын тауып, мағынасын түсіндір.

Болымды және болымсыз етістіктерді тап.

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл...

«Мені топта».

«Топтастыру» стратегиясы бойынша оқулықтағы 230-жаттығумен жұмыс. Жаттығудан болымды және болымсыз етістіктерді екі топқа топтастыру.

«Мен – саған, сен – маған» ойын элементі бойынша 228-жаттығумен жұмыс. Болымды етістіктен болымсыз етістік жасап, сөйлем құрау және 229-жаттығуды көшіреті отырып етістіктерді табу.

5. Сабақты бекіту (Зымыран сұрақтар қою арқылы):

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 2. Етістік дегеніміз не? 3. Етістіктің сұрақтары қандай? 4. Болымды етістік дегеніміз не? 5. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата.

6. **Үйге тапсырма** (Әрбір оқушының қабілетіне қарай үйге тапсырмалар беріледі):

1. «Тыйым сөздердің өміріміздегі мәні» тақырыбында ойтолғау жазу.

2. Болымды, болымсыз етістіктерді қатыстырып «Қыс кереметі» тақырыбында шығарма жазу.

Сабақ Жүсіп Баласағұнның «**Біле бер қанша білсең, тағы тіле. Жетерсің мақсатыңа біле-біле**» деген сөзімен қорытындыланды.

7. Оқушыларды бағалау.

Сая ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Ә.Жангелдин атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(10-сынып)

Сабақтың тақырыбы: Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының мақтанышы (Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы).

Мақсаты: қазақ ғылымының шоқ жұлдызы Шоқан Уәлихановтың өмірінен ақпарат беру.

Міндеттері: білімділік – оқушыларды Шоқан Уәлихановтың ғылым саласындағы еңбектерімен таныстыру; **дамытушылық** – оқушыны өз бетімен іздене оқуға, топпен жұмысқа үйрету, жеке тұлғаны өз пікірін қорғай білуге және өзгенің пікірімен санаса білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ғылымға құштарлығын арттыру арқылы ақыл-ой тәрбиесін беру.

Типі: білік пен дағдыны дамыту. **Оқытудың әдісі:** түсіндірмелі, баяндау. **Көрнекілік:** компьютер, интербелсенді тақтада даярланған слайдтар. **Қолданылған технология:** ақпараттық-коммуникациялық технология, дамыта оқыту технологиясы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа қатысымын бақылау.

II. Ұй тапсырмасына шолу.

1) XIX ғасырдың II жартысындағы кезеңнің қоғамдағы орны. 2) Бұл кезеңнің өкілдері, олардың жаңалықтары туралы сұралады.


III. Жаңа сабаққа бет бұру кезеңі.

Оқушыларға тақырып бойынша тапсырмалар топ бойынша орындауға алдын ала беріледі.

Жалпы сыныпқа қойылатын сұрақтар:

1. Төменгі сыныпта Шоқан туралы қандай шығарма оқылды? 2. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы қандай шығарма оқыдыңдар? Қысқаша шолу сұрақтар арқылы «миға шабуыл» жасалады.

«Топтастыру»



IV. Жаңа сабақ.

Жаңа сабақ оқушылардың зерттеген жұмыстары бойынша талдана отырып түсіндіріледі.

I топ: «Сырымбет ауылы». 1 оқушы топтың атауын түсіндіреді.

Шоқанның Сырымбеттегі үйі






Шоқанның туған жері: құжаттар сөйлесе.

Шоқанның кіндік қаны тамған жер туралы көп уақытқа дейін әртүрлі пікірлер айтылып келді. Көкшетаудағы Сырымбет оның ата қонысы екендігінде ешкімнің дауы жоқ. Шоқан 1835 жылы қараша айында Құсмұрында туды деген дерек Шоқанның қызметі жөніндегі Ресей мұрағатының формулярлық тізімі арқылы тілге тиек болғаны белгілі. Академик Әлкей Марғұлан Шоқан туралы очеркінде «1835 жылы Аманқарағай округінің орталығы Құсмұрынға көшірілді де, содан былай ол Құсмұрын округі аталды» деп жазады. Шоқан мұрасын түбегейлі зерттеп, оның ізімен жүріп өткен жазушы Жарылқап Бейсенбайұлы «Жасын тағдыр жарқылы» деп аталған тарихи-ғұмырнамалық хикаятында Әлкей Марғұлан айтып, жазып жүрген Күнтимес қонысы Шоқанның кіндік қаны тамған жер деп тұжырымдайды. Шыңғыс Аманқарағай дуанына аға сұлтан болып 1834 жылдың 30 тамызында сайланған. Күнтимеске ол осыдан кейін барып қыстау салдырған. «Осы жерде тағы да архив құжаттары көмекке келер еді, – деп жазады Жарылқап Бейсенбайұлы, – 1891 жылы Омбыда округтік штаб баспаханасынан есаул Путинцевтің құрастыруымен «Сібір қазақ әскерлері тарихынан алынған хронологиялық тізбе» деп аталатын шағын кітапша жарық көрді. Онда 1789 жылдан 1839 жылға дейінгі бір ғасыр бойы өткен елеулі

оқиғалар жайында қысқаша деректер мен түсініктемелер берілген. Қазақ даласына, жеке тұлғаларға қатысты қыруар құнды мәліметтерді жинақтаған. Сол құжаттың 1834 жылға арналған бөлігінен көптен ойда жүрген дүдәмалдың жауабы да табылып еді. Сонда «Аманқарағай сыртқы округі Құсмұрын дуаны болып қайта құрылды» деп тайға таңба басқандай анық көрсетіпті... Құсмұрын тек қырқыншы жылдардан кейін ғана салынып біткен».

Шоқан туып өскен орта

Әжесі Айғаным ханым
Ата-анасы
Шыңғыс сұлтан
Зейнеп ханым



Атасы Уәли хан
Нағашылары
ағасы Мұса
атасы Шорман

Інілері

Сақыпкерей Мақы Махмұт
(Қозеке) (Мақажан)

Шоқан оқыған Кадет корпусы



II топ: «Манас» тобы «Шоқан – әдебиетші» тақырыбында жұмыс жүргізеді.

Поэзия түрлері

Жыр

Жоқтау өлеңі, әйелдер жанынан суырып салып айтады. Шумақ, тармақ көлемі жырлардыкіндей болып келеді.

Қайым өлең

Қара өлең

«Манас» жырының үш жүз мың жолын зерттеген.

Шоқан зерттеген шығармалар:

- “Манас”
- «Қозы-Көрпеш»
- «Едіге»
- «Ер Қосай»
- «Ер Көкше»
- «Семетей»

ІІІ топ «Шоқ жұлдыз». Оқушылардың бірі топ атауын түсіндіреді. Оқушылар «Шоқан – саяхатшы» тақырыбында сөйлейді.

1855 ж. Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды.

1856 ж. Жоңғария тарихымен шұғылданады.

1856 ж. Ыстықкөлді топографиялық картаға түсіреді.


1856 ж. Құлжаға аттанды.

1858-59 ж. Қашғарияға саяхат жасайды.

IV топ: «Достық» тобы. Шоқанның достары туралы баяндайды.

Осы ардақты достарды ойға ала отыра тілге оралатыны:
Достар солардай болсын!

**Достық – теңдік, өзара ұғынысу және құрмет тұту.
(Аристотель).**



Шоқан Уәлихановтың достары

П.П.Семенов-Тянь-Шанский (1827-1914)

Көрнекті географ П.Семенов-Тянь-Шанскиймен 1856 жылы Омбыда достығы басталды. Шоқанмен достық және ғылыми байланысын үзбеген. Зерттеу жұмыстарын бірге жүргізген.

Г.Н.Потанин (1835-1920)

Орыс саяхатшысы. Потанин – Шоқанның бала кезден бірге өскен жақын досы. Шоқан екеуінің достық, қаламдастық қарым-қатынасы үзілген емес.

Ф.М.Достоевский

Достоевский Шоқанға шын жүректен шыққан адал ақылын айтып, батыл әрекетке рухтандырады. Олардың достығы көп жылға созылады. Олардың қатынастары Петербургте де үзілмейді.

Ф.Н.Усов (1839-1888)

Шоқанның мектепте бірге оқыған жақын досы. 1884 жылы оның «Сібірдің қазақ әскерлерінің тарихы туралы очерктер» деген еңбегі жарияланды.

Шоқан туралы пікірлер Шын жүректен шыққан сөз

Шоқан ақын жанды адам еді... Араб өлеңдерін қатты ұнататын еді және ұстазы Костылецкиймен бірге мәз болып орындайтын.

Н.М. Ядринцев.

Егер Шоқан қазақ арасында оқушы қауым тапса өз халқының данасы, өз елінің әдеби көркеюіне сөзсіз бастаушы болар еді.


Г.Н.Потанин.

Университетте лекциялар тыңдап, француз, неміс тілдерін жақсы меңгеріп, Шығыс тарихының асқан білімпазы болып шықты.

П.П. Семенов- Тянь-Шанский.

Оның арманы Еуропа мәдениетін өз халқының тілегіне қабыстырып, өз елін сақтап қалу болды.

V. Бекіту. Шоқан қандай еңбектер жазып қалдырғандығына балалар берілген сызбаны жеке-жеке толтырады.



VI. Қорыту. 7 қазанда Көкшетауда Шоқан Уәлихановтың 175 жылдық тойына арналған «Еуразиялық мәдени кеңістікте Шоқан Уәлихановтың мұрасы» атты халықаралық конгресс өтті. Оған 80-ге тарта елдің өкілдері қатысты. 70-ке тарта баяндама тыңдалды. Шоқан Уәлихановтың ғылыми жетістіктері туралы жаңа еңбектері қаралды.

Шоқан шығармашылығымен танысқанда алған әсері туралы ауызша шағын пікірлері сұралды.

«Елге жасаған еңбек халықпен бірге жасайды» дей келе, сабақ Ыбырай Жақаевтың пікірімен қорытылады: «Гүлдер солып, жұлдыздар сөніп, адамдар өліп жатады. Бірақ адамзаттың бір ерекшелігі сол – одан із қалады, сөз қалады».

VII. Бағалау. Топ басшылары пікір айтып, қойған бағаларын ұсынады.

VIII. Үйге тапсырма: «Қашқария сапары», «Жоңғария очерктері».

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ. «ҚҰТТЫ БІЛІК»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Жүсіп Баласағұни туралы, «Құтты білік» кітабы туралы түсіндіру, Баласағұни шығармаларының мақал-мәтелмен, ақындар шығармашылығымен үндестігін талдау; ә) кітаптағы ақыл, өсиет, нақыл сөздерге тоқтала отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу; б) оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, ой-пікірін ашық айта білуге тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, топтастыру, ойтолғау.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру.

Сәлемдесу. Сабаққа даярлау.

2. Өткен сабақты сұрау.

Ахмет Иассауи шығармаларын, Иассауидің өмірлік мақсат-мұраты туралы сұрау.

Ахмет Иассауидың имандылық туралы ойлары қазіргі заманғы тәрбиеге сай келе ме? (Жазған ойтолғауларын оқыту)

3. Жаңа сабақты меңгерту.

Дастанның оқиғасы туралы айту. Қосымша мәліметтер беру.

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұни – Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған.

Жүсіптің әкесі де ақын, өнерпаз кісі болған. Қараханидтер мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Кейін ол бұл іске баласын да тартып, Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет еткен. Осында жүріп қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алған.

Жүсіптің ақын ретінде де, ғалым ретінде де атын шығарған еңбегі – «Құтты білік» атты дидактикалық поэмасы. Бұл байырғы түркі тілінде жазылған. Түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы. Көптеген зерттеушілер бұл поэманы саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат деп жүр. Шындығында да, бұл жалаң әдеби дүние емес. Бұл – бүтін бір тарихи кезеңнің мінез-құлқын бойына сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-этикалық, рухани қазынамыздың негізі арқау боларлық дүние. Ондағы бүгінгі тілімізге, ой-толғамымызға төркіндес, етене жақын орамдарды көргенде қазақ әдебиетінің солармен тікелей сабақтас жалғасқан дидактикалық поэзия мен шешендік сөздердің, билердің орағытып, ой тастайтын кең тынысты толғамдарының дәстүрлі бірлігі «менмұндалап» тұрады.

Жүсіп Баласағұни «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Қоғамдық-әлеуметтік мәні терең халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес бұл еңбегін Қараханид мемлекетінің сол кездегі билеушісі Табғаш Арслан хан Боғратегінге тарту етіп, бұған қоса оның арғы тегіне арнап, «Дәрдә Хұсайын» («Хұсайынның қасіреті») деген күй шығарған. Хан оның бұл еңбегін жоғары бағалап, оған «Хас Хажыб» деген атақ берген. Жүсіп аты-жөніне «Хас Хажыбтың» тіркелуінің мәнісі де осында. «Хас Хажыб» – араб сөзі, ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі деген мағынаны білдіреді.

Сыныппен жұмыс. Сыныпты үш топқа бөлу, әр топқа тапсырма беру. Оқушылардың алдына қосымша кітаптар, энциклопедиялар, әдебиеттер беріледі.

1-топ. Ақынның көтерген мәселесі туралы айту, дастаннан берілген үзінділерді тақырыпқа сәйкестендіру.

«Құтты білік» кітабы ақыл, өсиет, дидактикалық сарында жазылған. Ақынның көтерген мәселесі – кемел мемлекетті жасау, адамның кемелдену жолдары.

1. Адам баласының қадір-қасиеті – білім мен ақылда. Бұл – адамның жетіліп, кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу – мұсылманның бір парызы.

*Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.*

2. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей
*Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.*

3. Ізгілік – адамзат үшін ең қажетті қасиет. Елдің басшысы ізгі болса, халқы да ізгі болады.

*Ізгілік – оң, Ессіздік – сол, жүгің – Ар,
Оңың – жұмақ, солың – тозақ. Біліп ал!*

4. Даңқ пен дәулетке мастанба, ол бір орнында тұрмайды.
*Бір орнында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды.
Жиһангерлер жүре бермей тынбайды.*

5. Әділеттің жолын қу, шыншыл бол.
*Әділ болсаң қараға ақ, аққа жақ,
Ұрпақтарың жақсы атыңды сақтамақ!*

6. Сараңдық пен ашкөздіктен аулақ бол:
*Қиды терген сасық қоңыз сияқты,
Сараңдықтан асқан не бар ұятты.*

7. Иттердің басшысы арыстан болса, иттер де арыстандай күркірер, ал арыстандардың басшысы ит болса, иттің тірлігін қылар.

8. Тексіз кісі уәзір бола алмайды. Бек қандай болса, уәзір де сондай.

*Жаман-жақсы табыспайды ешқашан,
Тұзу-қисық қабыспайды ешқашан.*

9. Намысшыл ер бол.

Намысшыл ер жаудың мысын басады,
Намыссыз ер жер бауырлап қашады.

10. Өз пайдаңнан гөрі ел пайдасын ойла. Қайырымды бол.

Адам ба адам өз пайдасын күйттеген,
Адам нағыз – ел пайдасын діттеген.

2-топ. Баласағұни пікірлерінің ақын-жыраулармен үндестігі, мақал-мәтелдермен үндестіру.

1. Баласағұни «Дүние – бекет, сен – керуен өтпелі» дейді. Осы пікірге ұқсас кімнің өлеңдері мен даналық сөздерінен үзінді білеміз?

Өмір деген бір керуен, жерге қонса, ертеңіне көшіп кетеді.

Қорқыт ата.

Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел.

Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер. *Абай.*

Дүние – көшкен керуен,

Өмір – бір құрған серуен. *Жамбыл.*

Берілген мақал-мәтелдердерге ұқсас Баласағұни жырларын табу.

Мақал-мәтелдер	Баласағұни пікірлері
Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылына ақыл қос. Ашу келсе, ақыл кетер. Ашудан ақыл көп болса, Ашу не етер?!	Ашу, қаһар асығыс іс қылдырар, Онда өмірің зая кетер құлдырар. Ашу ісі – өкінішті жаза еді, Қаһар шашқан адасады, жазады.


Білімді өлсе – қағазда аты қалар, Өнерлі өлсе – істеген заты қалар.	Тірі өледі, жер қойнында жатағы, Жақсылықпен өлсе – қалар атағы.
Білімді мыңды жығар, Білімсіз бірді жығар.	Білімдарлар халыққа бас, ес еді. Білімсіздер қылышпен іс шешеді.

3-топ. Кітаптағы үзіндіні оқып талдау. Абаймен үндестігін табу.


Достық, тіл туралы өз пікірлерін білдіру, осы орайда мақал-мәтел айтқызу.

Үзінді	Пікір

Ұлы Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз» дегендегі бес жамандықты Жүсіп Баласағұни да сынайды.



Сабақты бекіту.



Сабақты қорыту.

«Құт дарыған елдің адамы қандай?» деген сұраққа Баласағұни «Құт бақытқа кенелсем деп тор құрушылар көп. Бірақ ол қасиет адамға ғана қонады. Құтты іздеген адам жібек мінезді, көңілі таза, тілі майда, жігерлі болып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге мейірім төксін, арсыз көңілді тыйып ұстасын. Осы қасиеттер – құтты ұстаудың құлып, кісені» деген ой түйеді.

Үйге тапсырма: 1. Жүсіп Баласағұни туралы тың деректер жинау, дастаннан үзінді жаттау; 2. Жүсіп Баласағұнидың «Жаз» өлеңі мен Абайдың табиғат лирикасын салыстыру.



Майгүл РАХМЕТ,
Ақтан батыр ауылындағы
№190 орта мектептің
мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы.

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абай өмірі мен шығармашылығы жайында білімдерін кеңейтіп, өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың эстетикалық танымын ояту, өз беттерінше ізденуге, зерттеуге үйрету; **тәрбиелік** – ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.


Түрі: аралас сабақ. **Типі:** жаңа материалды игерту. **Әдісі:** топтастыру. **Пәнаралық байланыс:** этнопедагогика,

жаратылыстану. Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер.

Сабақтың барысы.


1. Ұйымдастыру.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту (тақтадан ақын суретін көрсету).



– Балалар, сендер мына портреттегі тұлғаны танысыңдар ма?

– Олай болса, ол туралы не білетінімізді топтастырайық.



– Оқушылар, ақын өлеңдерін білеміз бе?

– Абай атамыз жылдың төрт мезгіліне байланысты өлең жазған, оны білеміз бе?

(Тақтадан жыл мезгілдерін көрсетіп, өлеңдерінен үзінді сұрау)

Абай өзі өмір сүрген дәуірді, сол өмірдің бел-белестерін, асу-еңістерін көз алдына елестете суреттей білген ақын.

Абай поэзиясы-әсемдіктің мөлдір бұлағы. Соның біріншілік өнеріне арналған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген лирикасы.

– Балалар, аңшылық өнеріне қатысты қандай аң-құстарды білесіңдер?



Қаракүс




Ителгі



Дала қыраны



Аңшы
құстар




Тұрымтай



Қырғи

– Дұрыс айттыңдар. Бұлардың бәрі де – алғыр, қыран, көреген, жыртқыш құстар.

– Қазақ халқының дәстүріне, салт-санасына, тіршілігіне, кәсібіне сай өнердің қандай түрлерін білесіңдер?



– Олай болса, бүгінгі сабағымыз өнер тақырыбына, оның ішінде аңшылық өнеріне арналады.

II. Мағынаны тану.

Оқушыларға саятшылық, қансонар туралы біліп келуге тапсырма бергенмін. Бүгінгі сабақта сұраққа жауап сұраймын.

1. Саятшылық өнері жайында не білеміз?

Оқушы жауабы: Саяткерлердің сұңқар мен қаршығаға үйрек пен қаз алдыру, қақпан, тұзақ құру, лашынға қоян алдыру, түлкі мен қасқырды бүркітке алдыруы ең сүйікті істердің бірі болып саналады. Бұл бір жағынан ата дәстүр, екінші жағынан ұлттық өнерге де жатады.

2. Қансонар дегеніміз не?

Оқушы жауабы: Саятшылық адамды сыншылдыққа үйретеді. Саятшылық – серілік кәсіп әрі спорт өнері. Негізінен құсты күз бен қыста аң аулауға салған дұрыс. Қансонар – жер бетіне жаңа қар түскен шақ, бұл кезде аңның ізі айқын көрінеді. Қансонар – аң аулауға ең қолайлы мерзім. Сол үшін аңшылар қансонарды күтіп, пайдаланып қалуға тырысады.

Кітаппен жұмыс.

1. Өлеңді мәнерлеп оқытамын.

2. Өлеңді неше бөлікке бөлуге болады?

3. Әр бөліміне не деп ат қояр едіңдер?

Оқушылар бірнеше ұсыныс пікірлерін екшей, өлең мазмұнына қарай келе, үш бөлікке бөлуге болатынын анықтады.

1. Бүркітші. 2. Бүркіттің түлкі алуы. 3. Ақынның ойлары.

Әр бөлім бойынша қара сөзбен мазмұнын баяндатып айтқызамын.

Дәптермен жұмыс. Қансонар – жаңа жауған қардағы із. **Ғанибет** – қызық, тамаша, көңіл көтерілуі. **Андағанда** –

түлкінің ізіне түсушілердің жүрісі. **Томаға** – бүркіттің бас

қабы. **Қырымнан** – алыстан деген мағынада.

Өлеңге кешенді әдеби талдау жүргіземін.

Өлеңнің тақырыбы. Идеясы. Өлең шумағы. Тармақ. Бунақ. Буын саны. Ұйқас.

Сұрақ-жауап:

1. Шығармадан эпитеттерді табыңдар. («Қыран құс», «Қыран паң», «Қанды көз», т.б.). 2. Теңеулерді тап, түсіндір («Таудан жиде тергендей...»). 3. Қатар қойып, қарама-қарсы суреттейтін көріністі тап, мағынасын анықта.

III. Ойтолғаныс.

1. «Қансонарда бүркітші шығады аңға».

2. Бүркіт аңға қалай түседі?

3. Бүркітке керекті құрал-саймандарды ата.

Үйге тапсырма: Өлеңді мәнерлеп оқу, «Түлкі алған бүркіт» тақырыбына сурет салу.

Бағалау.



Айна АЛТЫБАЙҚЫЗЫ,
Ақтөбе облысының
Мұғалжар ауданындағы
Қандыағаш қалалық
№3 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ «АНАНЫҢ АНАСЫ» ӘҢГІМЕСІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – көркем сөз өнерінің зергері Ғабит Мүсірепов шығармашылығымен таныстыру,

оқушылардың әңгіме сюжетінен алған мағлұматтары негізінде ана құдіретіне, батырлығына бас ию, оқушы сезімін ояту; **дамытушылық** – өзіндік көзқарастарын дәлелдеуге, өз ойларын тұжырымдай білуге, шығармашылық белсенділіктерін шыңдауға баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды ата-анасын ардақтауға, халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа білім меңгерту. **Әдісі:** проблемалық сұрақтар, талдау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар.

Пәнаралық байланыс: көркем әдебиет, музыка.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен амандасу.

Назарларын сабаққа аудару.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Ой шақыру.

Әнші, сазгер Қ.Айтбаевтың «**Ақ жүрек анама**» әні тыңдалады.

Анаң саған керек болса, балаға да сен керек,

Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой бұл дөңгелек.

Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Төлеген Айбергенов.

II. Жаңа сабақ. Ой өрбіту.

Ассоциация

Ана деген қандай адам?

(«Топтастыру» әдісімен анаға мінездеме беру.)

Түсіну

Әңгіме авторы Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығына тоқталу.

Туған жері	Қызметі	Ана жайлы әңгімелері
(1902-1985) Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Жаңа жол» ауылы.	Жазушы, драматург, публицист, аудармашы, киносценарист, қоғам қайраткері, ғалым. Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі (1958) Қазақстанның Халық жазушысы (1984).	«Адамның анасы» (1934) «Ашынған ана» (1934) «Ананың арашасы» (1934) «Ер ана» (1942) «Ақлима» (1944)

Жоспар бойынша әңгіме мазмұнын баяндау.

1. Әйтілес қарттың әңгімесі.
2. Жалпақ палуанды Ергенекті елін шабуға жіберуі.
3. Сақадай сайланған қырық жігіттің қалың жылқыны барымталап айдап келе жатуы.
4. Жылқышының қызын аттарына мінгестіріп алулары.
5. Жылқышының өлімі.
6. Анасының қызын арашалауы.
7. Қыз анасының Жалпақ палуанға, жігіттерге арнап айтқан сөзі.
8. Жалпақ палуанның анасы мен қызына бостандық беруі.

Оқулықпен жұмыс. Қызын іздеп келе жатқан ананың психологиялық күйін мәтіннен тауып жазу.

Әңгімеден Ана бейнесін ашатын кестелі, көркем сөздерді табу.

III. Жаңа сабақты бекіту (Сұрақ-жауап).

1. Қырық жігіт пен Жалпақ палуанды тізе бүктірген қандай күш?
2. Ананың батырлығы неде?
3. Әңгімені басқаша қалай атар едіңдер?

Әңгіме идеясын анықтау: ананың баласына деген ұлы махаббаты.

Талдау. Ойталқы.

Шығарманың композициялық құрылысына талдау:

1. Оқиғаның басталуы...
2. Байланысы...
3. Дамуы...
4. Шарықтау шегі...
5. Шешімі.....

Салыстыру. Ой бейнелеу. Әңгіменің «Ананың анасы» деп аталу себебін сұрау.

Бүгінгі әңгімемен тақырыптас Шыңғыс Айтматовтың «Найман ана»

әңгімесінің мазмұнын баяндату.

IV. Сабақты қорытындылау. Қолдану. Ой зерделеу.

1. Поэзия минуты. Ақындардың ана тақырыбына жазған өлеңдерін жатқа оқу.

2. Ана тақырыбына өлең жазу.

V. Ой түйін. «Екі жақты» күнделік стратегиясы бойынша кесте толтыру.

Әңгімеден алған әсерім	Пікірім

Оқушыларды бағалау.

Оқушының аты-жөні	Сынып жұмысы	Жаңа сабақты қалай түсіндің?	Мұғалімнің бағасы	Қорытынды баға

VI. Үй тапсырмасы: «Әлемнің жарығын сыйладың сенің маған..» тақырыбына ойтолғау.

СӘКЕН ЖҮНІСОВ. «АҚЫРҒЫ БӘЙГЕ»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, «Ақырғы бәйге» әңгімесінде Ақан серінің атақты сәйгүлігі – Құлагердің қаза табуы, оның қызғаныштың құрбаны болғанын, Ақан қиналуы туралы мағлұмат бере отырып, Ілияс Жансүгірұлының «Құлагер» поэмасымен салыстыру арқылы оқушының білімдерін жетілдіру, шығарма идеясын ашу; 2) мәтінмен жұмыс, жоспар жасау, ойлау қабілеттерін дамыту, қызығушылығын ояту, ізденімпаздыққа баулу, өз ойын айта білуге дағдыландыру; 3) әңгімені оқи отырып Ақан сері сияқты әнші болуға, төзімділікке, адамгершілікке, атбегілікке, қызғаншақ болмауға, өнерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау. **Түрі:** жаңа сабақты меңгерту. **Көрнекілік:** бүктеме, портрет, хронологиялық таблица, ұлағатты сөздер, слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу, сыныпты реттеу. Сыныпты «Құлагер», «Ақан сері» деп екі топқа бөлемін. Оқушыларды сабақ жоспарымен таныстырып өтемін.

1. Қайталау – оқу анасы.
2. Жаңа сабақ құпиясы.
3. Кітап – досың, ақылшың.

4. «Өнерлі бала өрге жүзер».

5. Кейіпкер келбеті.

6. Білімінді байқап көр.

Мұқағали ақын туралы слайд (1) көрсетіледі.

II. Үй тапсырмасын сұрау үшін «Қайталау – оқу анасы» бөлімінде өткен сабақ бойынша қайталаймыз. Біз өткен сабақта Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерімен танысқанбыз. Олай болса соған байланысты бірнеше сұрақтар қоямын:

1. Мұқағали Мақатаевтың өмір жолынан нені білесіңдер?

2. Мұқағалидың сөзіне жазылған әндерді білесіңдер ме?

3. Ақынның қандай поэмаларын білесіңдер?


4. Ақынның өлеңдерінің негізгі тақырыбы не?

Оқушылар ақынның өлеңдерін талдап, ақын туралы естеліктер айтады.

Оқушылар өлең оқиды: «Барлығы да сендердікі», «Фантазия», «Мен таулықпын»

«Өлең деген тумайды жайшылықта».

Топтастыру.



Алдыңғы ат баран болмай қылаң болды,

Жығылмаса Құлагер қайда деймін?! (Ақан сері)

Жазушы Сәкен Жүнісов туралы слайд (2) көрсетіледі.

III. Жаңа сабақ құпиясы. Ай-күнді жаздырып, тақырыбын қойдырамын. Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы – Сәкен Жүнісовтің «Ақырғы бәйге» әңгімесі. Ал әуелі жазушының өмірімен танысып алайық.

Жылдар	Сәкен Жүнісовтің өмірі, қызметі
1934 ж.	11 ақпанда Көкшетау облысы Қызылту ауданындағы Кішкенекөл ауылында дүниеге келді.
1957 ж.	Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.
1959 ж.	«Сонарда» деген балаларға арналған алғашқы кітабы шықты.
1951-1959 ж.	«Пионер» журналында жұмыс істейді.
1971 ж.	«Ақан сері» дилогиясы жарық көрді.
1986 ж.	«Өліара» пьесасына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.
1988-1991 ж.	КСРО әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болған.
	Лев Толстой мен С.Цвейгтің бірқатар әңгімелерін, О.Гончардың «Перекоп», «Көк адыр» романдарын қазақ тіліне аударған.

Ақан сері ақын жайлы слайдтар (3) көрсетіледі.

IV. «Кітап – досың, ақылшың» бөлімі.

а) Түсінгендерін жоспар бойынша айтқызу:

1. Сыншы Күреңбай.
2. Өнерлі бала Шашубай.
3. Той жаршысының өнері.
4. Ақанның Мөңкеге айтқан ақылы.
5. Жарысқа шыққан аттар.
6. Көмбеге жеткен аттар.
7. Ақанның алаңдауы.
8. Ақырғы бәйге.

ә) Мәтінмен жұмыс:

1. Портрет тапқызу.
2. Теңеу.

Ақын Ілияс Жансүгірұлы туралы слайд (4) көрсетіледі.

б) Салыстыру. Ілиястың «Құлагер» поэмасы мен «Ақан сері» романын салыстыру. Бірі ақын, бірі жазушының жазған шығармаларының негізгі идеясын тапқызу. Ортақ ойды дәлелдеу.

V. «Өнерлі өрге жүзер»

а) Сахналық көрініс қойдырамын.

Мақал-мәтелмен түйіндеу.

Адам сөйлескенше, Жылқы кісінескенше.

Ат жүйрігі қайырады, Тіл жүйрігі айырады.

VI. «Кейіпкер келбеті» бөлімі.

Сыртқы түрін, қимыл-әрекетін, мінез-құлқын, басқалармен қарым-қатынасын ойша біліп, көз алдымызға елестетеміз. *Шығармадағы адамдардың көркем бейнесін кейіпкер деп атаймыз.*

Қарама-қарсы мінездеме беру.

Ақан

Батыраш

мейірімді

мейірімсіз

сері

қызғаншақ

әнші

алдамшы

досқа берік

көрсеқызар

Құлагер туралы слайд (5) көрсетіледі.

Ақан серінің «Құлагер» өлеңін бір оқушыға оқытқызамын.

VII. Білімінді байқап көр.

I деңгей

а) Ақан серіге ұқсағың келе ме?

ә) Оқиға қай өңірде болды?

б) «Ақырғы бәйге» аталу себебі неде?

II деңгей

а) Ақан серіге ұқсағың келе ме?

ә) Ілияс «Құлагер» поэмасында нені суреттеп жазады?

б) Ақан қандай әнді өмірге әкелді?

III деңгей. Венн диаграммасы.

Сабақты қорыту.

1. Бүгінгі сабақ ұнады ма?
2. «Құлагердің» өлу себебі неде? Кімдер қастандық жасады?

3. Сабақтың әсері болды ма?

4. Жазушы бұл әңгіме арқылы нені айтқысы келді?

5. Әңгімені қандай мақалмен қорытуға болады?

VIII. Үйге тапсырма: ойтолғау жазып келу.

IX. Бағалау. Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалаймын.



Патима ӘЛІМБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жанатас қаласы.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ. «ТАРЛАНЫМ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Махамбет өмірі, шығармалары туралы түсінік беру, «Тарланым» өлеңінің идеясын ашу, әдеби-теориялық талдауға бейімдеу; **дамытушылық** – оқушылардың

байқампаздығын, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – Отанды, туған жерді сүйуге, халқымыздың біртуар азаматтарын қадірлей білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа материалды меңгеру сабағы. **Түрі:** аралас сабақ. **Оқыту әдісі:** проблемалық баяндау, ізденушілік. **Көрнекілігі:** сурет, дәйектеме сөздер, қосымша деректер, шығармалар жинағы. **Жабдығы:** интерактивті тақта, магнитофон таспасы, электрондық оқулық.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

- Дулат Бабатайұлының «Аягөз, қайда барасың?!» өлеңін жаттап, идеясын ашу үшін өлеңді мағыналық мәніне қарай 3 бөлікке бөліп, 3 қатардағы оқушыларға тапсырғанбыз. Ендеше кезекті 1-қатарға береміз.

(Бір оқушы өлеңді жатқа оқиды).

- Аягөз өзені қайдан бастау алып, қалай қарай ағады? Ақын оны қалай суреттейді?..

- Ақынның «Аягөз кімнің жері еді?» деген өкінішін қалай түсінесіңдер? Кімдерді ұялтпақ болады?..

- Өлеңде «Би, старшын мойнына Жезден қарғы тағынды» деген жолдар бар. Оны қалай түсінесіңдер?..

- Отарлау саясатының салдарынан қазақ халқы екі жақты қыспаққа түсті: патша өкіметінің және жергілікті ел билеушілерінің қысымы салдарынан халық наразылығы туындады. Осындай Ресей отаршылдарына қарсы «Егеулі найзасын» қолына алып, теңдік үшін атқа қонған ерлеріміздің бірі – Махамбет Өтемісұлы.

III. Жаңа сабақ.

- Махамбет Өтемісұлы кім? Оны біз Махамбеттің өзінің «Мен, мен едім, мен едім» өлеңін тыңдаудан бастасақ.

(Өлеңді таспадан тыңдата отырып, интерактивті тақтадан Махамбеттің суретін, мәліметтерді көрсету).

- Енді Махамбеттің отбасылық жағдайымен танысайық.

Құлманияз



Өтеміс

Шыбынтай



Бекмағамбет

Махамбет

Исмайыл, Досмайыл,

Қожахмет, Қабыланбай,

Хасен, Сүлеймен,

Ибрайым, Мұса.

Махамбет (1804-1846 ж.)

(Орал облысы, Нарындағы Бекетай құмында дүниеге келген)



Нұрсұлтан



Сауғабай



Мырзағали, Шәкір (Қазір ұрпақтары Башқұртстанда)

Махамбет 1836-1838 жылдардағы шаруалар көтерілісінің басшыларының бірі болды. Ол тек батыр ғана емес, жалынды ақын, күйші де еді. Оның көптеген өлеңдері көтеріліс басшысы Исатайға арналды.

«Исатай деген ағам бар», «Кел, кетелік», «Әй, Махамбет, жолдасым!», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Соғыс», «Жабығу», «Мінкен ер», «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Есіл ер», «Исатай сөзі».

Махамбет осынша көп өлеңдерін арнаған Исатай кім? (Исатай туралы мәліметтермен, суреттермен таныстыру).

1836-1838 жылдарды қамтыған көтерілістің басшысы болды. 1838 ж. Қиыл өзенінің бойында (электрондық оқулықты пайдалана отырып картадан көрсету) көтерілісшілер патша әскерімен кездесіп, үлкен шайқас болады. Осы шайқаста көтерілісшілер жеңіліп, Исатай қаза болады. Сүйегі Темір уезіндегі Қиыл өзенінің бойындағы Шолақмола деген жерге қойылған.

Енді Исатайдың отбасылық жағдайына келейік.

Тайман



Исатай



Ақай, Оспан, Жақия, Дінбаян



Шахмет



Ақан, Шамақ, Ахмет, Сары



Құрмет, Құрман (Қазір ұрпақтары Атырау облысында тұрады)

Міне, біз Исатай жөнінде осындай мәліметтермен таныстық. Енді Махамбеттің Исатайға арнаған «Тарланым» өлеңін оқиық.

(Өлеңді мәнерлеп оқып беру)

- Өлең қай кезде шыққан деп ойлайсыңдар?

- Өлең Исатай қайтыс болып, көтерілісшілер жеңіліс тапқаннан кейін шығарылған. Мұнда ақынның арманын, Исатай секілді ел ағасын сағынғандағы көңіл-күйін аңғаруға болады.

- Дұрыс. Бұл өлеңде қазір жиі қолданыста емес сөздер де бар. Сондықтан сөздікпен жұмыс жүргізейік.

Тарлан – 1) биікті мекендейтін еркін құс; 2) тұлпар. *Кермиық*, *кербез* – паң, сұлу. *Керіскедей* – дардай, алпамсадай. *Шандоз* – асыл, ардақты. *Жебе* – садақ оғы. *Сусар* – аң. *Адырна* – садақтың жебесін тіреп алатын тарамысы. *Фәни* – өмір.

- Исатайдың батырға тән бейнесін, ақылдылығын қандай жолдардан көреміз?

- «Кермиығым, кербезім!...»

«...Тебіренбес ауыр мінездім!...»

- Ал ерлік ісін қандай жолдардан көруге болады?

- Садағына сары жебе салдырған...

Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан.

- Исатайдың батырлар жырындағы Қобыланды, Алпамыстарға ұқсастықтары бар ма?

- Бар. Қобыланды, Алпамыстар да елін қорғаған батырлар. Халық олардың ерлігін жырға қосып, батырдың сырт тұлғасын да, астына мінген атын да, жаумен шайқасқандығы ерлігін де асыра суреттейді. Махамбет те Исатайдың сырт келбетін, ерлігін дәл солай асыра суреттеп дәріптейді.


- Дұрыс, мұны теория тілінде әсірелеу дейді. Енді ақынның арманын, өкінішін қай жолдардан байқауға болады?

- 1. Таудан мұнартып ұшқан тарланым...

2. Саған да менің арманым!

Сонымен Махамбет Өтемісұлы кім?

Топтастыру.



- Махамбет күйші-сазгер дедік, бірақ оның қандай күйлері бар екендігіне тоқталмадық. Махамбет тек батыр, ақын ғана емес, күйші-сазгер де болды. Оны кейінгі шыққан деректерден білуге болады. Ақынның бізге жеткен 7 күйі болғандығы: «Шілтерлі терезе», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жайық асу», «Қиыл қырғыны», «Жұмыр қылыш», «Қайран, Нарын!», «Өкініш».

V. Сабақты қорытындылау.

- Махамбеттің бұл күйлерінің барлығы көтерілісті немесе көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейінгі ақын өкінішін сипаттауға арналған. «Өкініш» күйі көтерілісшілер жеңіліс тауып, Исатай қайтыс болып, Махамбет өз елінен безіп, қудалауға түсіп жүрген кезінде шығарылған екен. Осы күйді таспадан тыңдайық.

VI. Үйге тапсырма беру.

«Тарланым» өлеңін мәнерлеп оқу. Өтемістің Досмайылдан тараған ұрпағы Маржан Ершуованың Махамбетке арнаған өлеңінен үзінді беріп, «Заманыңа жауап беріп кетіп ең, Заманыма жауап берем мен енді...» деген жолдарға ойтолғау жазуға тапсыру.

VII. Білімдерін бағалау.

Қуандық АБДРАЗАҚОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік
университетінің аға
оқытушысы, ф.ғ.к.

СЫР СҮЛЕЙІ – БҰДАБАЙ

... Қыпшақтан шыққан Бұдабай,

Хан ұрдырған қоңыраудай

Алысқа кеткен гүлдірі, – деп Сыр бойы шайырлары баға берген Бұдабай ақын – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік алар орыны бар ерекше тұлға.

Қайсыбір ақын не шайыр болмасын, ол өзі сөз қылғалы отырған кейіпкерінің болмыс-бітімін, оның халқына жасаған еңбегін өлең мен жырда өрнектеуге тырысады десек, осы бір екі-үш ауыз шумақтан Бұдабай ақын жайлы түйінді мәлімет алғандай боламыз. Иә, қазақ әдебиетінің үлкен шоғырын өмірге әкелген ХІХ ғасыр әдебиеті ақындарының қатарында Бұдабай ақынның дауысы арғын Әйке Бекежанұлының қазасына арнап жазған көңілқос жоқтауы арқылы бүкіл қазаққа жеткен. Бұл жоқтау фольклортанушы Әбубәкір Диваевтың жазып алуымен 1883 жылы Ташкентте Я.Лютшьтің «Қырғыз хрестоматиясы» жинағында басылып, Бұдабайды қазаққа танытқан жоқтау болды.

Ақын жайлы Бұдабайдың өз замандастары: Сыр сүлейі Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Балқы Базар, Кете Жүсіптер жоғары баға беріп, кейінгі ақындар Қуаныш Баймағамбетов, Дабылұлы Молдахмет, Әлжанұлы Темір, т.б. лебіздерін білдіріп отырған.

Шораяқтың Омары өзінің «Ұстаздарым» атты өлеңінде ақынды өзіне ұстаз санап:

...Шернияз марқұм, Бұдабай,

Кетпеген сөзі ұнамай, –

деген екі ауыз сөзбен оның ақындық қырын аша түседі. Сыр сүлейлері тарапынан қиялы ұшқыр, тілі орамды ақынға мұндай жоғары бағаның берілуі жайдан-жай, тегіннен-тегін емес деп білеміз. Біз Бұдабайдың өлеңдерін оқи отырып, ақын өлеңдерінен кестелі сөз, түйінді ойға кезігеміз.

Ақын «Көңіл» атты өлеңінде оқырманға өзінің жан сырын ашады. Өлеңде Бұдабайдың теңеу сөзге ұста болғанын айқындап жатқан оралымдар мол. *Көңіл дария тасқынындай, шалықтаған тұз құсындай, бес қаруы сай кісідей*, т.б. күрделі, эпитетті теңеумен әр қырынан ашылып, адамның көңілі деген шартарапқа жүйткіген ұшқыр, жүйрік құбылыстың мәніне бойлатар мың-сан ойға тартып кетердей сөз айшықтарымен тұғырлана түседі.

Кейде бір көңіл дария тасқындайсың,

Кернеліп кемерінен асқандайсың.

Қонбастай көтеріліп көкке бойлап,

Шалықтап тұз құсындай аспандайсың.

Бейне бір бес қаруың сай кісідей,

Жасалған жаудан көңіл жасқанбайсың...

«Өсиет» атты өлеңінде Бұдабай ақын дәстүрлі үлгіде өз өнеріне назар аударта отырып, өлең сөзбен өмірдің қадіріне бойлатар қағидаларға барады. Нақыл түрінде келген бұл туындысында Бұдабайдың адамгершілік ұстаным, ізгілік мұраттары, өмір сүру дағдысы айқын көрініс тапқан. Дәстүрлі 11 буынды өлең өлшемімен келген бұл шығармада өмірдің ғибраты, тіршілік тоқтамдары бар. Тәрбие, тәлім айту – ақын атаулының туабітті мойын парызы. Бұдабай өлеңінің бір арнасы – осындай тіршілік иірімдерінен тартылған ақиқат өмір, өмір сүру тәртібі, дағдысы жатқан желілер.

«Ақындық шарифатта жақсы аталмайды екен» деген жалпы ұғымнан қорқақтайтынын, сонда да болса ауызға

келген сөзді айтып кету адамдық парызы екендігін Бұдабай шебер келтіріп, келістіре қисындатқан.

*Бұдабай – өзге сөзден өлеңге ұста,
Елуден жасым асып келді алтысқа.
Қорқамын хилап шариг бола ма деп,
Тастар ем бес-алты ауыз жазып нұсқа.*

Бұдабай ақын – Сыр өңіріне әйгілі тұлға. Ол туралы Сыр бойының белгілі шайырлары арнау сөз айтып, жоғары бағалап отырғанын айғақтайтын деректер аз емес. Ел ішінде Бұдабай жайлы естелік сөз де көптеп кездеседі. Сыр еліне аты мәшһүр ақынның бірі Қуаныш Баймағамбетов (1895-1973) өзінің «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері» атты өлеңінде Бұдабайдың ақындығы жайлы да жүрекжарды сөзін айтқан.

*Бұдабай Сыр бойының сүлейі еді,
Ақынның аса күшті дүлейі еді.
Өшпейтін өрен жүйрік сөз қалдырған,
Шешеннің шеңберінен біреуі еді.
Бұдабай – ұлы жүйрік Сыр бойында,
Өлген жоқ, оның сөзі ел ойында.
Айтысып Қарлығаштай қызды жеңген,
Қалмады не шешендер жер қойнында.
Орта жүз, Шашты руы Қыпшақтағы,
Біледі бүкіл қазақ бұл уақтағы.
«Жеңілген жері жоқ» деп еш ақыннан
Сыр халқы сынап әбден шын мақтады.*

Молдахмет Дабылұлы да Бұдабайдың көпке жайылған даңқын айта келе, «Лайық өз орны бар әрбір дүрдің» атты жырында былай дейді:

*Лайық өз орны бар әрбір дүрдің.
Бойында ағып жатқан ұзын Сырдың:
Артында өлместей боп аты қалған,
Иесі болған екен сөз бен жырдың.*

*Жараған жалпақ жұрттың кәдесіне,
Сақталған ұрпақтардың әлі есінде.
Сөздер көп осы дүрлер тауып айтқан,
Келтірген не жандарды тәубесіне.
Осындай киелі сөз иелері –
Елінің өренім деп сүйенері.
Ерімбет, Бұдабай мен Ешнияз сал,
Даңмұрын даң ғылымда жүреді елі.*

Ақындақты жыраулықпен ұштастырған Қарасақал Ерімбеттің туған қарындасы Айсұлу шайырдан туған Молдахмет Дабылұлы аталмыш «Лайық өз орны бар әрбір дүрдің» атты толғауында Сыр сүлейлерінің орынына тоқталып, Бұдабайды дүрлер қатарынан көрсетеді:

*...Заманыңда кетті өтіп,
Қазыналы небір гөзәлдар
Топқа бас болған тереңнен.
Ойға терең сөзге ұста
Дәріпті нағыз ділмарлар
Озған небір өреннен.
Шернияз, Өске, Сүйінбай,
Әзілкеш дүр ед Бұдабай.
Дей алмайтын ешкім сөздерін
Мезгілі өтіп көнерген.*

Бұдабай Қабылұлы – қазақ әдебиетінің тарихында сөзі өткір, терме, арнау, өлең, толғау айтқан, жоқтау жанрында өзіндік ағыс қалдырған айтулы ақын. Оның сан қырлы ақындық өнерінің өрісі – өзі туып өскен Сыр өңірінің әйгілі ақындық, жыршылық, жыраулық мектебімен сабақтасып жатқан, тамырын тереңнен алған дәстүрмен суарылған өнерпаздық әлем.

Бұдабай өлеңдерінде адамның жан күйінің астар-сырлары, ізгілік мұраттар, кәрілік пен жастық, не жақсы, не жаманның күйі баяндалып отыруында Сыр сүлейлерінің

өзіндік көркемдік бағыты, дәстүрлі ақындық мектеп
ықпалының айқын екенін көреміз.

Бұдабай өз заманында өткір тілді айтыскер ақын да
болған. Оның Қарлығаш қызбен, Молда Мұсамен, Нәті
қызбен айтыстары ел аузында сақталған. Негізінде, Бұдабай
өлеңді жазып та, суырыпсалмалықпен де шығаратын ақын
болған. Өкінішке қарай ақынның көптеген өлеңдері қағаз
бетіне түскенімен, әр түрлі себептермен жазба күйінде бізге
дейін жетпеген.

Ақынның ел аузынан жиналған өлеңдерін Нұрмахан
Қасымұлы 1996 жылы жинақ етіп шығарған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұдабай Қабылұлы. Шығармалары. А., «Мұраттас»,
1994.
2. Сыр елінің өнер өрендері (Құраст. Ә.Айсауытов).
Қызылорда, 1999.



Марат БЕКБОСЫНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
«Абайтану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылыми
қызметкері, ф.ғ.к.

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҚТАРЫ МЕН ӘДЕБИ- КӨРКЕМДІК ДАМУ ЖОЛЫ

(Бастапқы бөлігі өткен санда).

Исатай образына тән тағы бір ерекшелік оның реалистік
сипатына байланысты. Жоғарыда келтірілген шумақтарда

батыр образын ақын өлеңнің көркемдік кестесі мен рухани әсері үшін романтикалық тұрғыда суреттегенмен, оның іс-әрекеті, мақсаты реалистік мәнде нақтыланған, яғни, батыр болмысы тарихи жағдайларға орайластырыла әрекет үстінде дараланып, заманға сай азаттық идеясына қызмет етіп тұр.

Сондықтан да Исатай образының сомдалу ерекшелігі жайлы Сәбит Мұқанов «Исатайдың өліміне қайғырып, оны жоқтағанда Махамбеттің ауызындағы сөзі жүрегiнің қанындай саулайды. Исатайдың халықшылдығы, батырлығы, қайраты, ақылы, жігері, қысқасы – образы қандай тамаша жасалған!» десе, Зейнолла Қабдолов «Батыр ақын батыр қолбасының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесін сомдады да, бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ызалы ашуға, ашулы ақылға, ақылды нақылға толы өлең жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. «Махамбеттің өз образы» деген – сол! Өйткені оның «қорғасыннан құйылған» ап-ауыр әр сөзінен Махамбетті танимыз» деген. Мұндай өлеңдерге «Тарланым», «Мінкен ер», «Қызғыш құс», «Мұнар күн», «Әй, Махамбет жолдасым», т.б. атауға болады.

6. Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жайға лайықты құрылып, ішкі мазмұн сыртқы түрмен біте қайнасқан, образдары әрекет, қимыл үстінде, ойлары логикалық қисынды дәлелдермен беріледі. Мысалы:

Күнқақты ердің астында

Көп жүгіретін көлік бар.

Көн садақтың ішінде

Көбе бұзар жебе бар.

Қарайғанның, жігіттер,

Бәрін кісі деменіз.

Көпе-күндіз тайраңдап,

Түзге шықпас ерлер бар.

7. Махамбет өлеңдері жыр ағымындағы 7-8 буынды, аралас буынды және «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» деген 11 буынды бір өлеңнен тұрады. Өлеңдерінің құрылысы тақырыбы мен мазмұнына сай қысқа, нақты, өткір сөздермен құрылған 7-8 буынды, кей өлеңдерінде таза 7 буынды болып келеді. Мысалы, «Еменнің түбі – сары бал», «Бұл дүниенің жүзінде», т.б. Ал буын сандары бір тармақтарда көп, бірінде аз болып келетін аралас буынды өлеңдері өлеңнің ұйқасы мен ырғағына, логикалық ойға байланысты құрылып, тыңдарман мен оқырманға әсерлі, кедергісіз, төпеп, нөсерлетіп өткендей болып тыңдалып, оқылады. Мысалы, «Толарсақтан саз кешіп» өлеңі.

8. Махамбет өлеңдері 4 түрлі ұйқасқа құрылған. Олар: кара өлең ұйқасындағы «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» деген өлеңі (а-а-б-а), шұбыртпалы ұйқас (а-а-а-а), кезекті ұйқас (а-б-в-б), ерікті ұйқас (а-б-в-б-г-б-д-б). Шұбырпалы ұйқасқа «Ереуіл атқа ер салмай», кезекті ұйқасқа «Аспандағы бозторғай», ерікті ұйқасқа «Соғыс» сияқты өлеңдерін келтіруге болады.

9. Махамбет өзіне дейінгі халық фольклорын, жыраулар поэзиясын, Шығыстың діни әдебиет үлгілерін, ежелгі әдебиет мұраларын меңгеріп, кемшіліктері болса, қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте өзінен соңғыларға көрнекті үлгі қалдырған ақын. Осы себепті де Махамбет өлеңдеріне шығыстық, түріктік, ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, ғұрыпқа қатысты танымдық, заманына қатысты тарихи, сөз қолданыстарына қатысты лингвистикалық, көркемдік кестесіне қатысты әдеби-эстетикалық талдаулар жүргізу өте қажет. Себебі ақын өлеңдерінің терең иірімдеріндегі сөз айшықтарының бүгінгі ұрпаққа түсініксіз сөздері кездеседі. Мәселен, «тарпаң»,

«құлдан» сөздерінің қазірдегі түсіндіріліп жүргеніндей есектен сәл үлкен жабайы жылқы тұқымдас жануар емес, бүгінде тұқымы зообақтарда ғана кездесетін «Пржевальский жылқысы» тақылеттес ежелгі түрік халықтарының жаугершілікке мінген асыл тұқымды мықты жылқылары екендігі немесе «алқалаған жер болса» деген тармақтағы «алқалау» сөзінің қоршау деген мағынадан туғандығы, оның Тәңірлік дінмен байланысты мағынасының барлығы, т.б. осындай талдауларды қажет ететін сөз, ұғымдар бар.

10. Махамбет өлеңдеріне тән басты әдеби ерекшелік болмыстың көркемөнерде шындық қалыпта бедерленіп, ақын идеясының өлең құрылымының ішкі логикалық байланысымен өзара кірігіп, мазмұн мен түрдің бірлігінен туған экспрессивті-эмоционалдық, гедонистикалық, әдеби-эстетикалық қуатының ғажап әсерге бөлер қасиетінде тұр. Махамбет поэзиясының осы ерекшеліктерін ақынның бірер өлеңдері мысалында қысқаша талдайық. Елінің, жерінің, Отанының поэзиядағы өткені, қазіргісі, келешек арманы Махамбет жырларында жүйелі де толық бейнеленген. Ақынның туған жерін қуғында жүріп, сағынып жырға қосқан өлеңі:

*Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді,
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,
Қиқулай ұшқан қырғауыл,
Күніне құлан да босып өткісіз,
Күндіз келген қонағы
Кешке үйіне қайтқысыз.
Қойды мыңға толтырған
Сол Нарынның құмдары.
Түйені жүзге толтырған
Көкпекті, шайыр, шымдары.*

Осыны оқыған соң мынау ғажап мекенді бір көруге кім де болса таңсық болары анық қой! Ал Махамбеттер үшін ол табиғаты ғажап өлке ғана емес, ол өлкеде аяулы жандар, ең бастысы «қарындас, халқы» бар. Ол туралы:

Алақандай Нарында

Ата менен ана бар,

Іні менен аға бар,

Қатын менен бала бар,

Қарындас, халқым көп қалды-ау,

Жалғыз ұлым Махмұт

Бекетай құмның ішінде

Жалғыз бір қалған со да бар,—

дейді ақын. Жалпы, Исатай, Махамбет басқа пәле тілемей, тыныш қана старшындық қызметтерін атқаратып жүре берсе болмай ма? Жоқ, Махамбеттер олай ете алмайды. Себебі онда тәндері мен жандары топырағы мен еліне кіндігімен байланған ата қоныс, туған жер бар, ата-баба, халықтың ардақты тарихы бар, езгіге түсіп, қорлықта қалған елі бар. Сол аталар мұрасының ең қастерлісі — қасиетті Отанды, қазақ елін суық бауыр, жат обыр сорып, езіп тұр. Сондықтан Махамбет:

Еділ үшін егестік,

Жайық үшін жандастық,

Қизаш үшін қиылдық,

Тептер үшін тебістік,

Теңдікті, малды бермедік,

Теңдіксіз малға көнбедік.

Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім,

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім.

Баданамды баса бөктерін,

Қасыма жаттан жолдас ертіп,

Күн-түн қатып жүргенім
Анау Нарында жатқан
Жас баланың қамы үшін, –
күреске шықтық дейді. Азамат тұлғасын Отанның
бостандығы, ел тағдырымен байланыста ғана бағалайтын
ақын бұл жолда жанынан күсіп, күрестен теріс айналған,
жігерсіз, тал түсте түзге шықпас еркек кіндіктіні көзге де
ілмейді. Оларға берер бағасы:

*Қарындастың қамы үшін,
Қатын менен бала үшін
Қайрылмай кеткен жігіттің
Өзін – кәпір, алғанын –
Талам десе болмай ма?!*

Нағыз ерлік Махамбет танымында ойдан туады. Ақын
«Батыр болмақ ойдан-ды» дейді, яғни ерлік өз-өзінен
тумайды, ата-жұрт, туған ел мұңы мен зары саналы
азаматты ерлікке жетелейді. Ал ол ерліктің сыны қандай
дегенде Махамбет:

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Арып-ашып шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қаппай,*

*Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме! –*

деп санамалап тұрып көрсетеді. Бостандық жолындағы ердің ері, батырдың батыры ғана шыдас берер бұл сыннан өткен ердің ерлік еңбегінің өтеуі байлық, атақ, даңқ, сән-салтанат, билік, сәнді тұрмыс емес, елдің берген Ер деген бағасы ғана. Ал бұл атақ, бұл баға Исатай мен Махамбет сынды ерлерге дүниенің бар байлығынан қымбат. Неге? Өйткені Махамбеттердің қолына қару алдырған, Ер атандырған ойлы арыстардың жүрегі мен саналарын кернеген – туған жерге, туған елге деген махаббаттан жаралған Батырлық.

11. Махамбет шығармаларында әдеби көркемдеу құралдарының барлығы қолданылған және олардың басым көпшілігін ақын әдебиетке тыңнан қосқан. Мысалы, ақынның «Мұнар күн» атты аза жырында (реквием) эпитет, эпифора, «Ереуіл атқа ер салмай» жырында ассонанс, «Ұл туса» өлеңінде аллитерация, «Қызғыш құс» өлеңінде қайталау, «Орай да борай қар жауса» өлеңінде сұрай арнау сияқты көркемдеу құралдары молынан қолданылған. Жалпы, Махамбет әдебиеттің көркемдеу құралдарын әр өлеңнің идеясы, мазмұны мен ауанына қарай таңдап, талғап қолданады. Ерлік, өрлік, асқақ рухты жырларына метафора, теңеу, әсірелеу сияқты көркемдеу құралын алса, мұнды, шерлі өлеңдерде қайталау, психологиялық параллелизм, риторикалық арнау түрлерін молырақ пайдаланады. Өлеңнің поэтикалық келбетін кескіндеудегі ақынның «қиыннан қиыстырған» шеберлігін оның бір өлеңі аясында дәйектейік. Мәселен, Махамбет «Тарланым» деген өлеңінде айқындау, теңеу, құбылту, ауыстыру, алмастыру, әсірелеу сияқты көркемдеу құралдарының бірнешеуін қат-қабат

қолдана отырып, Исатайдың санадан өшпес мінезді, мүсінді тұлғасын сомдап, одан әрі «жұртыма құрбан болсам» деген мақсат жолындағы тірі батырдың іс-қимылын оқушының алдына жанды бейнеде әкеп көрсетеді. Оқып көрейік.

*Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме,
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім,
Керіскедей шандозым,
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім,
Қырмызыдай ажарлым,
Хиуадай базарлым,
Теңіздей терең ақылдым,
Тебіренбес ауыр мінездім.
Садағына сары жебе салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған.
Тереңнен көзін ойдырған,
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған.
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,
Жаурынына күшіген жүнді оқ шанышқан.
Айқаламай белдік байлаған,
Астана жұртын айналған.
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан*

Арыстан еді-ау, Исатай!

Бұл фәнидің жүзінде

Арыстан одан кім өткен?!

Осыдан соң оқырман құдды аты аңызға айналған батырды көзімен көргендей әсерге бөленіп, көзсіз батыр, асыл ерді, Махамбет айтса айтқандай, «Бұл фәнидің жүзінде Арыстан одан кім өткен?!» деуі анық.

Енді Махамбет шығармаларының басылымдары жайлы қысқаша шолу жасайық.

1. Алғаш рет Махамбет өлеңдері 1908 жылы Қазанда «Мұрат ақынның Ғұмар Қазіуғлына айтқаны» деген жинақта басылған. Кітап араб әліпбиімен қазақ тілінде терілген. Қазан: Типография, «Братья Каримовы», 1908. Бұл жинаққа Махамбеттің «Беріш Махамбет батырдың сұлтанға айтқаны» деген атпен ақынның 100 жолдан аса өлеңдері, ішінде «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөз» өлеңі, «Орай да борай қар жауса» толғауы, түрлі өлеңдерінің үзінділері басылған.

2. «Шаир, иәки қазақ ақындарының басты жырлары» жиюшы: Ғабдолла Мұштақ. (Бөкейліктен). – Орынбор: Кәримов-Хусайынов уа ширкәсінің парауай мәтбағасы, 1910.

3. Досмұқамбетұлы Қалелдің 1924 жылы Ташкентте «Сәуле» журналында жариялаған Махамбет өлеңдері. Ол «Махамбет батырдың сөзі» деген атпен «Сәуле» қазақша әдебиет-білім журналында 1924 жылы № 3, 4-сандарында басылған.

4. Досмұқамбетұлы Қалел. Исатай-Махамбет. – Ташкент: Қазақстан мемлекеттік баспасының Күншығыс бөлімі, 1925 жыл. Жинақ мазмұны «1. Исатай қозғалысының қысқаша тарихы. 2. «Исатай-Махамбет». Ығылман ақынның өлеңі. 3. Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі. 4. Махамбет батырдың басқа сөздері» деген бөлімдерден

кұралған. Осы үшінші басылымда («Сәуле» журналындағы өлеңдерді қоспағанда) алаш арысы, махамбеттанудың негізін қалаған ғалым Халел Досмұхамедұлы алғы екі басылымдағы ақын өлеңдерімен қатар жоғарыда айтылған осы кітапқа енген бөлімдердегі материалдарды қосып, жеке жинақ етіп шығарған. Бұл жинаққа енген өлеңдердегі сөздер мен түсініктердің Махамбет заманының, соған жақын дәуірдің адамдары ауызынан жазып алынған алғашқы басылымдармен салыстырғанда қандай өзгеріске ұшырап, жаңылыс басылғанын Қайым Мұхамедхановтың 1986 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 9,16 мамырдағы сандарында жарияланған «Семсер жырға сергек қарайық» атты мақаласынан оқып білуге болады.

5. Бұдан соң ақын шығармалары 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №8 санында «Баймағамбет правительге беріш Махамбет батырдың айтқан сөзі» деген атпен басылды.

6. Мұхтар Әуезов Махамбет өлеңдерін 1927 жылы «Әдебиет тарихы» кітабында, сосын 1933 жылы VII сыныпқа арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» атты М. Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған оқу құралында мысалға алып, талдап жазды.

7. Махамбет өлеңдері орыс тілінде тұңғыш рет 1936 жылы А.Никольскаяның аудармасымен «Повстанческое песни казахов XIX века» (перевод с казахского А. Никольской. Казахское краевое издательство. Алма-Ата, 1936 г.) атты жинақта басылып, сол кездегі орыстың зиялы қауымының назарын аударды.

8. Бұдан соңғы А.Соболевтің редакциясымен 1940 жылы Мәскеуде «Песни степей» деген антологиялық жинақтан бастап, орыс тілінде бірнеше рет жинақтарда және жеке басылды. Алайда Махамбеттің астары терең, аса бай

ұлтық өлең айшығы өзге тілге аударуда әлі күнге сәтті тәржімасына жете қойған жоқ.

9. 1939 жылдан 1962 жылға дейінгі аралықта шыққан Махамбет жинақтарын Халел Досмұхамедұлынан соңғы махамбеттану саласындағы тиянақты зерттеуші ғалым Қажым Жұмалиев құрастырып бастырды. Оларда ғалым Махамбет шығармаларын жинаққа енгізудегі ұстанымын «Махамбетті зерттеудегі қиыншылық, оның өлеңдерін хронологиялық ізбен зерттеуге бола бермейді. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігінің жылдарын белгілеу мүмкін емес. «Қай өлеңі бұрын шығарылып, қай өлеңі кейін еді?» деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын. Ал Махамбет өлеңдерінің тақырыбына, мазмұнына және жер аттарына қарап хроникалық жағына екі бөлімге бөлуге болады: көтерілістің алғашқы кезеңі, яғни, 1829 жыл мен 1938 жылдар және 1938 жыл мен 1946 жылдар арасы» деп жазған. (Махамбет өлеңдері. Өлеңдерін жинаған, өмірбаяны және сөз басын жазған – Қажым Жұмалиев. Қазақтың көркем әдебиет баспасы. Алматы, 1939 жыл).

10. 1968 жылы Қажым Жұмалиев қайтыс болған соң Махамбет шығармаларының жинағын құрастырып бастырған – Берқайыр Аманшин. Ол ақын шығармаларын «Ерулі атқа ер салмай» деген атпен 1974, 1979 жылдары және «Жыр-семсер» деген атпен 1979 жылы үш рет жинақ етіп шығарды. Алайда Б.Аманшин құрастырған бұл жинақтардағы Махамбет өлеңдерінің бұрынғы құрылымдары орынсыз бұзылып қана қоймай, өлеңдердің шумақтары бірінен біріне ауыстырылған. Мұндай оқиқылықтарды жоғарыдағы алаш арыстарының соңғы тұяғы – Қайым Мұхамедхановтың біз атаған мақаласынан, Б.Алдамжаровтың «Махамбет мұрасын мазаламайық» атты 1974 жылы жазылып, түрлі сылтаулармен жарияланбай, тек 2003 жылы ғана «Жұлдыз» журналының №3 санында

жарық көрген зерттеуінен оқып білуге болады.

11. Бұдан соң Махамбет туындылары «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай!», т.б. жинақтар мен хрестоматияларда, жеке құрастырушылардың (Ғ.Әнес, Б.Қарашин, Р.Сейсенбаев) бастыруларымен Махамбет өлеңдерінің жинақтары түрінде жарыққа шықты.

Осылардың ішінде Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары Асқар Егеубай мен Қайрат Рай құрастырып шығарған Махамбет Өтемісұлының 4 томдық академиялық жинағын негізгі нұсқа ретінде қолдану орынды.

Махамбет шығармаларының қолжазбалары Ғылым Академиясы Орталық ғылыми қолжазбалар қорымен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазақ қолжазбалары қорында 268, 406, 332, 366, 528 шифрлы папкаларда сақталған. Жалпы, Махамбет өлеңдері әдеби қорға экспедициялардың материалдары, әдебиетші, сөз зергері, ғалымдар Ғұмар Қараш, Халел Досмұхамедұлы, Қажым Жұмалиев, Балтабай Адамбаев, Берқайыр Аманшин, Ғ.Зарипов, Қ.Мырзағалиев, т.б. ел ішінен жинауымен, бастыруымен, ел ішіндегі Махамбет өлеңдерін айтып насихаттаушы Бекқазы, Қайролла Төлеев сынды кісілерден жинаушылардың жазып алуымен, С.Жаңғабылов, Қ.Жүсіпов, Т.Ауатанов, Н.Биханов, т.б. қолжазба қорларына өткізген материалдары арқылы жиналған. Ақынның әдеби мұраларының жалпы саны 70-тей ғана өлеңдерден тұрады. Алайда Махамбеттің әр өлеңі — алтынның сынығы. Осы өлеңдердің ішінде барлық оқу бағдарламаларында дерлік қамтылған шығармалар бар. Олар: «Ерулі атқа ер салмай», «Қызғыш құс», «Тарланым», «Нарында», «Толарсақтан саз кешіп», «Атадан туған аруақты ер», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мұнар күн», «Айныман», «Мінкен ер», «Тайманның ұлы Исатай».

Бұл өлеңдерді жатқа білген дұрыс.

Махамбеттің өмірі мен ақындық, азаматтық ғұмырнамасы жайлы жазылған кітаптар мен баспасөзде жарияланған деректер 1843 жылы Санкт-Петербургте шыққан Е.Л.Ковалевскийдің «Странствователь по суше и морям» атты еңбегінің бірінші кітабынан бастап бүгінге дейін жалғасын табуда. Ал ақынның шығармашылығы әдебиеттану ғылымында жүздеген еңбектердің арқауына алынып, жалпы, Махамбет шығармалары түрлі аспектіде әрқырынан зерттелініп келеді. Бұлардың кейбірін атап өтсек, олар мыналар: М.Әуезовтің «Махамбет өмірі: Махамбеттің ақындығы», С.Мұқановтың «Махамбет Өтемісұлы», Қ.Жұмалиевтің «Махамбет Өтемісов», Қ.Мұхамедхановтың «Семсер жырға сергек қарайық», «Қазақтың жауынгер, жалынды халық ақыны», З.Ахметовтың «О языке народной поэзии. Язык поэзии М.Утемисова», З.Қабдоловтың «Ерлікпен елдіктің өшпес рухы», Қ.Өмірәлиевтің «Махамбет поэзиясының тілі», Р.Сыздықованың «Махамбет өлеңдерін оқығанда», Қ. Сыдықовтың «Махамбет мұрасы», Мақсат Тәж-Мұраттың «Дулығасыз Махамбет», О.Тұржанның «Муза мен мұң», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Қ.Мәдібайдың «Махамбет Өтемісұлы», т.б. Ақынның шығармашылық ғұмырбаяны орта мектептер мен барлық гуманитарлық бағыттағы орта арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытылып, оқу бағдарламаларына енгізілген. Махамбет жайлы шығарылған, жазылған көркем әдебиеттер де өз алдына бір төбе. Олар: Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» тарихи жыры, Ілияс Жансүгірұлының «Исатай-Махамбет» драмасы, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы, Т.Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі, Қ.Жұмалиевтің «Айқас» повесі, т.б.

«ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫН СҰРАУ-ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ

Сұрау-тапсырмалар – табиғатынан проблемалық мәнге ие, оқушыға жауапты іздену арқылы табуға жетелейтін тапсырмалардың ерекше түрі. «Шығарманың өзіндік ерекшелігіне, эстетикалық сипатына үңіле барарлық сұрау-тапсырмалар балаларды іздендіруге, ойландыруға, өздігінен білім алуға жетелеуі керек. Сұрау-тапсырмалар шәкірттерді шығармашылық оқуға, шығарма мәтінін көңіл-ой көзімен, жан-сезімімен қабылдауға бастауы абзал» дейді ғалым Т.Ақшолоақов (Проблемалы оқыту – дамыта оқытудың басты жолы. «Қазақстан мектебі», 1972 ж. №9, 31-бет).

Сұрау-тапсырмалар дегеніміз – оқушыға жалпының ішінен негізгіні табуға бағыт-бағдар беретін, оқушыны талдау, іздену, зерттеу танымдық әрекеттеріне жетелейтін бағыттама құрал. Көркем мәтінмен жұмыс істеу арқылы ғана оны өз мәнінде түсінуге болады.

Көркем шығарманы талдауға арналған сұрау-тапсырмалар тақырып пен идея, сюжет пен композиция, образ бен характер, тіл мен стильді талдау үшін әзірленіп және әдеби шығарманы осы жүйеде талдауды жүзеге асырады.

Көркем әдебиетті сұрау-тапсырмалар арқылы меңгертудің түрлі жолдары бар. «Оқулықтарда шығарма бойынша жеке үзінділерді іріктеп ала білу, өз бетімен оқыған шығармалары туралы пікір жазып, онда өз тұжырымын, өз көзқарасын айта білуді, кейіпкердің мінездемесіне қатысты сезім

шырлары, көңіл-күйлері берілетін эпизодтарды таңдай білуді, шығарманың жанрлық, стильдік ерекшеліктерін меңгертуді көздейтін сұрау-тапсырмалар тапшы» дейді әдіскер-ғалым Ә.Дайырова [Қазақ әдебиетінен білім мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселелері / ғылыми мақалалар жинағы / А., «Кітап», 1990]. Осы жайларды ескере отырып, сұрау-тапсырмалар арқылы Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романын талдауды қарастырып көрейік [Шығармалары. А., «Жазушы», 1989].

1. Шығарманың сюжеті мен композициясын талдауға арналған сұрау-тапсырмалар. «Қартқожа» романы «Оқу», «Үй-іші», «Ұядағы зорлық», «Еліктеу», «Қарлығаш», «Хабар берді», «Қитық», «Ажал», «Підия» сияқты көптеген тақырыпшалардан тұрады. Оның бәрі ретімен Қартқожаның өмірі мен айналасын, қоғамдық өмірді суреттеуге арналған. Осылай тақырыпшаларға бөлінуі оқушылардың түсінуіне де ыңғайлы, әрбір аяқталған оқиғаны, ықшамдықты білдіреді. Шығарма сатылы, жүйелі композициямен дамиды. Оқиғалар желісі де табиғи ізбен бірінен-бірі туындайды. Бірақ талдау барысында біз бұлай жалпылама кетпей, *«Әр тақырыптада жазушы нені баяндады? Бұл оқиғадан Қартқожа мінезінің қандай қыры ашылды? Оқырман ретінде осы тараудан қандай жаңалық, өзіңе керек мәлімет алдың?»* деген сұрау-тапсырмалар арқылы роман оқиғаларына мән бере талдатамыз, яғни, басты сюжеттерге мән беріліп, шығарма композициясы тұтас талданады. Бір тарауда жұт жылының белгілері сипатталып, ауа райына халықтық болжам берілсе, бір тарауында төрт түлік індеттерінен хабар алуға болады, 16 жыл оқиғасы, ақтар, бөлшебектер, алаш партиясы туралы аз да болса хабардар боламыз. Мұның бәрі – өмірлік сабақ, ел өмірінің шежіресі сияқты.

2. Шығарманың идеялық бағыты мен образдарын талдау тапсырмалары. Мысалы, «Қартқожа» романының

идеясы. Көркем шығарма адам өмірі арқылы заман тынысын жеткізеді десек, Қартқожа өмірі арқылы біз талай жайларға қанығамыз. «Қартқожа» романы «Оқу» деген тақырыпшадан басталады. *Неге алғашқы тақырыпша оқу деп аталған?* Қартқожа ес білгеннен оқуды армандайды, тілмаш Әбілданы көрсе де, Уфада білім алып демалысқа қайтқан шәкіртті көрсе де, бір оқыған кісіні көрсе болды, сонымен әңгімелесіп, оқу жайын сұрайды, жатса да, тұрса да ойынан оқу кетпейді. Оқуға сусаған Қартқожаның шәкірт берген кітапты, қуанышы қойынына сыймай, айдалада атынан түсе салып оқуы оқушыға үлкен әсер қалдырады. «Оның кітапқа ынталанғандығы сонша – жан-жағына да қарамайды, андасанда мұрынын тартып қояды, демін де білдірмей алады... Оқыған сайын ажарланады, иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді...» (ол кітап Ғ.Қарашевтің «Тумыш» кітабы.) Жүністен орысша сабақ үйреніп, ақысына оған сүйген қызы Шәмкешті кездесуге шығарып беруі де оның оқуға шын ықыласы ауғанын білдіреді. Осы «Оқу» деген бөлігін оқи отырып, молдадан хат танудың қандай болатыны жөнінде біраз мағлұмат аласыз, қазіргі оқумен салыстырып, сол кездегі баланың психологиясы, молданың қаталдығына көнуі, «қожасының ақ сабауына қарай түсіп» деген сөздің өзінен, ол сабаудың тәртіпке шақыратын құрал екенін аңғарасыз. *Жазушы оқу тақырыбын ескі оқу мен жаңа оқуды салыстырып, қарама-қайшылығын аңғарту үшін бере ме, әлде Қартқожаның басты арманын аңғарту үшін бере ме, әлде оқу сол кездегі өзекті тақырып болған соң бере ме* деген сұрақтар қойып, оқушыларды ойландыруға болады. Оқу тақырыбы шығарма өзегінен бір түспейді, ең соңғы тарауына шейін жалғасып, Қартқожа мұғалімдер дайындайтын семинарияны да, институтты оқығанымен де ол оқуының аз екенін үнемі сезіп тұрады.

«Ұядағы зорлық» тақырыпшасында өзінің де, әкесінің де

көрген әділетсіздіктерін баяндап жазғанымен, бірақ жазушы оны үлкен тартысқа айналдырып, оқушының аяушылық сезімдерін оята алмайды. Шабындықтарын Бұқабай бидің шауып алуы, Мақымет байдың құнан өгізін қарызға алып, неше сұраса бермей қоюы, шабарманның қала-далаға мінетін кер қасқа атты да титықтатып, зорықтырып, амалсыз союына тура келтіруі елеусіз баяндалып, Қартқожаны ойландыруға ғана қызмет етеді. «Әттең, менің кедейлігімау!..Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын күн болар ма екен!...» деп оның ішінен ғана зығыры қайнайды. Зорлық тақырыбы да шығарманың өн бойынан орын алған. 16 жыл оқиғасы тұсында дүрмекпен қоса ілесіп жүргені үшін жалғыз құнажындарын сойысқа деп болыстың адамдарының тартып алуы, өзінің жасын 18-ге толтырып жазып, майданның қара жұмысына жіберуі сияқты қиянаттар жалғаса береді.

Романда 16 жылғы көтеріліс қалай суреттелген? «Елсең соққан балықтай». Жазушы Дәрмен образын даралай алды ма? «Арқадай байтақ, тұлпардай желді, алыптай еркін ащы айқайы аспанға құлаш сермеді, тау да, сай да, бұлақ та Дәрменге үн қосты. ... Ол қазақтың еркін күнін, ескі дәуірін жоқтады, бұрынғы өткен ерлерді, батырларды, билерді жоқтады... Бұл күнде қолдан күш кетіп, азамат басына күн туып, қазақтың басы қаңғырып, не болары белгісіз екенін сарнап, сары даланы басына көтеріп күңіренді. Тыңдаушылардың сай-сүйегі сырқырап, көзіне жас алды. Дәрмен домбырасын тастап, сылқ етіп, жантая кетті». Дәрмен – көтерілісшілердің ішіндегі бас көтерері, талай қысылтаяң шақтарда көпшілікке жөн көрсеткенімен, жастар бас сауғалағанда, ешкімге салмағымды салмаймын деп өзі қолға түседі және оны қамауға аламыз дегенімен астыртын көзін жояды. 16 жыл оқиғасының зардаптары, ауыртпалығы кімге тиді? «Ағайыннан, ауылдан қайранның жоқтығын, қазақтың береке, ұйымының кеткенін, бас паналатқандай

ешбір тиянақтың қалмағанын, қиын қыстау күн туса әркім өз басын сауғалап кететінін Қартқожа сонда білді», – дейді жазушы, бұл – шындық және дәл суреттелген. Солдаттық өмірдің Қартқожаға берген пайдасы қандай? «Қартқожаның ақыл ауданы азырақ кеңігендей, жалғыз өз басынан гөрі көптің қамы деген сөздерге құлақ қойғандай болды... Николай қазақ жігіттерін қара жұмысқа алмаса, Қартқожа жол көрер ме еді, көзі ашылар ма еді!» Қартқожаның бұл монологы ыстық-суықты көріп, ысылғанына риза жастың көңілін білдіреді. Туған жер тақырыбы қалай беріледі? «Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?» Туған ауыл. «Қартқожа үйге сүйеніп, ашамайды шынтақтап, ауылға қарап отыр. Оған ауыл бір түрлі жылы, бір түрлі қызықты, ет бауыр жақын болып көрінеді. Қоңырсыған сүт, қаңсыған қазан, қайнатқан қаймақ исі де тәтті... түтіннің исі де күндегіден жағымды тәрізді...» [110-бет]. Ауылда өскен қазақ баласы үшін бұдан ыстық, бұдан жақын ешнәрсе жоқ. Осыны бала санасына сіңіріп, оларды туған жерлерін сүюге тәрбиелейміз.

Суреткер Қартқожа боп өмірге араласады, Қартқожа болып ойланады, Қартқожа болып заманды түсінгісі келеді. Қартқожа бейнесі арқылы заман келбеті беріледі.

3. Кейіпкерге мінездеме беруге арналған тапсырмалар.

Кейіпкерге мінездеме беріп, мінездемені көркем шығармадан алынған үзінділер арқылы дәлелдеу. Мінездеменің түрлерін ажырату. Кейіпкерге кейіпкердің берген мінездемесі, кейіпкерге суреткердің берген мінездемесі, сөзіне қарап мінездеме беру, іс-әрекетіне қарап мінездеме беру, т.б. «Қартқожа» романында қазақтың қара домалақ баласы Қартқожаның портреті айнымай көз алдыңызға келеді. «Қартқожа аңғал, аңқау, салқам болушы еді». [98-бет]. «Қартқожа біртоға, бір бет жігіт – сертінен қайтып көрген емес» Қандай момын болса да, Қартқожа

ынжық емес, ол барлық оқиғаның ортасында жүреді. Бәрінен хабардар, көштен қалмайды. Көзсіз ерлік жасамаса да, ол – елін сүйген патриот. Оны қалай дәлелдер едіңдер? Оған дәлел: – «Сөз емес іс керек. Жоғалсын бас қамы! Құрысын надандық! Жасасын жұртшылық! Жасасын елге еңбек қылған ерлер!» – деп жұрт алдында сөйлеген сөзі мен сөзімен бір жерден шыққан еліне еткен адал еңбегі.

4. Шығарманың тіл ерекшелігін талдауға арналған сұрау-тапсырмалар. Көркем сөз қашанда оқушының өзіне тартып, еліктіріп, ұйытып, ерекше әсер беріп, ықпал жасауымен бағалы. «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «қақ-соқпен ісі жоқ», «өткен күннің белгісі жоқ», «салы суға кетіп», «аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мамықтай ақ бұлттар», мал ауруының түрлері: жамандат шығу, басқұрт, маңқа, маңдам, бұғыла. Табиғат суреті: жер сіреу қар. Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді», «иттерін бүйі тигендей шулатып», «биенің бірер сауымындай мезгіл, шөлейт жақ кезеңнен салаң етіп төрт атты кісі шыға келді», «аталы сөзге арсыз таласады», «заман ыңғайына, шаруа тартысына илікпеген ел жұтылып кетеді», «нар жолында жүк қалмайды», т.б.

Шығармашылықтың көзі дұрыс ұйымдастырылған еңбек пен тиімді пайдаланған уақытта жатыр. Әдеби шығармаларды оқытуда сұрау-тапсырмалар арқылы шығарманың өзіндік ерекшелігін, тақырып пен тапқырлық, тіл мен түйін, ой мен даналық жүйесін ашуға, қаламгердің өзіндік қолтаңбасын тануға басты назар аударылады.

Барлық сұрау-тапсырмалар жүйесі оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға, білімін жан-жақты байытуға, алған білімді өмірде, тәжірибеде қолдана білуге арналуы қажет. Нәтижеге жету үшін сұрау-тапсырмаларды әзірлеумен қатар оқушыларды сұрау-тапсырмамен жұмыс істеуге жұмылдыра білу, оқушының ішкі қарсылығын жеңе білуде үлкен мән жатыр.

Жанар ТОҚТАРБАЙҚЫЗЫ,
«Арыстан» мамандандырылған әскери
лицейдің оқытушысы, ф.ғ.к.
Алматы облысы,
Талғар ауданы,
«Бесқайнар» ауылы.

«ЖАНАМ ДЕГЕН ЖҮРЕККЕ ОТ БЕРЕМІЗ...»

«...Мемлекеттік қызметке жастардан кадрлар қорын дайындау қажет» деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне орай Қазақстан Республикасында жас мемлекетіміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылымдарына болашақта елеулі өзгеріс кіргізетіндей түпкі мұраты бір, бағыттары түрлі мекемелер, ұйымдар жұмыс істей бастады. Соның бірі – Қазақстан Республикасының білім кеңістігіндегі қайырымдылық акциясы негізінде ұйымдастырылған, ер балаларға әскери істі тереңдете оқытып, жаратылыстану-математикалық бағдарда сапалы білім алу мүмкіндігіне қол жеткізетін «Арыстан» мамандандырылған әскери лицейі болып табылады.

Іле Алатауының тамаша бір қойнауынан, Алматы қаласының іргесінен орын тепкен үш қабатты заманауи білім беру кешені алыстан менмұндалап көз тартады. Бұрын «Горный садовод», қазірде «Бесқайнар» аталатын ауыл етегімен шектесетін әсем ғимараттың сыртқы салтанатынан ішкі құрылымы асып түседі. Кіре беріс холдағы «Арыстан» мамандандырылған лицейінің әнұраны мен таңбасы, шәкірттердің мақсат, міндеттері айшықталған қабырға жазулары, түрлі мәдени іс-шаралардан хабар беретін көркем

суретті көрнекіліктер тәуелсіз еліміздің озық ойлы, сапалы білімді, әскери тәртіппен шындалған болашақ әскери қызмет мамандары даярланып жатқан орта оқу орнының әл-қуаты мен құқықтық ұстанымынан хабар береді.

Лицей әскери тәртіпке негізделген интернат типінде жұмыс істейтіндіктен оқыту семестрлік жүйеде жүргізіледі, ал шәкірттерді оқыту, тамақтандыру, арнайы түрлі киіммен, жайлы жатын орынмен қамтамасыз ету осы орта оқу орнының мойнында, яғни, «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» қоғамдық қорының филиалы «Арыстан» мамандандырылған лицейінің есебінен қарастырылған.

Ұл бала, жігіт, еркек қашаннан ел қорғаны болғандықтан, мұнда қабылданатын ер балалар Қазақстанның барлық аймақтарынан, қалаларынан екі кезеңде іріктеу кезеңінен өтеді, сегізінші сынып оқушылары арасынан басымдық негізінен денсаулығы жақсы, әскери өмірге икемді, оқу озағтарына, спорттық сайыс үздіктеріне және әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына беріледі.

Лицейдегі оқыту жүйесі жоғары деңгейде жүзеге асырылады, мұндағы оқытушылар құрамы арнайы конкурс негізінде іріктеліп алынған әрі мұндағы оқу дәрісханалары, зертханалар, кітапхана қоры, интернет жүйесі шәкірттердің жан-жақты дамуының кепілі бола алады. Бұдан өзге әскери тәрбие беру ісімен айналысатын командирлер құрамын алсақ, ең төменгі әскери шен майорлық болып табылады. Озық медициналық құрылғылармен қамтамасыз етілген әскери лазарет пен спорттық кешендер, асхана, бассейн, монша, акт залы – бұл білім беру кешенінің республикадағы арнаулы оқу орындарының ішіндегі үздіктердің бірі екендігіне көз жеткізеді.

Лицей бастығы запастағы генерал-майор, педагогика ғылымдарының докторы Тауланов Сәбит Сәуменұлы мырза – осы лицейдің ашылуы мен өркендеуіне зор үлес

қосқан тұлға. Лицей шәкірттері мен ұстаздар құрамымен болған бір жиында «Ат жалын тартып азамат болғаннан кейінгі негізгі арманымның бірі білім мен тәртібі үйлескен, оған қоса материалдық базасы мықты, Отаны үшін от пен судан тайынбайтын жас арыстандарды тәрбиелейтін оқу орнын ашу арманым еді. «Арыстан» лицейі – менің осы арманымның жүзеге асқан көрінісі, халықтың баласы – менің балам, әр ұстаз өз ұрпағына қандай білім мен тәрбие бергісі келсе, мұнда соны іске асыруға болады» деген еді. Иә, лицей басшысының жүріп өткен өмір жолына зер салсақ, ісі мен сөзі біте қайнаған, Тәуелсіз Қазақстан әскери күшінің нығаюына көп күш сіңірген ардақты азамат екендігіне көз жеткізесіз. Алаш деп ұран салған кешегі ерлердің тұлпарының тұяқ дүбірі әлі кетпеген ежелгі Ақ Жайықтан түлеп ұшқан қыран құс бүгінде Алатау бөктеріндегі білім кешенінде жас түлектерді ерлік пен елдікке, жүйелі білімге, әскери тәртіпке баулу ісіне басшылық етуде. Әрине, «Арыстан» мамандандырылған лицейін материалдық жағынан қамтамасыз ететін «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қорына» шәкірттердің ата-аналарының айтар алғысы зор. Себебі мұнда білім беру, тәрбие беру, тамақтандыру, сауықтыру жүйесі тамаша жолға қойылған. Менің, жеке оқытушының көзқарасы бойынша айтсам, осы жерден білім алу бақытына ие болған шәкірттің қабілеті жетсе, болашағы зор. Егер бала кезімізде дәл осылай жүйелі білім берілсе, қазірде академик болар ма едік деп те ойлаймын. Мұндағы жаратылыстану-математика бағытына қоса орыс тілі тереңдетіледі, өйткені білім беру орыс тілінде, ағылшын тілінен үздік мамандар дәріс береді, қазақ тілі екі топқа бөліне оқытылады. Оқимын деген өренге барлық жағдай жасалған: қосымша спорттық секциялар, би үйірмесі жұмыс істейді, музыкалық дарынын шыңдауға да кеңінен жол ашылған. Пән апталықтарымен қатар түрлі мәдени іс- шаралар өткізіледі,

қалаларға, түрлі сипаттағы жарыстарға талантты шәкірттер жіберіліп отырады. 10-сынып шәкірттері арасынан физика саласы бойынша Нұрдәулет Жолдасов, қазақ тілінен Владислав Харлинский облыстық олимпиададан екінші орынға табан тіресе, ағылшын тілінен Абылай Оразханов екінші орынды, орыс тілінен Илияс Камеледенов үшінші орынды иеленді.

Мұнда бойкүйездік пен берекесіздікке орын жоқ. Ұстаз да бойындағы барын сарқа қызмет етеді, шәкірт те соған лайықты болуға тырысады. Рас, ішінара оқу үлгерімі төмен оқушылар да кездеседі, олармен жеке жұмыстар жүргізіледі, берілген уақытта үлгерімін түзей алмаса, семестр соңында үйлеріне қайтарылады, оның орынына резервтен өзге үміткер шақырылады. Ұстаздарға қойылар талап та қатаң, әдіскерлік шеберлігіне, теориялық біліміне қоса шәкірттерден алынатын сауалнамаға да көңіл бөлінеді. Олардың да құрамы жаңаланып отырады.

Әскери бағыттағы орта оқу орыны болғандықтан мұнда тәртіп қатал, әр күн белгілі ережеге сай өткізіледі, ай сайын оқу үлгерімі тексеріліп, қорытындысы педагогикалық кеңесте талқыланып отырады.

Шәкірттерді отансүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеуде, болашақтың кемел ойлы, келісті азаматы болып қалыптастыру жұмысы аясында лицейге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінен, республикалық үздік білім ордаларынан арнайы қонақтар шақырылып, кездесулер ұйымдастырылып отырады. Мәселен, ақпан айының ортасында өткізілген аты аңызға айналған армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовпен болған жүздесу, Ауған соғысының ардагерлерімен болған кездесуден алған әсерлері лицей шәкірттерінің көкейінен көпке дейін өшпесі анық. Бұл — ерлікті құрметтеу мен оған тағзым етумен қатар шынайы

тәрбие берудің де тамаша көрінісі.

«Арыстанда» оқу орыс тілінде жүргізілетініне қарамастан қазақ тілінде ой толғап, өлең жазуға талапты шәкірттер де бар. Себебі көпшілігі орта мектепте қазақ тілінде білім алған, мұнда әскери қызметкер болу ниетімен оқуда.

Төменде «**БАЛАУСА ЖҮРЕКТЕР СЫРЛАРЫ**» атты жалпы тақырып атауымен жас жеткіншектердің жауқазын жырларын оқырман қауым талғамына ұсынғанды жөн көрдік.

Архат АЛДАБЕРГЕН.

10-сынып оқушысы.

МАХАББАТ ҚОЙ ЖҮРЕГІМДІ ТЕРБЕГЕН

Махаббат – мәңгі жыр ғой, мәңгі белес,

Мен айтам сезім жоқ деп оған теңдес.

Бір көріп сұлу жанға ғашық болдым,

Шын сүю – асыл сезім, күнә емес.

Пайғамбар сүйіп өткен асыл жарын,

Махаббат – бақыт құсы, қонған бағың.

Шариғатта махаббат ақиқат қой,

Алланың жазғанына бағынамын.

Жүрегіммен сезінемін сөзіңді,

Неге мұнша қинап жүрсің сезімді?

Жігіт-ақ ем мен байсалды, төзімді,

Күтумен-ақ ет жүрегім езілді,

Қашан көрем, сағындым ғой өзінді?!

ТІЛІМ МЕНІҢ

Тілсіз өмір – күнсіз өмір, қараңғы,

Айыра алмас жақсы менен жаманды.

Беу, қарағым, тілің үшін күрескін,

Ана тілім әлдилесін ғаламды.

Тілге, қазақ, берік болғын сүйгеніндей анаңды,
Өз тілінде тәрбиеле періштеңді, балаңды.
Мәңгүрттердің жүрегіне жебе болып қадалғын,
Табанына тапталпағын, уландырма санаңды.

Мен тілімді байлығым деп білемін,
Тіл жеткізер бабалардың тілегін.
Қиналғанда тілің болар тірегің,
Өзге тілдің бәрін сыйлап болдық қой,
Өз тіліңнің қадірін біл, ұлы елім!

Мирас АМАНГЕЛДИНОВ,
10-сынып оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХ КӨКТЕМІ

Аңсаған бабам – азаттық,
Азаттық деймін – ұраным.
Бірлігін ойлап Тұранның
Шарқ ұрған ерке ұланмын.
Бірлік пен теңдік қазақтың
Арманы болған сан ғасыр.
Аңсаған бабам – азаттық,
20 жыл бұрын алды ақыр.

Тәуелсіз елім бүгінде
Талайлармен теңескен.
Орта Азиялық барыспын
Айдарынан жел ескен.
Кімдер терін төкпеді,
Қазақстан, сен үшін!
Тәуелсіздік – тарих көктемі,
Ерлерім алды елі үшін!

Тәубе етіп, қазақ, жүрейік
Тәуелсіз атқан күн үшін!

ӘСКЕРИ ЛИЦЕЙ «АРЫСТАН»

Салауатты өмір салтын сақтаған,
Өз жұмысын тың саладан бастаған,
Тәртіптің де, әдептің де ұясы –
Әскери лицей «Арыстан».

Қиындыққа мойымай,
Артқа қадам баспаған,
Темірдей қатаң тәртіппен жаңа істі бастаған.
Шәкірттері болаттай, отқа салса жанбаған,
Мақтан тұтар біздерді, бүкіл елім, Астанам!

Қырандайын шың басында қомданған,
Алатаудың баурайында жонданған,
Оқушының арманына айналған,
Сен мың жаса, «Арыстан»!

Сұңғат ҚАЖЫКЕН,
10-сынып оқушысы.

АНА ҮМІТІ, ӘКЕ СӨЗІ

...Мен бүгінде оқудамын, тылдамын,
Әскер ісін армандаумен жүр жаным.
Жүрсеніз де Сіз алыстан сезесіз,
Жүрегімнің соғып жатқан ырғағын.

Әкем сөзі әркез менің ойымда:
«Еріктірмей еркелік пен ойынға,
Әскери тәртіп адам қылар баланы
Патриоттық сезім құйып бойына».

Осы сөзге бердіңіз Сіз келісім,
Әскерілік жол ашылды мен үшін.
Ана үмітін, әке сөзін ақтаймын,
Отан үшін күресемін, ел үшін!

Гүлшара ӘБСЕМЕТОВА,
Қаныш Сәтбаев атындағы
№216 орта мектептің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті.

СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Мақсаты: оқушылардың Ғабит Мүсірепов шығармашылығы туралы білімдерін арттыру.

Жүргізуші: - Ғабит Мүсірепов – ұлттық сөз өнері тарихында зор тұлғаға айналған қаламгерлеріміздің бірі. Оның әңгімелері, романдары мен драмалары зерделі зергер қолынан шыққан хас сұлулығымен, мөлдіреген тіл тазалығымен де айырықша әсерлі.

Бүгін жазушы мұралары жөнінде ғабиттанушы ғалымдар тілші сұрақтарына жауап береді.

Тілші: - Ғабит Мүсіреповтің балалық шағын айтып берсеңіздер.

Айжан: - Мүсіреповтің балалық шағы туралы өзінен артық айтқан адам болмас. Сондықтан оның «Автобиографиялық әңгімесін» тыңдасақ.

(«Автобиографиялық әңгімесін» бес оқушы жатқа оқиды).

Тілші: - Қазақ әдебиетінде ана бейнесін Ғабит Мүсіреповтен артық жан-жақты суреттеген қаламгер жоқ.

Аналар туралы айтсаңыз.

Файзулла: - Ана туралы новеллалар шоғыры 1934 жылы «Ана» атты кітапта топталып берілді. Бұл новеллалардағы ортақ типтік бейне – шындық үшін, әділет үшін өмірдің небір қиындығына да қарсы тұрып, кедергілерді жеңе білетін, әлемге өмір тарататын, сол өмір үшін өліммен айқасатын, қауіптің алдында қорқып иілмейтін, әрі мейірбан, әрі айбатты күрескер, өршіл, өжет ананың образы. «Ананың анасы» новелласында бір елді бір елдің шауып алуы үздіксіз жүріп тұрған сол бір қатал заманда да әйелдің ұлылығына бас иген адамдар болғандығын айтқысы келген. Жазықсыз елді шауып, жас қызды тұтқынға алып бара жатқан озбыр барымташыларды қыздың анасы дәлелді сөзбен тоқтатып, даналықпен жеңеді. «Ер ана», «Ақлима» новелласында соғыс кезіндегі аналардың ерлігін баяндайды.

(«Өлімді жеңген ана» әңгімесінен көрініс, «Ананың анасы» әңгімесінен ананың монологын жатқа оқу).

Тілші: - «Зытып келем, зытып келем.....» деп басталатын» «Қазақ солдаты» романын білмейтін адам жоқ. Осы роман туралы айтсаңыз.

Ғайһар: - Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқанда жазылып, 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен жарыққа шыққан бұл роман 1950 жылы қайта өңделіп, «Қазақ солдаты» деген атпен жарияланды. Қайрош туралы бұл роман Болгария, Польша, Румыния, Франция, Бельгия, Чехославакиядан оқырман тапты.

«Қазақ солдаты» романы – ұлттық әдебиетте бұрын бейнеленбеген күрделі құбылыс, соғысты кең көлемде суреттеген шығарма.

Жазушы онда қазақ халқы өміріндегі жаңа дәуір өзгерістерін, адамның рухани жетілу жолын сол заманмен

күрда жас адамның тағдыры арқылы ашып көрсетеді.

Қайрош Сарталиевтің прототипі – Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов. Қайрош образы – Отанын шексіз сүйген жастың бейнесі. Ол өмірден өз орынын іздеп, халыққа қызмет көрсетемін деп асқақ арманға құлаш ұрады.

(«Қазақ солдаты» романынан көрініс).

Тілші: - Өзінің ақылымен, қайырымдылығымен ел анасы атанған қазақ әйелдері аз болмаған. Солардың бірі – Ұлпан туралы шығармаға тоқталсаңыз.

Ғазиза: - Жазушы шығармаларындағы қаһарман әйелдердің тәжі де, шыңы да – Ұлпан бейнесі. Ұлпанның бір бойында драма да, трагедия да, қайраткерлік те, қаһармандық та шынайы тоғысқан.

Шығарманың оқиғасы XIX ғасырда қазақ даласында болған тарихи шындықтарға негізделген.

Есенай – Шыңғыс сұлтанның беделді биі. Кезінде қатал, әділ, тегеурінді би болып дәуірлеген Есенай жасы алпысқа келгенде кенеттен екі ұлы шетінеп, өзі де зардап шегіп, соңғы 7-8 жылын діндарлыққа, тақуалыққа береді. Міне, ол осы тұста Артықбай батырдың Ұлпан атты 18 жастағы қызына құлап түседі. Билік пен байлықтың дәмін бір адамдай көрген Есенайға жар жылуы мен перзент қуанышы жетпей жүрген еді. Міне, осының бәрін Ұлпаннан табады. Есенай енді бүкіл Сибанның билігін Ұлпанға тапсырады. Ұлпан кедейлердің өздеріне тиесілі үлесін береді, медресе салдырады, елді отырықшылыққа, егіншілікпен шұғылдануға үйретеді. Дау-жанжалды әділ шешеді, әйел теңдігі мәселесін көтереді. Уақытынан ерте озған Ұлпанның әрекеті қалың бұқарадан қолдау тапқанмен, кейбіреулерге жаққан жоқ. Ұлпанның айналасында дау-шар мен арыздың, айдап

салы, барымталату тәрізді әрекеттің отын үрлеушілер көп болды. Әуелі Есенейден, одан соң қызы Біжікеннен айырылған Ұлпан трагедиясы әр түрлі себептерден асқына түседі. Роман финалында Ұлпан өзін-өзі өлтіреді. Ұлпан өлгенмен оның іс-әрекеті өлген жоқ, ел ауызында, тарих шежіресінде жарқырап қалды.

(«Ұлпан» романынан үзінді оқу).

Тілші: - Кезінде жұртшылықтың ыстық ықыласын тудырған «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы туралы не айтар едіңіз? Неліктен поэма деп аталған?

Ақниет: - Ғабит Мүсірепов шығармашылығында ерекше орыны бар туындының бірі – «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы. Осы поэма үшін 1968 жылы жазушы Мемлекеттік сыйлық алды. «Кездеспей кеткен бір бейне» неліктен поэма деп айқындалған? Бұған бірнеше себеп бар. Шығарма, біріншіден, өзінің бас кейіпкері етіп Еркебұлан ақынды алған. Мұның прототипі – қазақ әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі Сәкен Сейфуллин. Автор өз кейіпкерінің белгілі бір кезеңін ғана алған, яғни, оның «жұлдызды сәтін» бейнелеуге ұмтылған. Бір кезде бір көргенде жүрек түбіне орнаған арман шоғы арада уақыт өтсе де екеуінде де сөнбеген. Бірақ, амал не, қайта кездесуге жазғанмен, көрісуге жазбапты. Еркебұлан тұтқыннан қашып, алыстан аңсап келгенде Ақлима шешек ауруымен ауырып, өлім халінде, ажал ауызында, адам көргісіз жағдайда жатады. Ақлиманың тән сұлулығынан айырылса да осы қайғылы сәттің үстінде жан сұлулығынан айырылмағаны адамды таңқалдырады. Жазушы бұл шығармасын прозамен жазғанмен, онда өмір поэзиясы әңгіме болады.

Тілші: - Ғ.Мүсіреповтің қазақ өнеріне, ұлттық театрдың қалыптасуына сіңірген еңбектері туралы айтсаңыз?

Іслам: - 1926 жылы тұңғыш театр ашылса, 1933 жылы музыкалық театр ашылды. 1934 жылы Ғабит жазған «Қыз Жібек» либреттосы зор қошеметпен өтті. 1936 жылы Мәскеуде өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде астана жұртшылығы спектакльге қайран қалды. «Қыз Жібекте» қазақ өнерінің небір дүлдүлдері бәйгеге қосылыпты. Күләш Байсейітова (Жібек), Қанабек Байсейітов (Төлеген), Құрманбек Жандарбеков (Бекежан), Манарбек Ержанов (Шеге), Ғарифолла Құрманғалиев, Шара Жиенқұлова алып шығып еді.

1971 жылы «Қыз Жібек» атты екі сериялы көркем фильм шықты. Сценарийін Ғабит Мүсірепов жазған бұл лента қазақ кино өнерінің алтын қорына қосылған үздік туынды болып табылады. Ал «Амангелді» пьесасын Бейімбет Майлинмен бірлесіп жазады. Күні бүгінге дейін театр сахнасынан түспей келе жатқан «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиялары – шоқтығы биік туындылар.

(«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясынан үзінді).

Айжан: - Жазушының «Оянған өлке», «Жат қолында» атты романдары, 1932 жылғы асыра сілтеу, аштық туралы «Шұғыла» әңгімесі, атом бомбасының қасіреті туралы жазылған «Жапон балладасы» және қызықты оқиғаға негізделген «Боранды түнде» атты әңгімелері бар.

(«Боранды түнде» әңгімесінен көрініс. «Жапон балладасынан» үзіндіні жатқа оқу).

Жүргізуші: - Ғабит Мүсірепов туралы, тағылымы туралы бір кеште айтып шығу мүмкін емес. Ол – ер басына күн туып, етігімен су кешіп, елінің жартысын жайратып салған 1932 жылдың қилы заманында бес азаматтың бірінен қылышынан қан тамған жоғары орынға жанын шүберекке түйіп жүріп ашық хат жазған ақберен азамат.

Б.Майлинге жала жабылғанда «Биағаң халық жауы болса, мен де жаумын» деп адам таңқаларлық қайсарлық көрсеткен де болатын. Ғабиттің асыл мұрасы, жүрегін жарып шыққан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз. Айтулы азаматтың адамдық қасиеті, азаматтың тұлғасы – бәрімізге үлгі, өнеге.

Осымен жазушы, академик, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповке арналған кешімізді аяқтаймыз.



Клара САПАРҒАЛИЕВА,
Махамбет жалпы орта білім
беретін мектебінің
кітапханашысы.

Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы,
Махамбет ауылы.

ЖЫРЫМЕН ЖАС ҰРПАҚТЫ ТЕРБЕТКЕН

1-жүргізуші: - Армысыздар, сөз өнерін құрметтеуші,
жырсүйер қауым!

2-жүргізуші: - Армысыздар, қымбатты қонақтар!

1-жүргізуші: - Жайық өңірі – қазаққа Исатай мен
Махамбетті, Құрманғазы мен Динаны, Мәншүк пен Әлияны,
Роза Жаманова мен Қадиша Бөкееваны, атақты суретші
Сәкен Ғұмарды, ақындарымыз Қадыр, Тайыр, Сағынғали,

Ақұштап Бақтыгерееваны, Жұбан Молдағалиевті сыйлаған қасиетті өлке.

2-жүргізуші: - Жайық – ел тарихында биіктен көрінер ұлы тұлға, «қазақпын» деуге ұлтшыл атанудан қорқып, көбі жалпақтап жүретін заманда «Мен қазақпын» деп жариялап келген, өмірде де, поэзияда да оңай жол іздемеген, Қазақтың халық жазушысы, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, ақын Жұбан Молдағалиевтың кіндік қаны тамған жер.

1-жүргізуші:

- Жазбаймын уақыт өтсін, ойнасын деп,

Жазамын, Абайша айтсам, ойласын деп.

Ойлансын өзі жайлы, заман жайлы,

Көргенді қиялымен байласын тек,- деп ақынның өзі жырлағандай, кешті ашуға рұқсат етіңіздер!

2-жүргізуші: - Қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген, кешегі кеңестік идеологияның жалын атып тұрған кезінде:

Мен – қазақпын, белдімін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім!- деп тұтас бір ұлттың атынан әнұранға пара-пар поэма жазған, ең алдымен ақындығымен, азаматтығымен, қайсарлығымен талайды тәнті еткен, көзінің тірісінде-ақ қазақ өлеңінің жыр-дариясы атанған Жұбан Молдағалиевтің туғанына – 92 жыл!

1-жүргізуші: - **Молдағалиев Жұбан** – (5.10.1920, бұрынғы Тайпақ ауданы, Жыланды ауылында дүниеге келген) – ақын, Қазақстанның Халық жазушысы (1985), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). 1940 ж. Орал ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, 1940-1947 жылдары әскер қатарында болған. ССРО-Германия соғысына қатысқан. 1948-1952 ж. «Лениншіл жас»

газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары, 1958-1963 ж. «Жұлдыз» журналының бас редакторы болған. Бірнеше жыл Қазақстан Жазушылар одағын басқарды. Ж.Молдағалиев КСРО және Қазақстан Жазушылар одақтары басқармаларының мүшесі, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Әдебиет, көркемөнер және сәулет саласында Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің, «Новый мир» журналы редколлегиясының және «Библиотека поэта» басылымы редколлегиясының мүшесі болды. Ол бірнеше ордендермен және медальдармен марапатталды.

2-жүргізуші: - «Мен – Жұбан, төрт баланың кенжесі едім».

Жайық өзенінің сол жақ бетіндегі Азынбай-Тайпақ деп аталатын алқап –Жұбан Молдағалиевтың кіндік тамған жері, дәлірек айтсақ, осы өңірдегі далалық өзен Өлеңті бойындағы Жыланды аумағының Шеген қыстағында 1920 жылы күзде Байбақты руының Құл деп аталатын тармағына жататын Молдағалидың кенжесі Жұбан өмірге келді.

1-жүргізуші:

*- Басқа жер жылады ма, жұбанды ма,
Шаттықта шек болмаған Жыландыда.*

Бақырып басына елді көтеріп бір,

Дүниеге келген сөйтіп Жұбан мұнда,- деп тереңнен толғанып, өзінің кіндік қаны тамған жерін қастерледі.

«Туған елге».

«Орал туралы ойлар» /үзінді/ өлеңдері оқылады.

2-жүргізуші: - Осындай ыстық леп, туған жері туралы толғану Жұбан шығармаларының көбіне тән. Жалпы, ақынның соңында қалған мұраларының ішінде оның туған жер туралы дастандары мен очерктерінің орыны – бір төбе.

1-жүргізуші: - Жұбанның жырларындағы өршіл рух сонау балаң кезі – соғыс жырларындағы өлеңдерінен айқын көрінеді. Мысалы: «Солдат сыры» өлеңінде отаншылдықпен жастық сезімдер жылы сыршылдық лепке бөленген. Ол екеуінің аражігін ашпай біріктіріп жібереді. Бұдан Жұбанның сол соғыс өртіңде жүріп топшысын көтерген жас қанатты жырының өзінде ақындық талғам бар екенін көреміз.

«Солдат сыры» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: - Соғыстан кейінгі алғашқы жинағы «Жеңіс жырлары» 1949 жылы жарық көрді. Осыдан бастап қазақ оқырмандарына өзінің ақындық талантын мойындатқан Жұбан қазақтың ұлттық сөз өнеріне елу жылдық өмірін арнады. Ол адамдар, халықтар арасындағы жарасымды қарым-қатынасты кең суреттеп, елді, жерді сүйеу сезімін туындылары арқылы байыта бейнеледі. Сол тұста жазылған «Жолдас» деген өлең.

«Жолдас» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:

*- Мен қазақ әйеліне қайран қалам,
Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған.*

Сол менің жүрегімнің ханшасы,

Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған, – деп Жұбан

Молдағалиев қазақ әйелін дүниенің бар салмағын көтерген қара жермен ғана теңестіреді. Ол өлең – Жұбан лирикаларындағы асқақ патриотизм шыңы.

«Мен қазақ әйеліне қайран қалам» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: - 2010 жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жерлесіміз, қазақтың ақиық ақыны Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасын насихаттау туралы шешім қабылданды.

Жұбан Молдағалиев – өз заманының перзенті. Ол кеңес дәуірінің кезіндегі ащының да, тұщының да дәмін

баршамен бірге татты.

1-жүргізуші: - Ақиқатты тура айтқыш мінезімен бірде жоғары, бірде төмен деңгейлердің бәрінен де өтті. 60-жылдарда жарық көрген «Мен – қазақпын» поэмасы – кеңестік дәуірдегі штампқа сай келмейтін эпикалық шығарма. Отызыншы жылдары тұтас ұлтты ғана емес, сол ұлттан шыққан қайраткерлерді ардақтағаны үшін, жерін, суын, халқының өткенін суреттегені үшін кейбір қазақ поэзиясы алыптарының қызыл идеологияның құрбаны болғаны белгілі.

2-жүргізуші: - Ал Жұбан болса өз ұлты атынан «Мен – қазақпын» деп гимн айтты.

«Мен – қазақпын» поэмасынан үзінді оқылады.

1-жүргізуші: - Жұбан Молдағалиев бұл ұрпақтың рухани көсемі болды. Оны қаралаушылардан қорғады, сөйтіп ғасырлар бойы бостандық аңсаған халқының алдында перзенттік парызын өтеді.

2-жүргізуші:

- Жатады жылдар өтіп, жыл ескіріп,

Жүрсін тек парызымның үні естіліп.

Парыз да клеткадай, жүрегімдей,

Тұрады тамырға қан үлестіріп, – демекші, Жұбан ағамыз – біздің барша оқырмандарымыздың жадында, зердесінде мәңгілік қалатын арқалы ақын, айбынды азамат.

1-жүргізуші: - Елін ерлікке, бірлікке үндеген, қаһарман халқымыздың қастерлі тарихын жырлап, содан үлгі алуға шақырған ақын жырлары мәңгі жасай бермек.

2-жүргізуші: - Осымен «Жырымен жас ұрпақты тербеткен» атты әдеби-өмірбаяндық кешімізді аяқтаймыз. Көріскенше сау-саламат болыңыздар!



Жұмабақыт ТОЛЫШҚЫЗЫ,
Өнер мектебінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы.

ҚОҢЫРАУ ДАУЫСЫ

МАМЫР КЕЛДІ

Мамыр келді жайрандап,
Көз қарытып жайнаңдап.
Қарсы алып жүр құстар да
Көк аспанда сайрандап.

Тырналарым тыраулап,
Бал-бұлақтар сыландап,
Ерке сылқым қимылмен
Бұлғаң қағып бұрандап.

Жауқазындар жамырап,
Әп-сәтте қалар жадырап.
Көңілі тасып, құлпырып,
Нұр шашады атырап.

Жерге дәнді септіріп,
Азығын елдің ектіріп,
Таратып көпке мейірін,
Көрсеткен Мамыр ептілік.

Гүлдерден алқа тағады,
Көңілін елдің бағады.
Жаймашуақ қылықпен
Жан біткенге жағады.

ЕСІМІЗГЕ АЛАМЫЗ

Ақиық, ақпа ақын, ағынды ақын,
Селдеткен сөз өнерін арынды ақын.
Ағынды ақын, арыны тау суындай,
Өзіңді сағынып жүр енді халқың.

Ыстық шоқ лебін шашқан, жалынды ақын,
Өлеңінің көзі бар дарынды ақын.
Көкірегіңе өлеңі жылы тиер,
Өзі жақын, еліне сөзі жақын.

«Ең бірінші бақытым»

Деп едің өзің халқыңды.
Сол елің бүгін бағалап,
Шығарып жатыр даңқыңды.

Есептедің екінші
Бақытым деп тіліңді.
«Тәубә» дейміз, тілің де
Қатарға қазір ілінді.

Бағаладың үшінші
Бақытым деп Отанды.
Отаның да, міне, енді
Ерікті ел атанды...

Сырларыңа тағы да бір қанамыз,
Жырларыңа жылып қайран қаламыз.
«Өлеңіңнің өшпегенін, көшкенін»
Қуана бір есімізге аламыз.

ШӘКІРТІМДІ СҮЙЕМІН

Шәкіртіме мейірім нұрын төгемін,
Шәкіртімді сол нұрменен өбемін.
Көкірегімде жарқырайды жұлдыздар,
Шәкірт үшін мен белеспін, төбемін.

Шәкіртімді көрмей қалсам сағынам,
Солар десем күмбірлейді ағын-ән.
Шәкірттермен көрінеді табысым,
Шәкірттермен айқындалар шабысым.
 Шәкірттерім – менің асқар биігім,
 Сол биікте ойнақтаған киігім.
 Шәкірттерім – құйылатын кеудеме
 Әсем сазды әуелеген күй үнім.
Шәкірттерім – еңбегімнің жемісі,
Шәкірттермен айқындалар ер ісі.
Шәкірттерім озып келсе бәйгеден,
Ол да – ұстаздың рухани жеңісі!

ҚОҢЫРАУ ДАУЫСЫ

Қоңырау дауысы шыр етті,
Жүрегім тағы дір етті.
Шәкірттердің дауысы
Суылындай қанаттың
Тағы да бір дүр етті.
 Ұстаз болып ұзақ жыл
 Осы үнді жиі естідім.
 Сол жылдардың ішінде
 Шығардым талай естіні,
 Ойымда тұрар кескіні.
Мөлдіреген көздері,
Есімде сыңғыр сөздері.
Ілім менен білімді
Қабылдап қатар өздері,
Тіл құдіретін көздеді.
 Ұстаздықты бақыт деп
 Сондықтан мен ойлаймын.
 Жүрегіне баланың

Жүргендей-ақ теңізде

Терендеп ылғи бойлаймын.

Ұйып тұрсын тыныштық,

Мамандығым тым ыстық.

Демалыстан келдік те

Шәкірттермен бүгін біз

Қайта тағы қауыштық.

Аяулы барлық ұстаздар,

Бойларыңда бәріңнің

Жиылған білім-иірім бар.

Мерекеден бүгінгі

Тағы бір ләззат алыңдар!

Бүршік атқан гүлдерді аялайық,

Нәр берейік, соларды саялайық.

Болашақ та түрленсін соларменен,

Күш-жігерді төгейік, аямайық,

Аялайық, ұрпақты аялайық.

ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ

Жазғы түнде жұлдыз жымың қағады,

Сәнденіп түн айдан алқа тағады.

Тамылжыған түн аспаны құшаққа

Жан біткенді құшып баурап алады.

Жазғы түнде сылдырап су ағады,

Ағынды су сылқ-сылқ күліп алады.

Құстар-дағы сол күлкімен жарыса

Әсем әнге әуелете салады.

Жазғы түнде адам балқып кетеді,

Құстар әні тым алыстан жетеді.

Ән, әуеннің бойға тарап ләззаты,

Елітеді қызық қиял жетегі.

Жазғы түнде ағар жырдың бұлағы,
Жазғы түнде жүректе сыр тұнады.
Жазғы түнде кеуденде күй күмбірлеп,
Күйленеді домбыраның құлағы.

Жазғы түнде ашық болсын көк аспан,
Сәуле төгіп арманыңа жол ашқан.
Тыныш болсын еліміз бен жеріміз,
Береке мен ынтымағы жарасқан!

ҚАР ЖАУАДЫ ҚАЛЫҚТАП...

Жапалақтап қар жауды
Мамыққа орап жер, тауды.
Жылтыраған күміске
Еріксіз көңіл өзі ауды.

Ақ көбелек қалықтап
Жерге ақырын қонады.
Көп көбелек қонып ап
Жайғандай қанат болады.

Сол қанаттан көрінбей
Қара жер ақ боп жатады.
Жерге таза қызығып,
Таң да ағарып атады.

Көбелекті үркітіп
Боран борап соқпасын.
Сіңірсін жер, құт қонсын,
Қашанда халық тоқ болсын!

Аппақ дала, таза ауа,
Береді назар жиі ауа.
Көңілді әсем көтеріп,
Жауа берші, қар, жауа!

АНА ТІЛІМ, АРДАҒЫМ!

Тағдырдың көріп салғанын,
Көтердің ауыр салмағын.
Қалжырап жеттің бұл күнге
Ана тілім, ардағым!

Қыспаққа қалдың иланып,
Қиылып топшың қиналып,
Қансырап жеттің бұл күнге,
Ана тілім, ардағым!

Тамырың кеуіп қуарып,
Қан жүрмей қалды суалып,
Сансырап жеттің бұл күнге,
Ана тілім, ардағым!

Бір тұрып, бір құладың,
Сан талып, неше сұладың?!
Қалтырап жеттің бұл күнге,
Ана тілім, ардағым!

Жүректің қылын бұрадың,
Көзіңнің жасын бұладың.
Осылай жеттің бұл күнге,
Ана тілім, ардағым!

* * *

Тәуелсіздік төріне,
Тілім шықты өріне.
Кестелеп өрнек салады
Әсем сөзбен өріле.

КҮНШІЛДІК – МЕНІҢ КӨЛЕҢКЕМ

Ес білгеннен етектен еріп келеді,
Ағымды емес, қараны теріп келеді.

Бұрқыратып көлеңкем қара дауыл боп,
Бар ызғарды аямай төгіп береді.

Қара дауыл қара дақ сырттан үйген,
Көлеңкемнің сан ісін біліп түйгем.
Арылам ба, көлеңкем қалар ма екен,
Шаршайтұғын күні бір болар ма екен?!

Көлеңкемнің көріп жүрмін «төресін»,
Көлеңкемнің сезіп қалам өресін.
Басқан қадам, әрбір ашқан аузыңды
Күзетші боп аңдығанын көремін.

Тобықтан талай рет қағып қалған,
Аяқтан талай рет шалып қалған.
Қағылсам да шалынып сүрінгем жоқ,
Кезім жоқ көлеңкемнен қалып қалған.

Көлеңкем қара күйе жағып келеді,
Сыртымнан аямай сын тағып келеді,
«Адалдың арқаны ұзын» деген сөз бар,
Бір арқан жетегімен алып келеді.

Деген бар «Жақсыларға сөз ереді»,
Деген бар «Жамандарға бөз ереді».
Жаманмын ба әлде өзі жақсымын ба,
Білмеймін, соңымнан сөз көп ереді!?

* * *

Қалайша адам мәңгілік өмір сүреді?
Ойлансам толқи, тірліктің мәнді дерегі:
Көлеңке ылғи күн түскен жерде жүреді,
Бұлт басқан жердің болмаған оған керегі!

Күлия ДҮЙСЕНОВА,
Жүсіпбек Аймауытов атындағы
№54 мектеп-гимназияның мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сайрам ауданы,
«Қарабастау» ауылы.

КҮЛТЕГІН ЖЫРЛАРЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Күлтегін жырларымен хабардар ету, оларға тың мәліметтер беріп, білімді қалыптастыру, Білге қаған мен Күлтегін ерлігін дәріптеу; **дамытушылық** – жеке тұлғаны дамыту, талдау, салыстыра білу қабілетін дамыту, Күлтегін жырының өзіндік ерекшелігін, құндылығын бағалау, танымдық қызығушылығын дамыту; **тәрбиелік** –Күлтегін ерлігін үлгі ету, елін қорғауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакат, кітаптар. **Әдісі:** «Биоинформатика және синергетика» технологиясы, ауызша сабақ картасы.

Сабақтың барысы.

I кезең. Дағды қалыптастыру мақсатындағы сұрақтар:

1. Батырлар жыры дегеніміз не? 2.Ер Тарғын бойындағы адамгершілік қасиеттерді ата. 3. Ақжүністің сұлулығын баянда. 4. Шешендік сөздің жанрлық түрлерін ата. 5. Төле бидің кесенесі қай жерде? 6. Қаз дауысты Қазыбек бидің толғауы. 7. Төлеген кім? 8. Айтыс дегеніміз не? 9. Біржан сал өмірінің елеулі кезеңін ата.

Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналған. Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – **Күлтегін ескерткіші.**

II кезең. Тірек сөздер.

1. X ғасырда. 2. Орхон жырлары. 3. Жырдың. 4. Күлтегін батыр.

5. Білге қаған. 6. Гонькөк. 7. Алпамыс.

Тірек сөздерді есте сақтау үшін белгілі бір уақыт бөлінеді.

Норматив: 7 сөзге 30 секунд берілген уақыт өткен соң сөздер жабылады не өшіріледі.

Кімнің қанша ақпаратты есте сақтағанына көңіл аудару қажет.

Одан кейін тірек сөздерді мәтінен тауып, оқып шығуға тапсырма беріледі.

III кезең. Тікелей тақырыппен жұмыс. Ол үшін тірек сөздердің мағынасын ашып, өз ойын жеткізеді.

Орхон жырының негізгі ойы – елдің тәуелсіздігін, береке-бірлігін сақтауға шақыру.

IV кезең. Оқушы ізденісі, шығармашылығы. Тың мағлұматтар айтылады. Күлтегінге арналған ескерткіштің биіктігі – 3,15 метр, ені – 1,24 метр, қалыңдығы – 0,41 метр.

Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында қаған таңбалары бейнеленген.

V кезең.

Жырда Күлтегін бейнесі үнемі өсу үстінде болады. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түркі тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар.



Фатима МҰСТАФИНА,

Аяған Шәжімбаев атындағы

№3 Явленка орта мектебінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Есіл ауданы.

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ «ЛАШЫН» ӘҢГІМЕСІ

(5-сынып, 2-сабақ)

Сабақ мақсаты: а) жазушының өмірі, шығармашылығымен тереңірек таныстыру; ә) әңгіме арқылы қазақ халқында

«күсбегілік», «атбегілік» сияқты өнерлердің бар екендігінен хабар беру; б) балаларды қазақтың өнерін бағалай білуге, достықты қадірлей білуге баулу.

Әдісі: интерактивтік, практикалық әдістер (рөлдік ойындар).

Технологиясы: оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқыту (ассоциация, қолжазба күнделігі). **Көрнекілігі:** Сәбит Мұқанов портреті, лашын, дала үйрегі, қаз, дуадақ суреттері. **Құрал-жабдығы:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, қазақ тілі.

Сабақ барысы.

I. Психологиялық кезең.

Мұғалім Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін мәнерлеп оқиды.

*Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас бір ганибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сагадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші – тау басында, қағушы – ойда,
Іздің бетін түзетін аңдағанда...*

деген өлең жолдарында Абай Құнанбайұлы бүркітші мен бүркіт туралы осылай сипататпаған болса, бүгін біз Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесін ары қарай жалғастырамыз.

Үйге берілген тапсырманы сұрау:

1. Балалар, ақын-жазушымыз әрі жерлесіміз, көркем сөздің кемеңгері Сәбит Мұқанов жайлы не білесіңдер? (Әңгімелеп айтқызу)

2. «Лашын» әңгімесінің басты кейіпкері кім деп ойлайсыңдар? Мүмкін жауаптар: а) Балғабайдың Ахметі; ә) Лашын.

Тапсырма. Әр топ таңдаған кейіпкерлеріне ассоциация жасаңдар.

«Балғабайдың Ахметі» дегендер сол кейіпкерге портрет (топтау) жасайды.

«Лашын» дегендеріңіз лашынға портрет (топтау) жасау.

Оқулықтағы жазушының портретімен салыстыру.

Сұрақ. Ахмет «құсбегілік» өнерді қаншалықты меңгерген?
(Оқулықтан тауып оқу).

Балаларды термин сөзбен таныстыру.

Этнография деп халықтың байырғы тұрмыс-салтын зерттейтін саланы айтады. **Этнографиялық бұйым** немесе **кұрал** деп байырғы тұрмыс-салтта қолданылған заттарды айтады. Олай болса, осы әңгімеде этнографиялық бұйым бар ма? Әрине, бар. Ол – дабыл. **Құсты үркіту үшін қолдан жасалған дыбыс шығаратын аспап. Ертеде оны аңшылықта қолданған.**

Сұрақ. Лашын қандай құс іледі? (Үйрек, қаз, дуадақ)
(Әңгімелеп айту).

Тапсырма. Әр топ Ахмет пен Сәбит Мұқанов арасындағы диалогқа, қимыл іс-әрекетке көрініс жасау (дайындық 1 минут).

Сұрақ. Әңгіменің қай жері саған қатты ұнады? Неліктен?

Сұрақ. Жазушы бұл әңгіме арқылы нені айтқысы келді? Әңгіме жазудағы мақсаты, идеясы не деп ойлайсындар?

Сабақты қорыту.

Тапсырма. Қос жазба күнделігі

Бүгінгі сабақтан өзіме қандай ақпарат алдым?	Тағы нені білгім келеді?
.	.
.	.
.	.
.	.

Үйге тапсырма. 201-беттегі «Білгің келсе» деп аталатын жұмыс бойынша әңгіменің ішінен тұрақты тіркестер мен теңеулерді тауып келу.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: *білімдік* – ғасырлар бойы сақталып келе жатқан қазақ тілінің сөздік құрамына кіретін сөздер мен олардың қолданылуы туралы түсінік беру; *дамытушылық* – еркін сөйлей білуге, өз ойларын таза, еркін жеткізе білуге дағдыландыру; *тәрбиелік* – бір-бірінің пікірін тыңдауға, сыйлауға, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.

Әдістер: түсіндіру, талдау, ой толғау, пікір алмасу.
Көрнекілік: слайд, жыл мезгілдері суреттері, Абайдың өлеңдер жинағы. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, әдебиет.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру. Лексика бойынша тақтада ілінген сөздерді қатыстырып, шаттық шеңберін өткізу.

Көңілің **бұлақтың көзіндей** таза болсын! Таудың басындағыдай **биік армандарға** жете бер! **Қабағың ешқашан кірбің тартпасын!** Жүзің жайнай берсін! Көңілің **жаздай** жайдары болсын! Өзің сондай **әдемі, көркем** қызсың! **Жақсы мен жаманды** айыра біл! **Биік армандарға** жет!

Халқымыз «Денсаулық – зор байлық» деген, саған зор денсаулық тілеймін.

II. Сабақтың дәйексөзімен таныстырып, жаңа сабақты түсіндіру. Кітап – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы.

Ерте заманнан келе жатқан мүшел жылы есебінің қазақ өмірінде үлкен мәні болды. Қазақтар уақыт есебін мүшел жыл бойынша жүргізді. Мүшел жылы күн мен түннің көктемдегі теңелу кезі жиырма екінші наурызда ауысады.

Жыл он екі ай

Тышқан	1960	1972	1984	1996	2008	2020
Сиыр	1961	1973	1985	1997	2009	2021
Барыс	1962	1974	1986	1998	2010	2022
Қоян	1963	1975	1987	1999	2011	2023
Ұлу	1964	1976	1988	2000	2012	2024
Жылан	1965	1977	1989	2001	2013	2025
Жылқы	1966	1978	1990	2002	2014	2026
Қой	1967	1979	1991	2003	2015	2027
Мешін	1968	1980	1992	2004	2016	2028
Тауық	1969	1981	1993	2005	2017	2029
Ит	1970	1982	1994	2006	2018	2030
Доңыз	1971	1983	1995	2007	2019	2031

III. Жаттығулар орындау. 144-жаттығу. Суреттер топтамасындағы 21-сурет бойынша әңгіме құру (5-слайд).

Жазып болған соң әр оқушы өз жазғанын оқып, басқа оқушылар өз көзқарасын білдіріп пікір айтады.

Жыл мезгілдеріне тоқталып, слайд бойынша әр жыл мезгіліне Абайдың табиғат лирикасынан төрт өлеңін оқу.

145-жаттығу. Сөздерге қосымшаларын жалғап көшіріп жазу. 1. Мен жаз ... өзен... көп шомыл... . 2. Сен хайуанат... бағы ... бар ... ұнат...? 3. Біз... ауыл... маң... қалың ағаш өс... 4. Айжан жолдас... кітап бер... . 5. Таңертең күн шай... ашық бол Күн кеш... қатты өзгер Мен сабақ ... күн ... дайындал... кел... .

146-жаттығу. Мәтінді түсіне оқып, тіл туралы әңгімелесіп, мақал-мәтелдер айту.

Тіл қаруы – сөз, Сөз қаруы – ой. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле. Таяқ еттен өтеді, Сөз сүйектен өтеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылына орай оқушылармен ой бөлісіп, Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер айту.

Оқушыларды ортаға «**Жүректен – жүрекке**» шеңберіне шақырып, өз Отанына сүйіспеншілігін білдіретін сөздер айту.

Үйге тапсырма: жыл мезгілдеріне бір шумақ өлең не шағын шығарма жазып келу.

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
ҚазҰУ-дың доценті.

КӨРІКСІЗ ОЙДАН КӨРКЕМ ТІЛ ТУМАЙДЫ

*... Қисық тілді шығарма сақау
адам секілді, кәрі құлақты
кеседі, жас құлаққа жаман
үлгі болады.*

Ілияс Омаров.

Тіл – жанды құбылыс. Қоғам дамыған сайын оның сөздік қоры басқа тілден енген жаңа сөздермен, байырғы сөздердің жаңа қолданысқа түсуімен толығып, жетіліп отырады. Қоғамның саяси және экономикалық өзгерісі тілдің ұлттық сипатына әсер етпей қоймайтыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, сөздік қордағы толығымен жетілу бағытының мақсат-мүддесі тіл жанашырларының алдында күрделі мәселелер туындатады. Қазақ тілінің Мемлекеттік мәртебесінің құрметтелмеуі, қазақ пен қазақтың қазақша сөйлеспеуі, ғылым тілінің жаппай қазақиланбауы, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге құлықсыздығы секілді әзірге шешімі «күмәнді» көкейкесті мәселелер жаңа ғасырымызда да маңыздылығын сақтап тұр. Жазушы Марал Ысқақбайша айтсақ:

- ...Біздің ана тіліміздің мәртебесі үшін, оның тазалығы үшін күресіміз, тарих бетінде жазылып қалған деректерге қарағанда, анық он ғасырға созылған екен. Міне, бүгін біз XXI ғасырдың табалдырығын аттағанда бұл мәселе бұрынғыдан әлдеқайда өткірлеу қойылып, күн тәртібінде және тұр /Марал Ысқақбай. Он ғасырға созылған күрес немесе «екендік» деген сөз бар ма? Қазақ әдебиеті, 03.02.2006/.

Әрине, тіл тазалығы үшін күрестің ұзақтығы көңіл көншітпегенмен, оның үдемелілігі көңіл қуантады. Өйткені

жоқтаушысы, қамқоршысы бар тіл - өміршең. Бірақ тіл тазалығының деңгейі сөйлеу немесе ақпарат құралдарының тілімен ғана межеленбейтінін ескергеніміз жөн. Тілдің шынайылығы, құдіреттілігі, қадір-қасиеті көркем шығарма тілінде ғана айшықталады. Көркем шығарма өнер туындысы десек, сол туындыны сомдайтын, халықтың рухани азығына айналдыратын өзегі – тіл. Жазушының көрікті ойы көркем тілмен берілсе, суретпен образды оқырманның өзі-ақ сұрыптап алады. Өткен ғасырдың көркем шығармалары осындай құбылыстарға толы болды. Біз сөз тіркесі мен сөйлемдерден сурет көріп өскен оқырмандар қатарын толықтырдық. *Сұңғақ денелі, сұлу емес, сүйкімді, ұяң емес, ашық, ордаң емес, әдепті (Ғ.Мүсірепов), жыртық көз дәу қара; үмітпен ұйықтап, үреймен оянған (А.Нұрманов), мұрынын бет, құлағын ауыз етіп жіберу (Т.Нұрмағамбетов), әннің өлімі – өлім, аттың өлімі – қаза; елдің өңменіне бесатар кезену – еміп отырған үрпіні шайнағанмен бірдей (А.Сүлейменов), жұлығынан жұлынына дейін қыңыр (О.Бөкеев), екі көзі бірін-бірі көріп тұрған сияқты; жуан ерін табақ (Ж.Нәжімеденов), хан құшағында қалтырап жатқаннан гөрі құл құшағында құтырып шыққан (Ә.Нұрпейісов), малышы болса да итаршы болмаған кедей; өз ішінен үндемей тынып, уланып ойланды (М.Әуезов)* секілді оралымдарды тудырған жазушылардың талғам деңгейіне таңданатынбыз. Бұлардың бәрі – Абайдың қиыннан қиыстырған талғамы. Осындай талғампаздығы жоғары кезеңнің өзінде «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты конференция ұйымдастырылып, сексеннің сегізіндегі Ғабит Мүсірепов «Ана тілін анамыздай ардақтайық» деп баяндама жасаса, көркем әдебиет тілінің бүгінгі жай-күйін болжап, сол үшін алаңдағаны болар. Ол кезде көркем шығарманың тілі әдеби сынның басты назарында болды. Тілдік норма жазушы тарапынан қатаң сақталып, сыншы тарапынан қатаң бақылауда ұсталды. ХХІ ғасырдың көркем шығармалары мұндай ұстанымнан алшақтай түскен секілді. Дәлел ретінде жаңа ғасырдың оншақты жылы көлемінде жарық көрген үш әңгіменің тілін мысалға келтіруді

жөн санадық. Үшеуі де әр жылдарда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген. Біріншісі – Айгүл Кемелбаеваның «Тобылғы сай» әңгімесі /ҚӘ.18.02.2000/. Әңгіменің идеясы, тақырыбы, көтерген мәселесі туралы пікір айтудан аулақпыз. Әңгімедегі саналық қисынға үйлеспейтін ой мен тілдік нормадан ауытқыған тұстарды ғана талдап ұсынуды мақсат тұттық:

- ... Ол тамағы құрғағасын, жас пішеннің шетінде(?) жайғасып, дәм оралған дорбасын ашты. Ішінен ет пен бауырсақ, қияр мен сәбіз алып жеп, әлденіп, сусынға айран жұтты.

- ... Үлкен әтеш ұшып жеткенде(жас пішенге)әлдебір ұлы сағынышқа елтіп, дарқан даланың қасиетті түгіне аунап-қунайтын тәрізді.

- ... Бижан түнгі бірдің ұйқысына шомып,жарты сағаттай қалғып кетіпті.

-... Балам-ау, осының не(?), сандалып түнге дейін жүріп?!Шала ес болып өзіңді әрең таптық, тәуба,-деді анасы.

- ... бензин бензонасосқа мүлде жетпеді. Машина биік сайда (?) тоқтады... Шопыр тетігін біледі, тез жөндеп, жүрмей тұрған машинаға оталдырып, ауылға айдап келді.

Бұл үзінділердегі авторлық баяндаулардың көріксіз ойларға толы екендігіне әңгімені оқып шыққан әрбір оқырман төмендегіше уәж айтар еді:

- Тамағы құрғаған адам алдымен ет, бауырсақ, қияр, сәбіз (?) жемей, бірден сусын ішер еді ғой;

- Әтештің далаға деген ұлы сағынышы қайдан, қашан пайда болғаны таңғалдырады;

- Ұйқыға шомған кісі қалғымайды, ештеңені сезбей ұйықтайды;

- Баласының шөпке кеткенін білетін ананың «сандалып» жүр-сің деп ренжуі мүмкін емес қой;

- Бензині таусылған көліктің моторын ауыстырсаң да жүрмейтінін еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін біледі.

Жазушы қай ғасырдың оқырманына шығарма ұсынып отырғанын, әңгіме жанрына қойылатын талаптардың жоғарылығын өз деңгейінің өресімен өлшеген сияқты. Ой кереғарлығымен қатар

тілдік норманың барлық салада /лексикалық, грамматикалық, стильдік тұрғыдан/ бұрмалануы автордың ана тіліне деген «жауапкершілігінен» мағлұмат беретіндей. *Пейілі толысу, сап тиылған хош иіс, шалғынды тиеу, жас пішеннің шетінде жайғасу, биік сайда тоқтау, балапанын шұбату, есіл-дертіңді қаузау, терезесі жоқ есіктің саудырауы, байлап алып әкелу, бұлттың көгеруі, көзі атыздай болып бақыраю, т.б.* зорлықпен байланыстырған сөз тіркестері мен жасанды фразеологизмдер тілінді күрмейді.

Екінші әңгіме – Оразанбай Егеубаевтың «Тажалы» /ҚӘ.31.03.2006/. Әңгіме «Қап-қараңғы түн. Көзге шұқыса көрмейсің» деп басталады. Қазақтың көзге **түртсе көргісіз түні** ғой. Шығарманың басты тақырыбы – адамның жазықсыз аңдарға тажал болып келуі. Әңгіме әңгіме емес, ертегі тәрізді. Кейіпкерлері – Қоян мен Марал. Қоян болғанда қандай, «Бейберекет сүйісу, ақақай- уақақай, жезөкшелік оған керек жоқ. Момындықпен білместік жан иесінің түбіне жетеді. Оны да ескермейтін» қоян. «Қанағатшыл, қорықса ытқи безе жөнеледі. Қатерден қашу арқылы құтылуды білетін» қоян. Сөйте тұра, «Жол соққан болдырған адам осылай ұйықтайды. Қоян секіріп оның үстіне шықты. Тік тұрып сол жерде ана жақ-мына жағына қарауыл қарап алды. Бәрі де баяғыдай екен. Ыршып ұясының алдына түсті. Ыршимын деп аяғын серпе тепкенде ... екпіні ұйқышыны оятып жіберген» қоян. Адамның қолына түскенде «Қараңғы түнді қақпайыра баж еткен» қоян. «Қоянның құлын да-құлын шырқыраған жанталасты ащы шарылы бүйірдегі орманда бұзаулап жатқан маралды жүрегіне біз пісіп алғандай селк еткізді» деп Маралдың ғажайып әлеміне жетелейді. «Тобылғы сай» мен «Тажал» әңгімелері ой кереғарлығы жағынан бір-бірімен үндеседі. Екеуі де жаңа ғасырдың «жаңа қазақтарына» арналғандай. Екеуі де «Мен не деймін, домбырам не дейді?!»- нің кебін киген.

Марал да тегін марал емес. «Әлі де біле алмай тұр. Мынасы да ұрғашы бұзау еді. Тұңғышын қойып, екіншісі де балалы-шағалы болып кеткелі қашан. Әкесін қойшы, бүгін қасында сол балалары

мен жиендері де жоқ, Алды-алдына телім-телім кеткен. Дүние деген шіркіннің опасы осы болғаны ма?! Мұны ойлағанда жүрегі қасіреттен тілінгендей ойсырады. Ана көңілі – балада. Бала көңілі – далада», - дейтін марал. Автордың *бап- баяғысындай мамыражай, жауыз иіс емес, тағзы ұқсай да қалды, дамыл-дамыл толассыз, ағыл-тегіл төгіліп, мөлдір көзін жаутаң-жаутаң қайта-қайта қадап, сенделіп барып тұрып кетті* секілді қолданыстары көзге оғаштау көрініп, ... **сөз тіркестері мен сөйлем құрылыстары ыдырап, бір-біріне көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады** /Ғ.Мүсірепов/.

Әңгіменің үшіншісі – Серік Нұғыманның «Қамалы» /ҚӘ.11.03.2011/. Әңгіменің жазылу әдісі - өзгеше. Ешбір адамның есімі берілмейді. Сырттай таныс, іштей бейтаныс қыз бен жігіттің кездесуі, жігіттің отырған қалпындағы қыздың бейнесін ойша суреттеуі төңірегіндегі авторлық баяндау желісіне құрылған. Оқиға жоқ. Жігіттің іштей толқуы, толқи отырып қыз бейнесінен *қол жетпес бақытын көріп, төбесінің көкке екі-ақ елі жетпей* шаттануы. Қызымыз да *«...көптен бері арманына айналған ай маңдай ару. Екі көзін төмен салып уылжи үлбіреді»*. Жазушы адам баласының танымындағы шынайылық пен сезіктіліктің алмасу үдерістерін қарама-қарсы отырған екі адамның біреуінің санасынан өткеріп, екіншісін әңгіменің соңына дейін әрекетсіз отырғызса да, оқырман уақыттың қалай өткенін байқамай қалады. Бар болғаны мамандық төңірегіндегі бір сұрақтың екі рет қайталанып, бірі толық, екіншісі аяқсыз қалған жауап болмаса, қыз бен жігіт сөйлеспейді де. Бірақ оқырман екеуінің түсінісіп отырғанына сенімді. Жігіттің ойындағы бейнелеу қыз қалауынан шығып, *«Талайдан арман болған ақ дидарлы ажарлы жүз ақ маңдайын бері беріп, ешбір боямасыз, табиғи қалпында көз үйіріп күлімдеп отыр»*. Қыз портретін осы қалпында қалдырғанда әңгіме желісіндегі тіл көркемдігі қалыпты деңгейін сақтап, ой тұтастығы құбылмас еді. Егер *«Қабақпен қоса қарлығаш құйрық қасты да кері тартқанда, керіліп, кеңейе түскен жазық маңдай ашық,*

әппақ, кіршіксіз уыз жүзге ерекше әр беріп, айнадай айдындып, жарқыратып жіберінті» теңеуі болмағанда, қыз келбеттілігі солғындамас па еді. Қарлығаштың қанатына телініп келген дәстүрлі теңеу жазық маңдайдағы аспанға шапшыған қарлығаш құйрықты қасқа ауысқанда уыз жүзге әр бере қоюы екіталай-ау. Ай маңдай, жазық маңдай аруымыздың суреті «Пешененің етегіндегі сұрмелі қос доғаның қосылған тұсынан тік төмен ағып түскен жіңішке қыр мұрын тым сүйкімді, астындағы соңғы үлгідегі қызыл күлгін түске қаныққан ұйық ерінмен біте қайнасып уылжып тұр» бояуымен қанықтырылып, қарауға қымсынатындай күйге жеткен. **Маңдайына жазылған** немесе **пешенесіне жазылған** тұрақты сөз тіркесіндегі «**пешенені**» «**маңдаймен**» тікелей ауыстырып алу – қайталаудан қашудың жолы емес. *Қарлығаштың құйрығы қос доғаға* ауысқанын да оқырман қалт жібермейді. Теңеудің ең көріксіздігі – *мұрынның ерінмен біте қайнасып уылжуы*.

Міне, үш қаламгердің үш әңгімесіндегі тілдік нормаға қатысты түйткілдер осылай өрбиді. Сенгің келмесе де, шығарма мәтіні өзгермейді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы оқырмандарының тең жартысы оқығанның өзінде, қаншама жанның көңілінде күпті ой қалғаны белгілі. Әйтпесе, *сайдың биік емес, терең; балапанын шұбаты емес, шұбырту; көзі атыздай болудың өзі – бақыраю* екенін жазушы білмесе де, ана тілін ардақтайтын әрбір қазақ ажырата алады. Ауызекі сөйлеу тілі арқылы тіліміздің тазалығын сақтап қалу мүмкін еместігін ұғынған жөн. Ғылым тілі де ғылымы жетік елдердің тіліне жалтақтайды. Өйткені жаңалық атауы соны алғаш ашқан елдің тілімен аталады. Сол атауымен басқа елге тарайды. Тіл тазалығының шынайы үлгісін көркем әдебиет қана сақтап келген. Сөздік қордың сырлы құндылықтарын сөйлететін де көркем шығарма екенін білеміз. «Өзгелерді қазақша сөйлетеміз» деп жүріп, өзегіміз саналатын тіліміздің құдіреттілігіне көлеңке түсіріп алмайық, ағайын!

Марден КҰСАЙЫН,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының Ph.D докторанты.

КАМИ, ЖАПОНДЫҚ АНИМАЦИЯНЫҢ ТҮРКІ-АЛТАЙ ФОЛЬКЛОРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫНЫҢ БЕЛГІСІ

Анима (ағыл. сөзі animation - анимация) – жапондық анимация. Негізінде балаларға арналған басқа елдердің мультфильмдерінен бір ерекшелігі түсірілген анименің көпшілігі ересектер мен жасөспірімдер аудиториясына арналған және осының есебінен әлемге танымалдығы жоғары. Аниме сюжеттерінде жапон фольклорының және жапон құдайлары мен аруақтар әлемінің кейіпкерлері қатысады. Танымал жапон режиссерларының бірі, әйгілі анимелер құрастырушы Мамору Осии өзінің «Аниме гид» журналының тілшісіне берген сұхбатында былай дейді: «Адамдардың сенетін құдайлары, таным мен білім деңгейлері де әр түрлі, кімнің қабылдауы өткірлеу сол көп мәліметтер алады, ал кейбіреулері аз, сондықтан да көрермендер бір фильмді әр қырынан көреді..... Менің картиналарымда көп діндердің әр түрлі мифтік сюжеттері және Батыс пен Шығыс әдебиеті барынша көрініс табады» [№11, 2008, 28-б.]. Біздің ойымызша, Мамору Осиидің пікірі жапон анимациясындағы кейіпкерлер мен фольклорлық мотивтердің байланысын барынша аша түседі. «Жапон мәдениеті мен анимациялық киносына басқа халықтардың фольклорының әсері бар» деген сөз көбінде мойындалған болып табылады. Осы мәселе тұрғысында «Алтай мен Жапонияның рухани және материалдық құндылықтарының түп тамыры бір» деген жорамал мүлдем зерттелмеген. Дегенмен де, XVIII ғ. бергі гуманитарлық ғылыми айналымда Орал-Алтай тіл тобының және оның ішінде түркі тілдері мен жапон-рюкюск тілдерінің болғандығы айтылады. Қазіргі ғылымда бұл тұжырым С.Старостиннің [1] еңбектерінде бұлтартпас дәлелдермен нақтыланса, ал Р.Миллермен [2] танымал

теорияға айналды.

«Алтайлық» атаулардың түпкі тамыры Алтайға сілтейді. Біздің дәуірімізге дейін Алтайды Пазырық мәдениетінің өкілдері болған еуропалық тайпалар мекендеген, кейін олар Яеи (б.з.б. I мыңжылдықта) дәуірінде Жапонияға жылжыған. Пазырық мәдениеті «скифтік» текке жатады, оны дәлелдейтін заттай деректер Таулы Алтайдан табылған. Бұл мәдениеттің таратушылары Қазақстанның, Алтай Республикасының және Моңғолияның әр аймақтарында мекендеген [3]. Кейбір лингвистердің пікірінше, түркі және жапон-рюкюск тілдерінің туыстығы жорамал түрінде, тек сөз ұқсастығы болуында. Бірақ күмән тұғызбайтын бір нәрсе – Оңтүстік Сібір мен Жапон аралдарын ежелден мекендеген халықтардың мифтері, шамандық дүниетанымы мен фольклорлық кейіпкерлерінің діни-жоралғыларының ұқсастығы. Мұндағы ескеретін мәселе – халықтар мәдениетінің өнертанушылық және мәдениеттанушылық аспектілерінің салыстырмалы талдауында, нанымдық идеологиялық түсініктер мен діни мифтер басты мәселе емес, бастысы мифтік негізді құрастырушы мифологемалар болып табылады.

Мифологема ұлттық мәдени платформада әр түрлі формаларда, діни мәтіндерде, көркем әдебиетте, өнерде, жалпы кино өнерінде жиі кездеседі. Ежелгі мифологемаға жататыны – «жануарлар мен табиғат рухтары».

Ежелгі түркі-алтайлық наным бойынша, қоршаған табиғи құбылыстардың барлығының, яғни, әр заттың, тау мен судың, тас пен ағаштың, құс пен жануардың, жаңбыр мен найзағайдың болсын – бәрінің де өз рухы немесе иесі бар деп есептелген. Барлық табиғат атаулының өзінше тіршілік ететін, адамға ұқсамайтын өз иелері (қожайындары) бар. Бұл қожайындар адам сияқты ерекше ақыл иесі болса да, түр-әлпеттері ерекше антропоморфтық немесе зооморфтық келбетте болып келеді. Фольклорлық этика жеке адамның немесе тұтас бір рудың тағдырына әсері бар барлық рухтарға ерекше құрмет көрсетуді талап еткен. Бұған қатысты адамның табиғатқа шыққанда, яғни, таулы тайгаға, далалы және таулы-қыратты жайылымға шыққанда, киелі таулар мен оның маңайына барғанда ұстанатын көп ережелері болған. Мұндай жерлерде ұстанатын ережелер мен

адамдардың іс-әрекет қағидалары, адамдардың рух пен киелердің – жануарлар мен өсімдіктер әлемінің және табиғи орта иелерінің тыныштығын бұзбауды тыйым ретінде пайдаланған. Мысалы, тайга аңшыларына жануарларды көзсіз қырып-жоюға тыйым салған. Егер аңшы бірден бірнеше маралды өлтіріп шуласа, ұрсып айқайласа, онда ол тайга иесінің жазасына ұшырауы мүмкін. Ережелер бұзылған жағдайда алтайлықтар құрбандықтар шалумен және дұғалармен әр түрлі салт-жоралғылар (камлания) жасаған. Кез келген бақытсыздық (ауру, өрт, құрғақшылық, аңшылықтағы сәтсіздіктер, өлім) аруақтардың немесе рухтардың жазасы ретінде қарастырылған. Алтайлықтардың түсінігі бойынша, аруақтар мен рухтар жамандықтың алдын алу үшін адамдардан алдын ала сыйлықтар мен өтеулер күткен [4].

Әлем бәйтерегі (*arbor mundi*, ғарыш бәйтерегі) – мифопоэтикалық санадағы әлемдік үлгі концепциясының рәмізі. Әлем бәйтерегінің бейнесі өмірде нақты мәнінде немесе ауыспалы нұсқасында «өмір бәйтерегі», «құнарлылық бәйтерегі», «әлем бәйтерегі», «өрлеу бәйтерегі», «аспан бәйтерегі», «бақсылық бәйтерегі» деп аталады. Бәйтерек тігінен үш негізгі Ғаламдық бөліктен тұрады. Бәйтеректің жоғарғы бөлігі – аспан әлемі, орталығы – ортаңғы әлем, төменгісі – жерасты әлемі немесе өлілер әлемі [5].

Әлем Бәйтерегінің үш бөлікті (Төменгі әлем, Ортаңғы әлем, Жоғарғы әлем) құрылысы пұтқа табынушылық мистикасындағы алтайлықтарда қама ретінде айтылатын – шамандармен ерекше байланысты. Камалар ырғақты қимылдар мен дауыстай оқылған дұғаларды қолданған кезде және олармен бірге осы салт-жоралғыларға қатысып отырғандардың психикасында саналы және санадан тыс жұмысының белсенділігі артып, сананың әр деңгейлі өзгерістерге ұшырауына әкеледі. Мұндай жағдайда, камалардың айтуынша, олар жан-жануарлар мен адамдардың, табиғаттың рухтарымен байланысады, яғни, түркінің «қама – рухтармен байланыстырушы» және жапонның «ками – рух» сөздерінің мағынасы мен фонетикалық жақындығын көреміз.

Түркі-алтай халықтарында рухтар жануарлар бейнесінде көрінеді. Бұған нақты мысал – Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасындағы және 1976 ж. «Қырғызфильм» студиясында қыр-

ғыз режиссері Болотбек Шамшиев түсірген, әдеби шығарма мен кино өнеріне арқау болған Бұғы тайпасының рухы – Ана-бұғысы. Бұғы бейнесіндегі орман рухы режиссер Хаяо Миядзакидің 1997 ж. түсірген толықметражды «Мононокэ ханшайымы» атты аниме-фильмінде де көрсетілген. Бұл орман рухы (иесі) өлім мен өмір сыйлайды. Оның қаны кез келген ауруды емдесе, басы мәңгілік өмір береді. Түнде аруаққа айналып, адамдар атайтын Түнгі кезбе, ал таң атқанда басында оншақты мүйізі бар бұғыға айналады. Ә.Хайдаровтың («Қазақфильм», 1968 ж.) «Ақсақ құлан» мультфильміндегі құланды ханның баласымен байланыстырады. Бір қызығы, режиссерлар көркем және анимациялық фильмдерінде тарихи аспектілерге емес, оның этикалық және эстетикалық мазмұнына мән береді. Б.Нөгербек фольклор мен анимация арасындағы байланысты қарастырғанда суретші-мультипликатор анимациялық образдарды жасауда белсенді түрде, фольклорлық жанрға тән анық эстетикалық тәсілдерді қолданылатын атап өткен (6.178). Түркі халықтарының киносында, жапон киносында да зооморфтық рухтар маңызды орын алады. Мәселен, 2005 ж. “Bran’s Base” студиясында режиссер Кодзи Масунари түсірген «Богиня-школьница» фильмінде тек жасөспірім Юриэ Хитоцубамидің рухымен бірге Сика атты бұғының да рухы бар.

Жапон аралдарындағы басты және ежелгі мифологемалармен ежелден байланысып келе жатқан табиғат рухтары – камилар болып табылады. Жапондықтар табиғат рухтарын ландшафтарына қарай атаулар берген: «дала құдайы», «тау құдайы», «теңіз құдайы» «найзағай құдайы», бірақ бұл камиларды құдайлар деп атау қиын. Жапон табиғат рухтарының да көп діндердегі сияқты түрі адам кейіптес және өз аты бар. Олардың да жеке ерекшеліктері бар, адамдар сияқты көбейеді, кірпияз, әдет-қылықтары бар. Әр көктем сайын «тау камиі» (ямо-но ками) далалы алқапқа түсіп, «дала камиіне» айналып күріш алқабына қамқорлық жасайды. Астықты жинаған соң өз жағына кетіп, келесі көктемге дейін «тау камиіне» айналады. Суармалы күріш алқабынан мол астық өнімін алу «су камиінсіз» (суй-дзин) мүмкін емес, бұл ками өзінің құбылысымен «дала камидің» мінезіне ұқсас. Таудан ағатын өзеннің бастауын басқаратын «суды әр жаққа таратушы ками» (микумари-но ками) осы құбылыспен бірге тау камиімен тұтасады. Мұнымен

қатар нақты бір аумақты қорғайтын әр бөліктің өз камиі – «жер иесі – камиі» (дзинусигами) бар. Егер адам ками иеленіп отырған жерді пайдаланғысы келсе, алдымен камидің ризалығын алу және тыныштандыру рәсімдерін жасауы керек. Қазіргі күнде де Жапонияда кез келген құрылыс жұмыстары, атом электростанция мен ғарышжай салу үшін алдын ала «жер иесінің» («Жер құдайы») ризалығын алу мен тыныштандыру рәсімдерін жүзеге асырады. Ал өзінің нәпақасын теңіз кәсібінен табатындар үшін теңіз түбінде тіршілік ететін «теңіз камиі» басты болып табылады. Ерекше құрметтелетін «жел камиі» мен «күн күркіреу камиінің» басқа көне камилерден айырмашылығы олардың өздеріне тән сипаттары мен ерекше артықшылықтары бар.

Алтай қоныстанушылары бүкіл табиғаттың өздері табынатын және мейірім күтетін рухы мен иесі бар екеніне сенген. Рухтар әдетте адамның кейпінде немесе киелі жануар түрінде болады. Мәселен, Алтай рухы (иесі) – Алтай-Құдай – ақ тұлпар үстіндегі ақ киімді, ақ сақалды ер адам; шипалы бұлақтың иесі – қыз бала (бойжеткен, әйел адам); орман иесі – ер адам; таудың иесі марал (бұғы) кейпінде болуы мүмкін [7].

Ками анименің сөзсіз белгісі ретінде, жапон мифологиясында басты кейіпкер ролінде жиі кездессе, кей кезде мифологиялық сананың табиғи жемісі ретінде елеусіз қабылданбай қалатын кездері де болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Старостин. Алтайская проблема и происхождение японского языка. М., 1991.
2. R.Miller. Japanese and the other Altaic languages. Chicago, 1971.
3. Пазырыкская культура // Википедия. <http://ru.wikipedia.org/wiki>.
4. Фольклор: Духи Алтая. http://folkler.ru/skazki/duhi_altaaj
5. *Мифы народов мира*. М., «Советская энциклопедия», 1-Т, 1980, 398-405-б.
6. Б.Ногербек. Анимация и фольклор // На экране «Казахфильм». А., «RUAN», 2007, 178-б.
7. Духи Алтая (духи гор, воды, культ огня, Алтайские шаманы // <http://www.ded-altai.ru/putevye-zametki/>.

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 03.09.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4366.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2012 ж., 144 бет, Алматы.